In the article the actual problems of United Nations Organization peace-making activity are disclosed: achievement of mutually beneficial political agreements, financial and normative legal peace-making missions providing, coordination of actions of international organizations raising of taken decisions effectiveness, training of peace-making personnel and raising the level of its functional readiness.

## ТЕРРОРИЗМ ТҮСІНІГІ, ОНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ МЕН ТҮРЛЕРІ

**Құрманиязов Р.,**
«Қазақстан тарихы және құқық» кафедрасы магистранты,
«Қайнар» Академиясы

*Мақалада терроризм түсінігі, оның қалыптасу тарихы мен түрлері қарастырылған.*
***Түйін сөздер:*** *Халықаралық терроризм, террор, террорлық акт, терроризм.*

«Халықаралық терроризм» ұғымы «террор», «террорлық акт» деген түсініктермен тығыз байланысты. Құқықтық әдебиеттерде терроризм түсінігінің нақты және жан-жақты қабылданған ортақ анықтамасы жоқ. М.Бассионин мен В.Нандидің редакциясынан шыққан «Халықаралық қылмыстық құқық» трактатында терроризмнің жалпы құқықтық түсінігін қалыптастыру бұл сөздің террор мен варварлық, қорқыту, сонымен қоса бірқатар өзге де қинау әрекеттерін қамтитынымен байланыстырады. «Террор» сөзі латын тілінен енген (terror – қорқыныш, қорқу деген мағынада). Сол сияқты terror ( ағылшын), terruer (франц.) сөздері де осындай мағнаны білдіреді. В. Маллисон терроризмге келесідей анықтама береді. Террор – жария және саяси мақсаттарға жету үшін шектен тыс қинау-азаптау және қорқыту әрекеттерін жүйелі қолдану. Олардың пікірінше, террор саяси мақсат-мүдделерің шешілу құралы. Терроризм – қорқынышты біртіндеп тудыру мақсатымен жеке немесе бірнеше топтың қинау әрекетін ұйымдастыру деген қорытындыға келеді.

Халықаралық терроризмнің түсінігіне келетін болсақ, ҚР Терроризммен күрес туралы заңына сәйкес, Халықаралық терроризм бір мемлекеттің шегінен шыққан террорлық әрекет. Алайда бұл анықтама толық емес. Халықаралық терроризм анықтамасына байланысты бірқатар батыс ғалымдары өз пікірлерін білдірді. Жоғарыда аталған «Халықаралық қылмыстық құқық «трактатына сәйкес халықаралық терроризм бүкіл адамзаттың тыныштығы мен қауіпсіздігіне қатар төндіру, жалпы қоғамдық ар-ұятты және адамзат қадір-қасиетіне бағытталған әрекеттер. Сонымен қоса бұл әрекет мемлекеттік және саяси ұстанымға кері әсерін тигізеді, адамдардың зақымдануы мен өліміне алып келеді, көптеген материалдық шығынға ұшыратып, территориялық зақым әкеледі. Солтүстік Африка Республикасының зертеуші ғалымы Дж.Дугардтың пікірінше, халықаралық терроризм-халықаралық қатынасты үзуге әкелетін саяси өзгерістерді тудыру мақсатындағы қинау-азаптау және халықаралық қауымдастықтың қажетті тәртіптік нормаларына қарсы әрекеттер. Бұл жерде ол халықаралық саяси жүйеден байланысты үзуге бағытталған және халықаралық мораль мен құқыққа қайшы әрекеттерді айтып отыр. Алайда, халықаралық терроризмнің ішінде халықаралық криминалдық терроризм деген түсінік бар, яғни халықаралық ұйымдасқан топтың мүшелері әлдебір саяси мақсаттарды емес, өзге елдегі бәсекелес ұйымға бағытталған қинау-азаптау әрекеті. Ю.Динстейн деген Израильдік ғалым терроризм,соның ішінде халықаралық терроризм әдетте саяси мақсатты көздесе де қарапайым тұрғындар тобына бағытталады дейді. Халық арасында үрей тудыру арқылы мақсат құралды ақтайды деген принципке негізделеді дейді. Яғни қылмыс мол қорқынышты тудырса,сол террористер үшін оңтайлы жол болып табылады. Американдық ғалым М.Томкоч кез-келген терроризмнің түрі саяси

мақсатты көздей бермейді дейд. Оның ойынша, терроризм анархизмнен жоғарырақ түсінік және адамзат өмірін жоюға бағытталады. Ол варварлық әрекеттің бір түрі деп санайды. Халықаралық терроризмнің саяси мақсатта жүргілу белгісі 1972 жылы Қылмыстық құқықтық ғылымдардың дамуы Халықаралық институтымен ұйымдастырылған Халықаралық терроризмге байланысты үшінші Халықаралық симпозиумның қорытынды құжатында көрініс алды. Бұл құжатқа сәйкес халықаралық терроризм дегеніміз-халықаралық қатынас пен халықаралық қорғаудағы объектілерге бағытталған жеке немесе топтардың қинау-азаптау әрекеттерімен бірге жүретін нысаналы әрекеттері. Мұндай террорлық акт белгілі бір мемлекеттің саяси, экономикалық құрылысын, территориясының құқықтық статусын өзгертуді мақсат етіп алады делінген.

Терроризмнің келесі белгісі, оның күштілік сипатында. ҚР Қылмыстық кодексінде терроризмнің елеулі белгілері ретінде адамдардың қаза болуы, елеулі мүліктік зиян келтіру, не қоғамға қауіпті басқа зардаптардың болу қаупін төндіретін жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге де іс-әрекеттерді жасау, егер осы іс-әрекеттер қоғамдық қауіңпсіздікті бұзу, халықты қорқыту не мемлекеттік органдардың шешім қабылдауына ықпал ету мақсатында жасаса, сондай-ақ аталған іс-әрекеттерді дәл сол мақсатта жасаймын деп қорқыту. Сонымен қатар терроризм есірткі және қару жарақ контробандасы, радикалды идеологиялардың насихатталуымен бірге жүреді.

Терроризм әрқашан адамзаттың дамуымен қатар келе жатыр. Біздің заманымыздың бірінші эрасында Иудееде Римдіктермен қызметтес еврей өкілдерінің көзін жоятын сикари сектасы болған. (Сика – қысқа қылыш немесе пышақ деген мағынаны білдіреді). Сонымен қатар Фома Аквинский және христиан шіркеуінің қызметкерлері халыққа қастық қатынасы бар ел билеушілерін өлтіру идеясына да жол берген. Орта ғасырда ассошафи мұсылман сектасының өкілдері префектер мен калифтерді өлтірген. Осындай уақыттар аралығында Индия мен Қытайда кейбір құпия қауымдастықтар саяси терроры қолдаған болатын. Иран, Ауғанстан және өзге мемлекеттерде исмаий сектасы суннитгік бағыт өкілдері мен басшылары үшін үлкен қорқыныш тудырған екен. Олардың көзін жою мақсатында секта өкілдері жетілдірілген шараларды қолданған көрінеді. 1848 жылы неміс радикалы Карл Гейнцген саяси күресте адамды өлтіруге тыйым салу мүмкін емес және жүздеген, мыңдаған адамдарды физикалық оқшалауды «адамзаттың жоғарғы мүдделері» арқылы жүзеге асырудың ақталатынын дәлелдеп берген. Осы тұрғыдан алғанда Гейнцгенді жаңа ғасыр терроризм теориясының негізін қалаушы деп айтуға болады. Оның ойынша, реакциондық әскердің күші мен тәртібіне қарсы аз ғана адамдар тобының максималды хаос тудыру күші бар қаруды қою керек. Бұл өзіндік «Бомба философиясы» болып табылады. Аталмыш концепция он тоғызыншы ғасырдың 70-жылдары анархистармен ұсынылған. Оған сәйкес Үкіметке қысым көрсету сөзбен емес, тек қана террорлық әрекеттер арқылы жүргізу керек. Он тоғызыншы ғасырдың соңында Европа мен АҚШ-та терроризмді насихаттауды белсенді жүргізген Иоган Мост. Ол «варварлық жүйемен күресудің варварлық құралдары болуы керек» деген қағиданы үнемі басшылыққа алған.

Он тоғызыншы ғасырдың ғасырдың орта шенінде терроризм қоғамдық өмірдің тұрақты фактарына айналды. Оған мысал ретінде Ирландия, Македония, Сервия радикалды ұлтшылдарын, токсаныншы жылдардағы Франциядағы анархистарды, орыс, Италия, Испания, АҚШ-тағы осы тектес қозғалыстарды келтіруге болады. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін терроризм солшылардың құралы саналып келген. Алайда, істің мәніне келгенде бұл құралды ешқандай саяси платформасы жоқ индивидуалистер, сонымен бірге солшылдардың ұлтшылдары ғана емес, социалистік көзқарасты ұстанушыларды да қолданған. Соғыстың аяқталуымен терроры оңшылдар қолдана бастады. Германия, Франция, Венгрия национал-сепаратистерімен фашистік қозғалыстарын, Румынияның «темір гвардиясын» мысалға алуға болады. Сол кездегі аса ірі теракті ретінде 1919 жылғы Карл Либкиехт пен Роза Люксембургтың өлімін, Югаслав королі Александрдың, 1934 жылы француз премьер-министрі Бартудың өлтірілуін айтуға болады. Бұл қозғалыстардың негізінде әртүрлі идеологиялық платформа бар еді, ал іс жүзінде барлығы «бомба философиясы» мен «әрекетпен насихаттау» доктриналарын басшылыққа алған.

Жиырмасыншы ғасырда терроры қолдану ниеттері ушыға басталды. Егер де орыс халық еріктілері, алғашқы марттықтар және эсерлер терроры қоғамның игілігі үшін жасалған өзіндік құрбандық деп санаса, ал «қызыл бригада» үшін ол өзіндік қалыптасу құралы мен әдісі деп танылған.Фашистер мен неонацистердің «қызыл террор», «қара террор» сияқты әрекеттері халық еріктілерінен аса алысқа кетпейді. Әрине, бүгінгі күні терроризмнің мақсаты –билікті алу және қоғамның игілігі туралы сөз болуы тіпті мүмкін емес. Жиырмасыншы ғасырда терроризм мемлекеттік деңгейге ауысты. Бұл уақытқа дейін олай болып келмеген. Террорист мемлекеттер өз азаматтарын мемлекет ішінде заңсыздық арқылы үнемі әлсіздік пен күшсіздіктің астына

алғанының өзіне ьарих куә. Сонымен қоса ол мемлекет шегінен шығып, өзге мемлекеттерге сондай өктемдік жүргізуге тырысқан-ды. Оған фашистік Германия тарихи дәлел бола алады. Соңғы жылдары АҚШ-тың халықаралық аренадағы әрекеттері де террористік әрекеттерге әбден ұқсас.

КСРО құлағаннан кейін бандиттік дәстүр бұрынғы кеңес одағы, кеңестігінің біраз аудандарында тамырын жайды. Грузия, Азербайджан, Молдова, Таджикистан, Қырғыстан т.б мемлекеттерде негізгі мақсатқа жеткісі келетіндер әртүрлі қинау, азаптау әрекеттерін қолданды. Бұл таңда терроризм өзінің салдары мен үрейлілігі, қауіптілігімен қоғамдық, саяси, моральдық мәселелер тудыра отырып, адамзатпен бірге жиырма бірінші ғасырға аяқ басып келеді. Терроризмді ішкі, халықаралық және мемлекеттік деп түрлерге жіктеуге болады. Алғашқы екеіне алдыңғы тармақта сипаттама берілді. Мемлекеттік терроризм нақты бір мемлекеттің террорлық әрекетті жүзеге асыру ниетімен сипатталады немесе сол мемлекеттің басқару формасы қинау-азаптау әрекеттері арқылы жүргізіледі. Оған тарихи мысал ретінде Фашистік Германияны келтіруге болады. Ал бүгінгі таңда мәселе қандай? Қазіргі заманда кейбір мемлекеттер терроризмге қолдау, демеу беріп отыр. Кейбір террористік ұйымдар мемлекеттермен қаржыландырылады.

Бірқатар Ресей ғалымдары мен шетелдік зерттеу орталықтарының зерттеулеріне сүйенсек, терроризммен күрес саласындағы бюджет жыл сайын 5-20 млрд. АҚШ долларын құрайды. Соңғы террористік актіден болған адам және материалдық шығындар Солтүстік Ирландия, АҚШ, Ресей, Кения, Танзания, Жапония, Аргентина, Индия, Пакистан, Алжир, Израиль, Египет, Туркия, Албания, Югославия, Колумбия, Иран және Оңтүстік шығыс Азия мемлекеттерінде көрініс алды. Ақпарат таралуының жаңа жолдары мен қару жарақтың жаңа түрлерінің пайда болуы терроризмнен қорғанудың әдістерінің мәнін жояды. Сонымен қатар, ұлтшылдық, религиоздық, этникалық қақтығыс, сепаристік және азаттық қозғалыстары терроризмнің нысанын кеңейтіп отыр.

Бірнеше жылдар төңірегінде террористік белсенділіктің эпицентрі Латын Америка елдерінен Жапония, ФРГ, Туркия, Испания, Италия елдеріне қозғалыс тапқан. Бір уақытта әртүрлі ықпал деңгейімен террорлық әрекеттер орын алды. Мысалы, Англия мен Солтүстік Ирландияда ИРА террористік ұйымы, Испанияда ЭТА террористік ұйымы. Палестина, Азраиль террористері, Африка мен Азия, сонымен бірге АҚШ-тағы террористік ұйымдар үлкен қарқынға ие бола бастады. Соңғы жылдары Қиыр шығыстағы «Хамас» және «Хезболлах» ислам-әсери террористік ұйымы, Индонезияданы сикхтардың террористік қозғалыстары мен топтары, Алжирлік террористер мен «Аль-Каида» әрекеттері ушыға түсуде.

Бүгінгі күні терроризм тек қана жалғыз диверсанттар, ұшақтарды айдап кету, кісі өлтіруші камикадзелер ғана емес. Бүгінгі күні терроризм ірі маштабта жасақталған аса қуатты құрылымға айналып отыр. Ауғанстан, Таджікстан, Косова, Чечня мысалдары олардың, яғни террористік ұйымдар мен топтардың донорлары және қорғаушылары бар екенін, сонымен қоса олардың диверсиондық террористік соғысқа дейін жету мүмкіндігін көрсетеді. Сондай ұйымдардың ірілеріне тоқталып өтсек. Хамас (Исламдық қарсылық көрсету қозғалысы). Бұл ұйым 1987 жылы Палестиндік «Мұсылмандық ағайыншылдық» ұйымынан бөліну арқылы пайда болған. Олардың негізгі мақсаты – Израиль мемлекетінің орнына исламдық Палестина мемлекетін орнату. Осы мақсатқа жету жолында ұйым мүшелері саяси және аса қатігездік, зорлық-зомбылық әдістерді қолданды. Хамас нақты құрылымға ие емес. Ішіндегі кейбір топтар мешіт, әлеуметтік қызметпен байланысты мекемелерде ашық қызмет етеді. Бұл жерлерде жаңа мүшелер қабылдау, ақша қаражаттарын жинау, әр түрлі шараларды ұйымдастыру мен үгіт насихат жұмыстарын жүзеге асырады. Негізгі күштері Газа және Батыс жағалауда орналасқан. Соған қарамастан, Хамас мүшелері бейбіт саяси өмірге де араласады. Мысалы, бұл ұйым Сауда Палатасының сайлауына өздерінің үміткерлерін ұсынған. Хамас ұйымының мүшелері, әсіресе «Иззэль Динэль Куассам» әскерилендірілген тобының мүшелері Израильдің көптеген азаматтық және әсери объектілеріне қастандық жасаған. Сонымен бірге палестиндік ортасындағы коллаборационистермен бәсекелес Фотах ұйымының мүшелерін өлтірген. Негізгі күштің жалпы саны белгісіз. Алайда бұл ұйымның он мыңдаған жақтаушылары бар. Бұл ұйым көбінесе қоршалған территорияда әрекет әтеді, сонымен қоса Израиль, Иордания территорияларында да террорлық актілерін толастатар емес. Қаржылық көмекті шетелде тұратын Палестиндіктерден, Ираннан, Сауд Арабиясының жеке тұлғаларынан алады. Кейбір қаржы жинау және үгіт-насихат жүргізу жұмыстары Батыс Еуропа мен Америкада жүргізілетін көрінеді.

Хэсболла (құдай ұйымы). Бұл ұйым исламдық джихат, революциялық әділдік ұйымы, жердегі азап көрген тұрғындардың ұйымы және Палестинаны босатуды жақтаушы исламдық джихат деген өзге атаулары бар. Ливанда құрылған радикалды шиидтік топты құрайды. Негізгі мақсаты – Ливанда Иран типтес Ислам республикасын құру және бұл ауданда кез-келген Ислам еместік әсерден оқшауландыру. Антибатыстық және антиизраильдік ұстанымды ұстанады. Иранмен өте тығыз байланыста және оларда көбінесе дерективтер алып отырады. Алайда, зорлық-зомбылық әрекеттерін Тегеранның қолдауынсыз ақ жүзеге асыра береді. Бұл ұйымның АҚШ бағытталған террорлық әрекеттерді ұйымдастырды деуге дәлелді фактілер бар. Мысалы: АҚШ елшілігіндегі өзін-өзі өлтірген террористің ауыр көлікті жаруы, 1983 жылы Бейруттағы АҚШ теңіз пихоттасындағы казарманың жарылуы, 1984 жылы АҚШ-тағы елшіліктің жарылуы. Ұймның қатысушылары АҚШ азаматтарын кепілге алу фактісі де бірнеше рет тіркелген. 1992 жылы Аргентинада Израиль елшілігін жаруына да қатысы бар. Құрамында бірнеше мың адам бар. Бекаа шатқалы мен Бейрут, Ливанның оңтүстік аудандарында оқшауланған. Ұйымның бөлімшелері Еуропа, Африка, Оңтүстік Америка, Солтүстік Америкада да бар. Негізгі көмекті Иран мемлекетінен алады. Бұл тек қана қаржылық көмек емес, тіпті қару жарақ жарылғыш заттар дайындау, сонымен қоса саяси, дипломатиялық және ұйымдастырушылық жағынан да кеңес беретін көрінеді.

Талибан қозғалысы. 1994 жылы пайда болды, негізгі әскери құрамы 30-60 мың адамды құрайды. Орталық Азия үшін аса үлкен қауіп төндірген АҚШ-тағы 2001 жыл 11 қыркүйектегі жарылысты ұйымдастырушы әйгілі №1 террорист Усама Бен Ладен осы ұйымның белсенді өкілі. Алайда, осы қозғалыстан туған Аль-Каида террорлық ұйым әрекеттерін толастатар емес.

Терроризм халықаралық, глобальді мәнді иемденді. Тіпті салыстырмалы түрде қарасақ бұл әрекет локальді болып табылған еді. Жиырмасыншы ғасырдың 80-90 жылдары ол әмбебеп феноменге айналып отыр. Бұл жоққа шығарылмайтын факт. Бұл феномен әр түрлі сала бойынша халықаралық байланыстың кеңеюі және ғаламданумен байланысты. Көптеген террористік ұйымдар мен топтардың болуына қарамастан, олардың қатарына ықпалдасушы құралымдар бар, тіпті демеуші мемлекеттер де орын алған. Әлмедік қауымдастықтың алаңдаушылығы террордың зардап шеккендер және материалдық шығынмен байланысты. Бүгінде жаңа технологияның дамуы, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі, компьтерлік желілердің өркендеуі, зорлық-зомбылық пен қатігездікті насихаттайтын ақпарат көздерінің дамуы террористер үшін жау шапқандағы ашық қамал сияқты. Терроризм ұшқынан ешкім сақтандырылмаған. Тіпті ол дамыған ел болсын, әр түрлі саяси режим мен мемлекеттік құрылымға қарамастан бәріне ортақ қауіп төндіреді.

**Қолданылған әдебиеттер:**

1. Cassesse A. Terrorism, Politics and Law. Cambridge: Polity Press, 1989. 31p.
2. Петрищев В. Е. Антитеррористическое законодательство за рубежом // Современный терроризм: состояние и перспективы / Под ред. Е. И. Степанова. – М., 2000. – 352 б., -357 б.
3. Витюк В.В., Эфиров С.А. «Левый» терроризм на западе. История и современность. М.: Наука, 1987. – 196 б – 198 б.
4. Ферро М. Терроризм. В. Опыт словаря нового мышления. М.: Прогресс, 1989. – 314 б.
5. Александров И. Исламский фактор в подрывной стратегии. М.: Мысль, 1986. – 42 б.
6. Жданов Н.В. Исламская концепция миропорядка. – М.: Международные отношения, 2003. – 421 б. -425 б.

**Резюме**

В статье рассматривается понятие, история становления и виды терроризма.

**Summary**

In article the concept, history of formation and types of terrorism is considered.

# РОЛЬ ГОРОДА ОМСКА В ПОДГОТОВКЕ КАЗАХСКОЙ НАУЧНОЙ И ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ (1930-1950 гг.)

**Кудайбергенова Ж.А.,**
д.и.н., доцент КазНПУ имени Абая

*В статье показана значительная роль Омских сельскохозяйственных и педагогических учебных заведений в подготовке кадров казахской интеллигенции. В ней отмечается, что ещё до Октябрьской революции в учительской семинарии учились видные деятели казахской интеллигенции: С. Сейфуллин, М. Жумабаев, С. Садвакасов. В советское время здесь получили высшее образование академик Ш. Шокин, Я. Аубакиров и другие. Основная часть статьи посвящена выпускникам-казахам Омского педагогического училища разных лет. В заключении отмечается, что в современных условиях продолжается сотрудничество в области образования и культуры между двумя независимыми государствами.*

***Ключевые слова:*** *Омск, казахская интеллигенция, педагогический институт, учительская семинария, училище, наставник*

Город Омск, 300 летие которого отмечается в этом году, занимает особое место в истории казахского народа. В одно время он был центром не только Западной Сибири, но и обширной казахской степи. Казахи, ныне проживающие в Омске и области, являются коренными жителями этого региона. С русским народом они жили бок о бок во взаимопонимании с давних времен, как говорили казахи «атам заманнан». Здесь получили образование в ВУЗах и средних учебных заведениях представители казахской интеллигенции, формировалась их гражданская позиция. Как известно, в Омском кадетском корпусе в 1847-1853 гг. учился выдающийся казахский учёный, просветитель, оставивший глубокий след в изучении истории, этнографии, географии Центральной и Средней Азии, Южной Сибири и Казахстана Ч.Ч.Валиханов.

И в советское время Казахстан направлял в Омск казахскую молодежь для получения высшего образования. Вот несколько примеров о казахской молодежи, обучавшейся в 1930-е гг. в вузах г.Омска. Следует отметить, она в основном получала высшее образование в сельскохозяйственном и педагогическом институтах города.

Например, в 1934-1937 гг. студентом гидротехнического факультета Сибирского сельскохозяйственного института им. С.М. Кирова был Чокин Шафик Шокинович, который впоследствии стал крупным ученым Казахстана, президентом АН КазССР. Он является основоположником энергетической науки Казахстана, обладателем высшей награды Казахстана «Халық Қаһарманы». В 1930-1934 гг. в Сибирском сельскохозяйственном институте на землеустроительном факультете учился Абишев Айтбай, государственный деятель, депутат Верховного Совета КазССР двух созывов, первый заместитель председателя Кокшетауского облисполкома, первый землеустроитель республики. Омский сельскохозяйственный институт и его аспирантуру окончил Сеитов Зулкарнай, участник Великой Отечественной Войны, заслуженный деятель науки, кавалер ордена «Отечественная Война» второй степени и ордена «Красная Звезда». Этот институт в 1959 г. окончил также и Смагулов Шаймурат, доктор экономических наук и некоторые другие. Академик Аубакиров Яхия Аубакирович, доктор экономических наук, бывший проректор КазГУ им.Аль-Фараби был выпускником исторического факультета Омского педагогического института 1949 г. В разные годы в пединституте обучались ветеран Великой Отечественной войны Сейсім Муканов, дочь алашординского деятеля Кошке Кеменгерова – Зоя Кеменгерова.

В получении среднего профессионального образования казахской молодежи большое значение сыграло Омское педучилище (ныне Омский педагогический колледж №1). Его краткая история такова.

Государственный Совет своим общим собранием 4 октября 1865 г. принял решение об учреждении в городе Омск школы для обучения детей казахского населения при областном правлении Сибирских казахов. «Положение» и штат школы вводились на 3 года в порядке опыта, лишь затем они могли окончательно утверждаться. Решение Совета было утверждено указом Царя 25 Октября 1865 г. Вскоре была открыта и сама школа. В школу принимались дети от 8 до 14 лет, срок обучения 6-7 лет, в зависимости от успеваемости учащихся. На содержание школы отпускалось 3500 рублей в год [1].

Кроме того, для казахских детей было установлено несколько вакансий в Сибирском кадетском корпусе, в котором с 1846 по 1865 гг. обучалось 13 казахских детей. Затем в кадетский корпус начали принимать из числа казахов только детей султанов и казахов, имевших чины, а с 1868 г. вовсе был отменён доступ казахских детей в военную гимназию[2].

В Акмолинской области, куда входил Омск, как уездный город, школы принадлежали различным ведомствам и частным лицам, преподавание в них проводилось по-разному, так как многие учителя являлись не вполне грамотными. Это обстоятельство, а также отсутствие подготовленных учителей для учреждения правительственных русско-казахских школ не могло до некоторой степени не беспокоить царскую администрацию.

В 1872 г. царем-реформатором Александром II по представлению Государственного Совета в Омске открылась учительская семинария. Ближайшей её задачей являлось содействие образованию народов Степного края в духе русских государственных законов и сближению их с русским народов путём распространения среди них (преимущественно киргиз) русских правительственных школ с главными предметами преподавания в оных – русского языка и отечественной истории и географии, как основ воспитания в учащихся русского государственного и народного идеала [3]. В первый класс семинарии принят 21 слушатель, вместо 60, установленных по штату.

До Октябрьской революции в Омской учительской семинарии в 1913- 1916-х гг. учились писатель, поэт, государственный деятель, бывший председатель Совнаркома КазССР (1922-1925 гг.) Сакен Сейфуллин, поэт-лирик, один из основоположников казахской советской литературы Магжан Жумабаев и общественный государственный деятель Смагул Садвакасов.

С установлением советской власти развернулась огромная работа по быстрейшему подъему не только экономики, но и культуры народов национальных окраин. Коммунистическая партия не только поставила задачу ликвидации фактического неравенства народов, но и обеспечила его выполнение. Открытие в 1932 г. казахского педучилища является этому подтверждением. Оно готовило учителей для казахских национальных школ, расположенных как на территории Омской области, так и в приграничных с Россией районах Казахстана.

Окончив в 1930-е гг. Омское педучилище выпускники впоследствии стали педагогами, учёными, партийно-советскими работниками, другими специалистами народного хозяйства, а в годы войны сражались в первых рядах советской армии. Вот несколько примеров из жизни ветеранов Великой Отечественной войны, которые оставили после себя добрую память и стали образцом для подражания молодому поколению. Сансызбаев Нурум (1922 г. рождения) - участник Великой Отечественной Войны. После демобилизации работал в различных организациях г. Омска, а затем в течение 45 лет в финансовых и плановых органах КазССР. Стал заслуженным экономистом Казахской ССР. Был персональным пенсионером республиканского значения. Токпанов Хамзе Махамбетович (1923 г. рождения) – участник Великой Отечественной войны, после войны работал в Марьяновском райкоме партии и Омском обкоме ВКП (б), окончил Омскую партийную школу, позже – высшую партийную школу при ЦК КПСС, затем в течение сорока лет находился на руководящих должностях в Гурьевском обкоме и ЦК КП Казахстана, заместителем Павлодарского облисполкома и долгое время – председателем Павлодарского областного комитета по телевидению и радиовещанию. Был заслуженным работником культуры Казахской ССР, персональным пенсионером республиканского значения. Сагнаев Барлыбай (1923 г. рождения) – также участник Великой Отечественной войны. В Красную Армию был призван в 1942 г. После войны получил высшее образование в системе КГБ СССР, свыше 30-х лет проработал в органах Омской области, Алтайского края и Казахской ССР. Его воинское звание – подполковник.

Продолжалось обучение казахской молодёжи в училище и в послевоенные годы. Вот как вспоминает годы учёбы на подготовительном отделении ветеран народного образования, пенсионер республиканского значения Касен Токпанов: «Я в 1946 году поступил на подготовительное отделение Омского казахского педагогического училища. Обучение велось, кроме казахского языка и литературы, на русском языке. Мы плохо владели основным языком обучения. Наша грамотность была очень низкая, текст изучаемого предмета мы почти не понимали в силу плохого владения русским языком. Но тем не менее, в течение года нас научили более или менее грамотно писать и говорить на языке обучения и понимать текст изучаемого предмета». О своих преподавателях, об их педагогическом мастерстве и эрудиции с теплотой и благодарностью вспоминают все ныне здравствующие выпускники училища. К таким педагогам относят математиков А.В. Арзамасова, В.К. Протопова, Н.А. Глушакова, преподавателей музыки

(незрячих) А.С. Алкина, Н.Я. Черевкова, физика-завуча Э.Я. Лейфера, географа В.А. Захарова, языковедов Н.Н. Мисюрев, А.А. Семёшину, З.К. Кеменгерову, преподавателей казахского языка и литературы Ж.И. Жанкунакова, К.А. Анесова и других. Мой отец – Кудайбергенов Аделхан Нургалиевич, доктор исторических наук, профессор, выпускник 1957 г., добрыми словами вспоминает своего куратора Генакову Людмилу Владимировну: «…Она в течение 5 лет была настоящим наставником нашей группы, водила нас в театры, на концерты и музеи. С другой стороны, она прекрасно преподавала свой предмет – историю СССР».

Теперь несколько слов о выпускниках 1950-х годов: они за годы обучения получали прочные и глубокие знания, трудились не только в школах, но и в других сферах деятельности. Многие продолжали обучение в высших учебных заведениях России и Казахстана. С отличием закончили историко-филологический факультет Казахского педагогического института г. Алматы выпускники Омского училища Х. Токпанов, А. Мусинов. Также в Алматинских вузах учились и в дальнейшем стали докторами наук Х. Есенов, С. Исаев – ректор ЖенПИ, доктор филологических наук; А. Кудайбергенов – проректор ЖенПИ, доктор исторических наук; М. Бектуров – ректор Джезказганского пединститута, профессор; М. Есмуканов – доктор математических наук, профессор, и другие.

В партийно-советских органах стали работать Туленов, председатель Карагандинского горисполкома, Е. Тулемисов, зав. Отделом министерства образования РК, Б. Бекимов – президент ТОО «Информационные технологии», Х. Жармуханов – секретарь райкомов партии Акмолинской области и другие.

В разные годы директорами училища работали люди, которые оставили неизгладимый след в образовании и воспитании молодежи. Одним из них был Байкенов Нурлы Байкенович. После окончания Омского педагогического института в 1936-40-х годах он работал преподавателем, затем стал директором училища. 16 марта 1940 г. был призван в Вооруженные силы СССР и до конца войны служил на различных фронтах Советской армии.

Вот что пишет Председатель Президиума республиканского общественного объединения «Совет Генералов» генерал майор Рустем Кайдаров в отзыве к книге «Генерал Нурлы Байкенов», выпущенной в связи с его 100-летием и 70-летием победы в Великой Отечественной Войне: «Книга будет иметь большое значение в деле военно-патриотического воспитания молодежи, так как эта книга о мужественном человеке, который в тяжелые для Отечества годы войны и в мирное время образцово выполнял свой сыновний долг…».

Читателям будут интересны биографические сведения о том, что Нурлы Байкенов, будучи директором педучилища заботился о наборе в педучилище талантливых молодых людей. Также вызывают интерес данные о том, что Нурлы Байкенович начинал военную службу рядовым красноармейцем и вырос до генерал-майора, благодаря трудолюбию, дисциплинированности, стойкости и выдержки. Следует особо отметить ещё одно замечательное качество Нурлы Байкеновича: это постоянное стремление к знаниям, профессионализму, как в годы войны, так и в мирное время. В 1952 г. он окончил Военно-политическую Академию имени В.И. Ленина в г. Москве. А с июля 1960 г. по октябрь 1978 г. был военным комиссаром Казахской ССР, а в 1962 г. ему было присвоено воинское звание генерал-майор [4].

Выпускники училища с глубокой благодарностью вспоминают о директорах училища У. Утебаеве, К. Матышеве и А. Кутянском, которых отличала человеческая простота, образованность, внимательность, доступность, знание своего дела. При директоре А.И. Кутянском в 1972 г., когда отмечалось столетие педучилища, выпускники училища, работавшие в Алматы, послали туда двух профессоров – А. Мусина и С. Исаева, которые выступили на торжественном собрании с поздравлением коллектива с юбилеем и подарили училищу на память портрет Сакена Сейфуллина.

Таким образом, во-первых, следует отметить, что Омск сыграл большую роль в подготовке кадров казахской интеллигенции в 30-50-е гг. прошлого столетия. Многие из выпускников Омских учебных заведений, получив отличное образование, впоследствии стали крупными учеными, ректорами вузов, партийными, государственными деятелями. Например, Жумабай Шаяхметов был первым секретарем ЦК Компартии Казахстана, Фазыл Карибжанов – председателем Президиума Верховного Совета КазССР.

Во-вторых, открытие и функционирование в Омском педучилище казахского отделения, можно сказать без преувеличения, открыло дорогу к знаниям для молодежи северных областей Казахстана.

В-третьих, как отмечали и отмечают выпускники училища, в годы учёбы между студентами различных национальностей сложились дружественные отношения.

В-четвёртых, в настоящее время в новых условиях и возможностях продолжается сотрудничество в области образования и культуры между двумя независимыми государствами. Сейчас в ВУЗах и учреждениях профессионального образования города Омска обучается более трех тысяч студентов. Одними из направлений сотрудничества в области образования является участие казахстанских преподавателей, молодых ученых и студентов в международных научно-практических конференциях, проводимых в Омске и области [5].

**Источники и литература**

1) Т. Тажибаев. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века. Алма-Ата, 1962, с. 258
2) Казахская советская энциклопедия (на казахском языке). Алма-Ата, т.8., с. 476
3) Т. Тажибаев, с.253
4) Генерал Нурлы Байкенов. Алматы, 2015, с.3
5) Егемен Казахстан, 2015, 11 февраля.

**Түйін**

Мақалада Омбы қаласының ауылшаруашылық, педагогикалық, институттарының, педагогикалық училищесінің қазақ интеллигенциясын даярлаудағы ролі қарастырылған. Революцияға дейін мұғалімдік семинарияда С.Сейфуллин, М. Жұмабаев, С. Садуакасовтер оқыған, Кеңес өкіметі кезінде академик Ш.Шокин, Я.Аубакиров тағы басқа жоғары білім алған. Мақаланың негізгі бөлімі Омбы педучилищенің түлектеріне арналған. Қорытысында қазіргі тәуелсіз Қазақстан мен Ресей федерациясы мемлекетінің арасындағы оқу-ағарту мәдениет саласындағы қарым-қатынастардың жалғасын келе жатқаны сөз болады.

**Summary**

The article discusses the role of Omsk agricultural and pedagogical educational institutions in the preparation of the Kazakh intellectuals. It is noted that before October revolution eminent Kazakh intellectuals studied in teacher's seminary: S. Seyfullin, M. Zhumabayev, S. Sadvakasov. In Soviet period there have received higher education academician Sh. Shokin, Y. Aubakirov and others. The main part of the article is devoted to the graduates-Kazakhs of the Omsk pedagogical college in different years. In conclusion, it is noted that in modern conditions the cooperation in education and culture between two independent States are continues.

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТЕРРОРИЗММЕН КҮРЕСУДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ

**Құрманиязов Р.,**
«Қазақстан тарихы және құқық» кафедрасы магистранты
Қайнар Академиясы

*Бұл мақалада Орталық Азия және Қазақстан Республикасының аумағында терроризм мен күрес жүргізу амал-тәсілдері қарастырылған.*

***Түйін сөздер:*** *терроризм, лаңкестік, экстремизм, саяси, әлеуметтік-экономикалық, аумақтық, тарихи, ұлттық, діни, нәсілдік, діни экстремизм, лаңкес-салафит.*

90-жылдардың аяғында дүниежүзілік қауымдастық лаңкестік әрекеттер түрінде жүзеге асырылатын экстремистік идеялардың бұрын соңды болып көрмеген таралу қаупіне тап болды. Бүгін лаңкестік адамзат баласымен жаңа ғасырға бірге енген өзекті мәселелердің біріне айналды. Оның ауқымы барлық мемлекеттердің қауіпсіздігін қозғай отыра, әлемдегі саяси, экономикалық және моральды жағдайға теріс әсерін тигізе отыра, барған сайын еш кінәсы жоқ көптеген бейбіт азаматтарды құрбан қылып өсе түсуде.

Америка Құрама Штаттарындағы, Ресей Федерациясындағы, Таяу Шығыстағы, сондай-ақ әлемнің басқа да аймақтарындағы лаңкестік актілер қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру туралы қалыптасқан көзқарастарды қайта қарау қажеттігін

тудырды. Қазіргі таңдағы лаңкестік – бұл тек қана жарылыстарды жүзеге асырудың, аманаттарды басып алу немесе кісі өлтірулердің бірегей фактілері ғана емес, лаңкестік және экстремистік құрылымдардың бүтіндей мемлекеттерге қарсы ұйымдастырған әбден жоспарланған ұзақ мерзімді акциялары.

Еуразия құрлығы бұрыннан бері адам өмірінің белсенді даму орны болып табылады. Бұған ең алдымен бірнеше мыңжылдықтар бойы бір-бірімен тоғысып, бірін-бірі алмастырып, араласып және жаңа элементтермен толықтырылып отырған еуразиялық мәдениеттер мен өркениеттердің кең диапазоны себепкер болды. Біздің заманымызда да Еуразия «өркениеттер егесінің» басты алаңы болып қала беруде: христиан және мұсылман әлемдері, батыстық және шығыстық өмір үлгілері, экономикалық жағынан бай және кедей елдер. Осы жағдайларда лаңкестік, ең алдымен адамдар санасына психологиялық қысым көрсету арқылы мақсатқа қол жеткізудің құралы ретінде – радикалды ұйымдар үшін ең «тиімді» түр. Біз білетіндей, қарама-қарсы өркениеттердің ең қарқынды қимылдары олардың тоғысу, яғни «буферлі зонада» сезіледі және оған басқа аймақтармен қатар Орталық Азия да кіреді. Осыған қарап, лаңкестік қаупінің ОАА (Орталық Азия аймағы) әлі де ұзақ уақыт өзекті болып қала береді деп болжау жасауға болады. Соңғы жылдар оқиғалары лаңкестік ұйымдарының басым көпшілігі, әсіресе Таяу және Орталық Шығыста «діни экстремизм» деген ұғыммен байланыста екендігін көрсетуде. Бұл - аймақтық қарулы қақтығыстар мен лаңкестіктің басты көзі.

Ол Орталық Азияны да айналып өткен жоқ. Халықаралық діни-экстремистік ұйымдар көршілес Қырғызстанда, Ресей Федерациясында, Тәжікстанда, Өзбекстан мен Қытай Халық Республикасының Шыңжан - Ұйғыр автономды ауданында жағдайды ушықтыруға әрекет жасады. ОАА көптеген экстремистік ұйымдар діни идеологияны тиімді жамылып әрекет етеуде. Олардың кейбіреуі тиісті қоректік орта таба білген, ал бұл, орта-азиялық елдер мен халықтар байланысының кеңдігі мен түрлілігін еске алсақ, осы аймақтағы барлық мемлекеттердің мүддесіне тиеді. Олардың кейбіреуі үшін діни экстремизм биліктің конституциялық органдарына қарсы оппозиция құруға ықпалды саяси күш ретінде көрінеді.

Қазақстан да Орталық Азия аймағының құрамдас бөлігі ретінде халықаралық лаңкестік және діни-экстремистік ұйымдардың көзіне түседі. 90-жылдардың басында, Кеңес одағы құлаған соң, бұрынғы «ағайын республикалардың» арасындағы қоғамдық қатынастар үзілген кейін, Қазақстан қоғамы мәдени және идеологиялық вакуумға тап болды. Әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы, жұмыссыздық, көпшілік халықтың болашағының белгісіздігі, сондай-ақ, қазақ халқының діні мен мәдениетінің түп негізіне бой бұру процесі, осының барлығы біздің елімізде экстремистік діни ағымдардың дәнін себуге құнарлы орта болып табылды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары пайда болған «діни құлазу» елімізде көптеген түрлі секталардың, діни қозғалыстар мен мұсылмандық, христиандық бағыттағы партиялардың пайда болуына себеп болды. Осылайша Қазақстанда қайырымдылықты жамылып, түрлі үкіметтік емес қорлар мен ұйымдар арқылы гуманитарлық және басқа да көмектер жасау, жеке оқу орындары мен медреселерде ағарту жұмыстарын жүргізумен түрлі, соның ішінде экстремистік, діни ағымдар өкілдері білдірмей қоғам санасын экспансиялай бастады.

Мұндай ұйымдардың басты мақсаттары мен міндеттері реакциялық, сондай-ақ, экстремистік талқыдағы идеяларды тарату жолында үгіт-насихат шараларын жүргізу болды. Қазіргі уақытта олардың әдістері өзгерді, яғни ендігі қимылдарында радикализация белгілері анық көрінуде. Әсіресе діни негіздегі экстремистік белгілердің күшейуі, конфессияаралық шыдамсыздықтың өсуі аса алаңдатады. Мұндай беталыс «Хизб-ут-Тахрир» діни-экстремистік партиясының жасырын құрылымдарының қызметінен көрінеді, бұл ұйымның басты мақсаты ислам халифатын құру болып табылады және оның құрамына партия басшылығы орталық-азия аймағының барлық аумағын қосуда, оған республикамыздың оңтүстік аймағындағы ұяларын жоюда қолға түскен фактілер куә. Тәркіленген қару-жарақтар, оқ-дәрілер, жарылғыш заттар (2000 жылдың қазан айы, Түркістан қаласының 1500-жылдығын тойлау кезі), Каримовке, Америкаға және Израильге қарсы мазмұндағы парақшалар «тахриршылардың» жоспарлары тек діни насихатпен ғана шектелмейтіндігін көрсетеді. «Хизб-ут-Тахрирдің» және соған ұқсас ұйымдардың ұзақмерзімді жоспарлары Қазақстан мен ОАА басқа да елдерінің аумақтарын түрлі утопиялық теократиялық мемлекеттік бірлестіктерге қосуды жоспарлауда және осы жолда олар зорлық әрекеттерді де жоққа шығармайды.

Десек те, осындай құқыққа қарсы әрекеттерді заңдық реттеудің мәселелеріне қарамастан, үлгі боларлық құқықтық шешімдер бар. 2016 жылдың18 шілдесінде Алматыда террористік акт болған еді. Белгісіз ер адам Алмалы аудандық ІІБ мен ҰҚК департаментіне қарулы шабуыл

жасады. Қылмыскер ұсталды, ол бұрын істі болған Қызылорда облысының тумасы Руслан Күлікбаев болып шықты. Оқиға салдарынан 8 құқық қорғау және арнайы органдардың қызметкерлерінің және 2 бейбіт тұрғынның өліміне алып келген террористік акт жасады деген айып тағылды. Сонымен қатар ол 3 бейбіт тұрғынды өлтірмек болды деп айыпталып отыр. Ол ҚР Қылмыстық кодексінің үш бабы: "Террористік акт", "Кісі өлтіруге оқталу" және "Кісі өлтіру" бойынша кінәлі деп танылды. Алматыдағы ауданаралық мамандандырылған сотының судьясы лаңкес-салафит Руслан Күлекбаевты өлім жазасына кесті. Тағы бір лаңкестік әрекет 2016 жылдың 5-маусымында Ақтобе қаласында болды, экстремистік топ өкілдері екі қару-жарақ дүкеніне және әскери бөлімшеге қарулы шабуыл жасады, террористік шабуыл нәтижесінде сол күні 7 адам қаза тапты, олардың 3 әскерилр және 4 бейбіт тұрғын. Бұл іс бойынша сот процессі жабық режимда өтіп жатыр.

Шетелдік исламдық талқыдағы теологиялық оқу орындарында оқып жүрген қазақстандық азаматтардың да мәселелері назар аударуды талап етеді. ҰҚК түсетін мәліметтер шетелдік лаңкестік және діни-экстремистік ұйымдар өкілдерінің оларды идеологиялық өңдеуден өткізуге деген талпыныстарының қарқынды өсіп жатқанын көрсетуде. Орталық Азия мен Қазақстанның жекелеген студенттері теологиялық пәндерді оқумен қатар, идеологиялық әсерге ұшырап, экстремистік топтардың қызметіне тартылған. Олардың кейбіреуі содырларды дайындайтын лагерлерге жіберілген, ол жерде бүлік салу, лаңкестік және жару істерін жүргізудің арнайы дағдыларын игерген. Нәтижесінде республикамыздың аумағында бүлдіргі бағыттағы фундаменталистік талқыдағы жергілікті исламдық қауымдастықтар пайда болып, қызметтерін жандандырды.

Қазақстанда лаңкестіктің таралу қаупін көпшілік жағдайда бірқатар шет елдердің лаңкестік құрылымдарында экстремистік этникалық топтардың барын, ал олардың кейбіреуінің отандастары біздің республикамызда көптеген диаспоралар құрып тұрып жатқандығымен де байланысты екенін естен шығармау керек. Эмиссарлар мен лаңкестік ұйымдардың мүшелерінің осындай этностарға ықпал етуге бағытталған әрекеттерінің, сондай-ақ, басқа елдердің аумағында жасаған қылмыстары үшін олар іздеуден қашып, солардың ортасында жасырынуға әрекет жасағандары да анықталып жатыр. Мысал ретінде ҚР шешендер диаспорасы өкілдерінің республика аймағын Солтүстік Кавказдың заңсыз әскери құрылымдарының содырларын жасыру үшін пайдалану әрекеттерінің жиілеп кеткенін айтуға болады.

Лаңкестікпен және экстремизммен күрес мәселесі Орталық Азия аймағында бүгін ғана өзекті мәселеге айналып отырған жоқ. Бұл құбылыстың ең қауіпті деген түрлерінің біздің аумағымызда болмуы – ең алдымен мемлекет пен арнайы қызметтердің осы бағытта алдын алу сияқты тиісті шараларды жүргізуінің нәтижесі. Лаңкестік пен экстремизмнің тарлауының әлемдік тенденциялары, халықаралық лаңкестік және діни-экстремистік ұйымдардың орталық азия аймағының мемлекеттеріне көз тігуі еліміздің лаңкестікке қарсы саладағы заң жүйесін түп-тамырынан реформалауды талап етті. Бұл жұмыстың басым бөлігі көпшілік жағдайда құқықтық салада жүргізіліп жатқан қайта құрулар мен өзгерістердің бастаушысы болып табылатын ұлттық қауіпсіздік органдарымен жүргізілді.

Қазіргі уақытта Ұлттық қауіпсіздік комитеті үшін республика аумағында лаңкестік және басқа да экстремистік, сепаратистік белгілерінің алдын алуға мүмкіндік беретін жағдайларды жасау басты міндет болып табылады. Бұл міндеттерді шешу үшін Қазақстанның аумағында лаңкестік және экстремистік акциялардың дайындалуы мүмкін деген ақпараттарды алдын ала қолға түсіруге бағытталған жедел-агентуралық шаралар жүзеге асырылуда. Осындай кездерде кез келген арнайы қызмет үшін жедел өзгеріп жатқан халықаралық жағдайларды есепке ала отырып, ел басшылығы тиісті шараларды дайындау үшін қалыптасып жатқан жағдайлар жөніндегі ақпараттарды уақытында алып отыруға мүмкіндік беретін қажетті әрекеттер жасалуда.

Осындай күрделі жағдайларда ең алдымен мемлекеттік шекараны қорғаудың сенімділігін арттыру бойынша шараларға басты көңіл бөлінеді. ҚР ҰҚК Шекара қызметінің бөлімдері қалыптасып, кеңеюін жалғастыруда, жаңа бағыттарда жаңа шекара жасақтары құрылуда. ҰҚК ІІҚ-мен және кеден органдарымен бірлесе отырып, лаңкестік пен экстремизмнің таралу мүмкіндігінің көзі болып табылатын заңсыз көші-қонның арналарын анықтап, жолын кесу бойынша жұмыстар жүргізуде. Республикамызда төлқұжат-визалық бақылау қатаңдандырылды, соның нәтижесінде өткен жылы 4463 заңсыз қоныс аударушы анықталды, олардың 4245 республикамыздың аумағынан шығарылды, қалғандарына әкімшілік шаралар қолданылды. Олардың көпшілігі Ауғанстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей (Шешенстан), Тәжікстан, Түркия мен Шри-Ланканың азаматтары.

Стратегиялық объектілер мен халық тығыз орналасқан тұрғын пункттерінің инфрақұрылымдарын лаңкестік және диверсиялық қауіптерден, соның ішінде уландырғыш заттарды, адам өміріне қауіпті бактериялар мен вирустарды, сондай-ақ, радиоактивті материалдарды қолданудан қорғау өзекті болып табылады. Шетелдік, ең алдымен, батыс елдерінің компаниялары мен фирмаларының басшылығындағы кәсіпорындарды қорғауды күшейту бойынша шаралар дайындалып қолданылуда. Аталмыш объектілердегі режимдік шаралардың, күзеттің, сигнализация мен инженерлік құралдардың жағдайын тексеру бойынша қосымша шаралар жүзеге асырылды, лаңкестік және басқа да экстремистік акциялардың жүргізілуі мүмкін деген ең осал учаскелер белгіленіп алынды. Осындай нұсқаулардың негізінде кәсіпорындарда бақылау-өткізу режимдері күшейтілді, қосымша штаттар енгізілді, материалдық-техникалық базаны нығайту және объектілерді тиісінше күзету бойынша шараларды қатаңдандыру жөніндегі шаралар қаржыландырылды.

Лаңкестікпен күрес мәселесін шешу барлық деңгейдегі мемлекетаралық өзара әрекеттестікті талап ететінін есепке ала отырып, республикамызбен осы салда бірқатар халықаралы және мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге қол қойылды. Лаңкестікпен күрес саласында республикамыз ТМД елдерімен, сондай ақ, ШЫҰ шеңберінде Қытаймен тығыз қарым-қатынас жасауда. Лаңкестікпен күрес ісіне қолда бар келісімдердің негізінде түркі тілді мемлекеттермен жасалып жатқан ынтымақтастықтар өзінің белгілікті үлесін қосуда.

Соңғы жылдарда Қазақстанда 21 террористік ұйымның іс-әрекетіне тыйым салынды. Бұл жөнінде ҚР Бас прокуратурасының ресми өкілі Сапарбек Нұрпейісов бүгін өткен брифингте мәлімдеді, деп хабарлайды "Қазақстан Бүгін" агенттігінің тілшісі. Ресми өкілдің айтуынша, соңғы 4 жыл ішінде Республикамыздың Бас прокурорының өтініші бойынша сот орындары: "Әл-Каеда", "Шығыс Түркістанның ислам партиясы", "Күрт халық конгресі", "Өзбекстанның ислам қозғалысы", "Асбат-әл-Ансар", "Мұсылман бауырлар", "Талибан" қозғалысы, "Бозғұрд", "Орталық Азия моджахедтер жамияты", "Лашкар-и-Тайба", "Әлеуметтік реформалар қоғамы", "Шығыс түркістанды азат ету ұйымы", "АУМ Синрике", және "Хизб-ут-Тахир" сияқты 21 террористік ұйымның іс-әрекетіне тыйым салды. "Терроризм мен экстремизм бүгінгі күні бүкіл дүние жүзі халқын ерекше алаңдатып отырған ерекше шетін мәселе. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі түрлі лаңкестік актілер саны жылдан жылға артып отырғаны осының айқын дәлелі",- деді С.Нұрпейісов. Осыған орай прокуратура органдары Қазақстан аумағында терроризм мен экстремизмнің алдын алу жолында мақсаткерлікпен үздіксіз тиянақты жұмыс жүргізіп келеді. Прокуратура қызметкерлері ең алдымен "Экстремизге қарсы әрекет туралы", "Терроризмге қарсы күрес туралы" заңдардың және халықаралық келісімшарттардың қабылдануына белсене қатысып, елімізде терроризм және экстремизммен күрестің құқықтық негізін жасауға лайықты атсалысты.

Бүгінгі таңда Қазақстан лаңкестік пен халықаралық қылмыстарға қарсы әрекет ету саласындағы ынтымақтастықтар туралы 13 мемлекетпен қостарапты келісімдер жасады. Қиыр шет елдердің арнайы қызметтері мен құқық қорғау органдарымен лаңкестік ұйымдардың қызметтеріне қатысты ақпараттармен алмасу және өзара іс-қимыл жасау бойынша қос- және көптарапты байланыстар айтарлықтай кеңейді. Көршілеріміздің тәжірибесі діни экстремизмді жете бағаламау және оның белгілеріне тиісті әрекет етпеудің салдары қандай жағдайларға әкеліп соқтыратынын көрсетіп отыр. Сондықтан бұл мәселені шешуде мемлекет пен қоғамның бар мүмкіндіктерін кешенді түрде қолдануымыз керек.

Сонымен қатар, шет ел тәжірибесі көрсеткендей, мықты экономикалық және әскери күш те, ең жоғары жалақымен және ең жаңа әскери техникамен қамтамасыз етілетін арнайы қызмет те өз шаңырағының, жақын-туыстарының амандық-саулығын сақтап қалуға мүдделі адал адамдардың, өз Отанының патриоттарының нақты көмегінсіз лаңкестікке қарсы тұра алмайды. Мемлекетіміздің қауіпсіздігін қорғау – әр азаматтың конституциялық борышы. Бұл міндетті шешуге жекеменшік формасына қарамастан барлық ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындар қатысуға міндетті. Рухани ұйымдар, шығармашылық және ғылыми интеллигенцияның, бұқаралық ақпарат құралдарының ұстанымдары да аса маңызды. Олардың экстремизм мен лаңкестіктің белгілеріне ғана емес, олардың туындау алғышарттарына қарсы әрекет етудегі азаматтық ұстанымдары демократиялық Қазақстанның бейбітшілік пен қауіпсіздік жағдайында одан әрі гүлденіп дамуының қажетті шартты болып табылады.

**Қолданылған әдебиеттер:**

7. Абрамов В. А. Международный терроризм - возрастающая угроза национальной безопасности России // Гос. образоват. учреждение высш. проф. образования Чит. гос. ун-т. Забайк. отд-ние Междунар. акад. наук. ЧитГУ, 2005. 92– 93 б.

8. Сатпаев Д.А. Терроризм как явление политической жизни // Саясат: Информационно-аналитический бюллетень. Алматы, 2008. N 3. - 10-13 бб.,-13 б.

9. «Үш Қиян» газеті, №10 (370). - 6 наурыз. - 2008 ж.

10. ҚР ҰҚК баспасөз қызметі мәліметі бойынша. "Интерфакс-Қазақстан" агенттігі, - Сәуір, 2008 ж.

11. «Қазақстан Бүгін» Ақпараттық агенттігінің сайты: www.kt.kz

**Резюме**

В данной статье рассматривается способы борьбы с терроризмом на территории Центральной Азий и Республики Казахстан.

**Summary**

In this article ways of fight against terrorism in the territory of Central Azy and the Republic of Kazakhstan is considered.

## КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ НЕГІЗІНДЕ АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ДАМУЫ

**Кәдірбай А.Ә.,**
гуманитарлық ғылымдарының магистрі,
«Құқықтану және халықаралық құқық» кафедрасының оқытушысы,
Тұран университеті, Алматы қаласы

*Мақалада Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік құқық түсінігі мен оның конституциялық негіздері қарастырылады.*

***Түйін сөздер:*** *Конституция, әлеуметтік құқық, адам құқықтары.*

Біздің елімізде осы таңда адам құқықтарының тұжырымдамасындағы азаматтық және саяси құқықтар әлеуметтік-экономикалық құқықтармен толықтырылды. Себебі әркімге тумысынан берілетін бостандықтың жалпы игілікті өмірді қамтамасыз ете алмағандығын; аш-жалаңаш, сауатсыз адамға ой, сөз бостандығының түкке де қажеті жоқ екенін және оның салдары қоғам, мемлекет үшін қауіпті екенін тарихтың өзі бірнеше рет дәлелдеген болатын. Осыдан кейін адамдардың «бірдеме істеу құқығына» «бірдеме алу құқығы» қосылды, басқаша айтқанда азаматтар әрекет ету мүмкіндігімен қатар тұтыну мүмкіндігіне ие болды.

Сонымен қатар, ғылыми-техникалық прогрестің нәтижесіндегі адам факторының маңыздылығының артуы да – адамдардың қажеттіліктерін барынша ескерудің, олардың әлеуметтік құқықтарын мойындап, мемлекеттің әлеуметтік функцияны жүзеге асыру қажеттілігін туғызды.

Алайда, ұзақ жылдар бойы, дәлірек айтқанда өткен ғасырдың басына дейін әлеуметтік құқықтар конституциялық нормалардан көрініс таппай келді. Себебі адамның жеке бостандығын бәрінен жоғары қоятын либерализмнің жақтаушылары бұған қарсы болды.

Әлеуметтік құқықтарды алғаш болып бекіткен 1917ж. Мексика конституциясы мен 1919ж. Германияның Веймар конституциясы болды. Ал XX ғасырдың ортасында әлеуметтік құқықтар туралы нормалар еуропалық мемлекеттердің конституцияларының көпшілігінен көрініс тапты. Бұл әлеуметтік құқықтардың жеке адамның құқықтық мәртебесінің негіздерінің бірі екендігін түпкілікті мойындалғандығын дәлелдей түсті.

Азаматтық және саяси құқықтар либералды қоғамның құндылықтарын көрсететін болса, әлеуметтік-экономикалық құқықтар әлеуметтік бағыттағы мемлекеттің құндылықтарын көрсетеді. Дегенмен бұлар «бөлінбейтін және өзара байланысты құқықтар, себебі бір саладығы прогресс, өзгелеріндегі де прогреске жетелейді, ал біреулерінің бұзылуы мен артта қалушылығы өзгелерінің де құлдырау себебіне айналады»[1].

Бұл құқықтардың конституцияларда бірге көрініс табуы әлеуметтік қорғау мен жеке бостандықтың, мұқтаж адамдарға қолдау көрсету мен экономикалық тиімділіктің, әлеуметтік

тұрақтылықты қамтамасыз ету мен қарқынды түрде дамудың жағдайларын жасаудың арасындағы ортақ жолды табу мәселесін тудырады.

Дамыған нарықтық экономикалық, демократиялық басқару нысанындағы әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттері бұл мәселені адамның ажыратылмас құқықтары мен бостандықтары тұрғысынан шешіп отыр. Ал енді бұл мәселенің қазіргі таңдағы Қазақстандағы жағдайына тоқталар болсақ, ең алдымен әлеуметтік құқықтардың еліміз тарихындағы конституцияларда бекітілуіне талдау жасау қажет.

Қазақ АКСР Кеңестерінің IV съезінде Қазақстанның бірінші Конституциясының жобасы талқыланып, құпталған болатын. Қазақ Орталық Атқару Комитеті 1926 жылдың ақпанында Қазақ АКСР Конституциясын қабылдау туралы қаулы шығарды. Ресей Федерациясының Конституциясы бойынша автономиялық республикалардың конституциялары Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті бекіткеннен кейін ғана заңды күшіне енетін. Қазақ АКСР Конституциясы заңды түрде жоқ сияқты болатын[2], бірақта Конституцияның нормалары феодализмнен социализмге өтудегі өтпелі кезеңнің міндеттеріне сай еді.

Жалпы сол кездегі кеңес өкіметінің алдында адам құқықтарынан басқа басымдықтар мен міндеттер тұрғандықтан Конституцияда әлеуметтік құқықтарға онша көңіл аударылмады. Онда тек – жан-жақты және тегін білім алу (5(е); еңбек ету міндеті (5(д); денсаулық сақтау (5(ж); еңбекті қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру[3] құқықтары жарияланды.

Қазақ КСР-нің екінші Конституциясы 1937 жылдың 26 наурызында Кеңестердің X бүкілқазақтық съезімен қабылданды. Бұл құжатты КСРО-ның 1936 жылғы қабылданған Конституциясының көшірмесі деп айтуға болады. Конституция мынадай әлеуметтік құқықтарды бекітеді: азаматтардың еңбек етуге, яғни еңбегінің көлемі мен сапасына лайық ақысы бар кепілденген жұмыс алу құқығы (96 б.); тынығу құқығы (97 б.); қартайғанда және ауырып не жұмысқа жарамай қалғанда жәрдем алып қамтамасыз етілу құқығы (98 б.); білім алу құқығы (99 б.)[4].

Социалистік типтегі Қазақстанның соңғы Конституциясы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс жетінші сессиясында 1978ж. 20 сәуірінде қабылданды. Бұл құжат да КСРО-ның 1977ж. Қабылданған Конституциясының ережелерін жаңғырта қайталайды. Дегенмен Қазақ КСР-ның 1937ж. Конституциясымен салыстырғанда көптеген құқықтардың мазмұнының кеңейіп, жаңа әлеуметтік құқықтардың бекітілуімен қатар сапалық өзгерістің болғанын да аңғаруға болады. Мәселен еңбек ету құқығы тек кепілді жұмыс алу құқығын ғана емес, сонымен қатар қабілетіне, біліміне, кәсіптік даярлығына сәйкес мамандықты, кәсіп түрі мен жұмыс түрін таңдап алу құқығын да қамтыды. Сонымен бірге әлеуметтік құқықтардың қатары денсаулығын сақтау (40б.) және тұрғын үй алу құқықтарымен(42б.) толықтырылды[5].

Жалпы Кеңес өкіметінің өмір сүрген алғашқы жылдарынан бастап әлеуметтік құқықтардың бекітілуі мен дамытылуына ерекше көңіл бөлініп, тіптен алдыңғы қатарлы мемлекеттердің әлеуметтік кепілдерінің жүйесінен басым түскен болатын. Бірақта шынтуайтына келгенде, кеңестік Конституцияларда жарияланған әлеуметтік құқықтар сыртқы пішіні бойынша ғана Халықаралық құқық нормаларына сай болып, ішкі мәні мен мазмұны, қоғамдағы рөлі мен тудырған салдары әртүрлі болды. Нақтырақ тоқталатын болсақ, ең алдымен кеңестік конституцияларда жеке меншік құқығы танылмады. Бұл өз кезегінде еңбек нарығында мемлекетті монополистке айналдырып, адамдарда тоғышарлық сананы қалыптастырды. Екіншіден, әлеуметтік құқықтар күрделі, жартылай жасырын және соттық қорғауға алынбаған, жеңілдіктер мен артықшылықтар жүйесі арқылы жүзеге асырылды. Тіптен, кеңестік дәуірдегі заң әдебиеттерінде негізгі әлеуметтік құқықтардың сот арқылы қорғалу мәселесі мүлдем қарастырылмаған болатын.

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы 1993 жылдың 28 қаңтарында қабылданды. Бұл қандай да бір идеологиядан аластатылған, жаңа мемлекеттік құрылысты нығайту барысында бірегей маңызға ие мүлде жаңа Конституция еді. Мемлекеттің аса маңызды құжаты болып табылатын бұл конституцияның өркениеттілік тұрғысынан алғандағы қол жеткізген жетістіктерімен қатар қоғам өмірінің талаптарына сай келмейтін тұстары да болды.

Алдымен жетістігіне тоқталсақ. Адам құқықтары саласында бұл құжат бірқатар түбегейлі бұрын-соңды болмаған жаңа ережелерді бекітті. Қазақстан Республикасы адамды, оның өмірін, бостандығы мен ажырамас құқығын ең қымбат қазына деп танып, ол «өз қызметін азамат пен қоғам мүдделері үшін жүзеге асыратындығы»[6] туралы өзіне конституциялық міндеттеме алды.

«Адам құқықтары» категориясы алғаш рет конституциялық деңгейде танылды. Ал Кеңестік құқықтық доктринада «адам, оның құқықтары» құқықтық, саяси тұстарда өзіндік мәні бар

категория ретінде мойындалмай, конституцияларда бұл «жұмысшылар», «азаматтар» деген әлеуметтік-таптық ұғымдармен алмастырылған болатын.

Сонымен қатар 1993 ж. Конституция ата заңда бекітілген құқықтар мен босстандықтардың тікелей қолданылатынын және олардың сот арқылы қорғалатынын жария етті[7].

Әлеуметтік құқықтардың қатары азаматтардың жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуы (19б.); заңда бекітілген ең төменгі мөлшерден кем болмайтын еңбекақы алу (19б.); ереуіл жасау (20б.); өмір сүру мен денсаулыққа қолайлы қоршаған ортада тұру (26б.); құқықтарымен толықтырылды.

1993 жылғы Конституция тәуелсіз жас Қазақстанның ең алдымен жалпы адамзаттық құндылықтарды басым етіп қоятын мемлекет екенін әлемге паш етті. Мұның барлығы оның тарихи маңызға ие құжат екенін көрсетеді.

Дегенмен, жаңа мемлекеттің даму қажеттіліктеріне, либералды-демократиялық ойлардың қағидаларына, әлеуметтік нарықтық экономиканың талаптарына сай келетін конституциялық нормаларды тұжырымдай алмағанын да жоққа шығара алмаймыз.

Әрине мұндай кемшіліктер заңды да. Жалпы бір-біріне қарама-қайшы мемлекеттің бір типінен екінші типіне ауысу, қоғамның санасын өзгерту ұзақ уақытты қажет ететін күрделі мәселе. Тәуесіздіктің алғашқы жылдарында мемлекетіміздің алдында нақ осындай жағдай тұрды. Социалистік көзқарастар мен идеялар кеше ғана кеңес өкіметінің, тәуелсіздік алғаннан кейін «Қазақстан Республикасының» деп аталатын Жоғарғы Кеңесімен қабылданған Конституцияға әсер етпеуі мүмкін емес еді.

Жоғары Кеңес жаңа Ата заңда 1978ж. Қазақ КСР-ның Конституциясындағы жарияланған әлеуметтік құқықтардың барлығын дерлік бекіте отырып, бұрынғы социалистік сарынға сай жүзеге асырылуы мемлекеттің шынайы экономикалық мүмкіндіктеріне сай келмейтін еңбекке, білім беруге, тұрғын үйге және басқа да құқықтарға қатысты бос уәделерді бекітті. Ал бұл еркін нарықтық қатынастардың дамуын тежеді. Әлеуметтік құқықтарға қатысты конституциялық нормалар әркімге емес тек азаматтарға ғана бағытталды.

Тәуелсіз Қазақстанның қолданыстағы қазіргі Конституциясы 1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдуммен қабылданды. Онда 1993ж. Конституцияның қол жеткізген жетістіктері өзінің жалғасын тауып, әлеуметтік бағыттағы нарықтық экономиканы ұстанған либералды-демократиялық қоғамның ең маңызды қағидалары бекітілді.

Жаңа конституция адам мен азаматтың халықаралық қағидалар мен стандарттарға сай құқықтары мен бостандықтарының кең тізімін бекітті. Бұл құқықтар мен бостандықтар сандық жағынан ғана толықтырылып қоймай, сапалық-мазмұндық жағынан да нақтылана түсті.

Сонымен бірге Ата Заңда әлеуметтік құқықтар бұрынғыға қарағанда біршама жаңа контекстіде жарияланды. Мұның дәлелі – Қазақстан республикасы өзін демократиялық, зайырлы мемлекетпен қатар құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратыны (1б. 1т.); бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық дамуды ұстанатыны (1б. 2т.); мемлекеттік меншік пен жеке меншіктің танылып, бірдей қорғалатыны (6б. 1т.); меншіктің міндет жүктейтіні, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуі тиіс екені (6б. 2т.); адам құқықтары мен бостандықтары танылып, оларға кепілдік берілетіні (12б. 1т.)[8] туралы нормалар болып табылады. Бұл біржағынан мемлекеттің адамдарды қамқорлыққа алу міндетінен бастартпайтынын көрсетсе, екінші жағынан адамдардың өз тағдырына деген жауапкершілігін арттырып, белсенділігі мен дербестігін ынталандыра түседі. Демек бұл Қазақстанда әлеуметтік құқықтардың түпкілікті жаңа конституциялық үлгісінің қалыптасқандығын көрсетеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1 Қазақстандағы адам дамуы. – Алматы, 2004. – 259 б.

2 Сапарғалиев Ғ. Қазақстанның Конституциясы: кеше, бүгін // Заң және заман.

3 Осы құқықтарға қатысты Конституция баптарында РСФСР заңдарына сілтеме жасалады. Қазақстан: мемлекеттілік кезеңдері, конституциялық актілер. – Алматы, 1997. – 250 б.

4 Сонда. 27-30 б.

5 Сонда. 43-46 б.

6 Сонда. 148 б. үшінші ереже.

7 Котов А.К. Суверенный Казахстан: гражданин, нация, народ. – Алматы, 1996. – с.75.

8 1995 ж. 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы.http://www.akorda.kz

**Резюме**

В данной статье рассмотрены понятие социальных прав и их конституционные основы в РК.

**Summary**

This article discusses the concept of social rights and their constitutional frameworks in the Republic of Kazakhstan.

## КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

**Мұханбеткерімова А.А.,**
«Қазақстан тарихы және құқық» кафедрасының оқытушысы,
заң ғылымдарының магистрі
**Отаралиева А.,**
«5В030100-Құқықтану» мамандығының 4 курс студенті
**Ушуров Н.,**
«5В030100-Құқықтану» мамандығының 4 курс студенті

*Мақалада Қазақстан Республикасы Конституциясының даму тарихы, қалыптасуы мен болашағы қарастырылған.*

***Түйін сөздер:*** *Конституция, Конституциялық өзгеріс, Конституциялық принцип.*

Мемлекет басшысы – Елбасы Н.Ә.Назарбаев атап өткендей, «Қазақстан Конституциясы – заңдарда көрініс тапқан жалпы ұлттық идея. Ол қазіргі құқықтық ұғымдарда ата-бабаларымыздың көптеген ұрпақтарының бостандық және өз тағдырын басқару мүмкіндігі туралы, билік барша халықтың мүдделеріне қызмет ететін мемлекет, тәуелсіз, барлық әлемге танымал және құрметке ие ел туралы арман-тілектерін көрсетті».

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев еліміздің конституциясының дамуына байланысты келесідей тұжырым жасаған: «Жалпы таным тәжірибесі және соның ішінде Қазақстанның мемлекеттік – құқықтық дамуы елдің конституциялық қалыптасу тарихынсыз жаңа тәуелсіз мемлекеттің конституционализм теориясы да болмайтындығын үйретеді»[1].

«Халқымыздың заңды құрметтеуі, адам құқығын ардақтауы сонау ерте заманнан-ақ қалыптасқан. Ғасырлар бойы келе жатқан әдет-ғұрпына, салт-санасына, үлкенге құрмет, кішіге ілтипат, мәдениетті сөйлеу қарым-қатынасына айрықша баға берген. Ел басқару ісіне де жіті мән беріп, қазақтың билері, ақсақалды қариялардың айтқан қасиетті сөздері ел арасына кеңінен тарап, конституция баптарындай бағыт беріп отырған. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев: «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келе бермейді. Бұған бұрынғы Қасым ханның «Қасқа жолын», Есім ханның «Ескі жолын», Әз Тәуке ханның «Күлтөбенің басында күнде кеңес» болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек. Сол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендіктен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтін болса, оның орнына татымды толық билік шығаратын кісі табу керек», деген. Атақты ханымыз Қасым Жәнібекұлы «Әдет» заңын жүйелеп, сонымен 12-ші ғасырда қазақтың алғашқы «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталатын 5 бөлімнен тұратын заң жобасы шыққан. Қоғамның даму барысы қазақ заңдарын одан әрі жетілдіру қажеттігіне әкеліп тіреді. Осындай міндетті атқарған тарихымызда елеулі із қалдырған Есім хан болды. Қазақтың құқық жүйесіне үшінші елеулі өзгерістер енгізген Тәуке хан болды. Әз Тәуке хан сол кездегі биік тұлғалар - Төле би, Қазыбек, Әйтеке және Әнет баба секілді билермен ақылдасып, «Жеті жарғы» атты белгілі заңдар топтамасын - қазақтың шын мәніндегі бірінші Конституциясын жасап шығарды. Негізі бүгінгі Конституция - Алаш қозғалысының құжаттарының табиғи жалғасы болып табылады. Ал, біздің бүгінгі Ата заңымыз 1995 жылы қабылданғаны бәрімізге аян. Ата заң бізге, адамдық қадір-қасиетімізге қол сұғылмауына, тіліміз бен дініміздің дамуына, ар-ождан бостандығын қорғауға, адал еңбегімізбен тапқан мүлкіміз бен меншігімізді сақтауға кепілдік береді [2].

Жаңа Конституцияда тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық және мемлекеттік құрылымдарының негізгі принциптері жасалды. Конституцияда негізгі принциптер ретінде қоғамдық келісім, саяси тұрақтылық және экономикалық даму, мемлекет өмірінің маңызды мәселелерін демократиялық жолмен шешу анық та, айқын жазылған. Қазіргі кезде біздер, яғни жастар, ел өміріне, саясатқа

етене араласуымызға мүмкіндігіміз бар. Әрине, мұның барлығы Отанымызда жүргізіліп жатқан салиқалы саясатты, сол саясатты жүйелеудегі Конституцияның қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді [3].

Халық өзі дауыс беріп қабылдаған заңын әрдайым әділ деп есептейді. Заңға құрмет болмайынша, оны қастерлеу ішкі қажеттілікке айналмайынша, заңның құдіреті шамалы болады. Конституция мәртебелі болуы үшін, оның принциптері, қағидалары қоғам, мемлекет, халық өкіметінің туы, қазығы, мәні болуға тиіс. Заң жақсы жұмыс істеуі үшін, оны бұлжытпай орындау азаматтардың күнделікті дағдысына, үйреншікті әдетіне айналуға тиіс. Әртүрлі амал-айламен заңды айналып өтуге тырысушылық өркениетті елдің мәдениетіне жатпайды[4].

Бізде қылмыс, ұрлық-қарлық, жемқорлық көп. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң бекерден-бекерге шығып отырған жоқ. Бұл қылмыстың дәрежесі қоғамға, мемлекетімізге, едәуір қауіп төндіріп, алға басуымызға бөгет бола бастады.

Заңды қабылдағаннан соң оны мүлтіксіз орындау қажет. Қалың көпшіліктің заңды жаппай мойындауын, іштей түйсініп сезінуін, өз өмірінің басты ережесіне айналдыруын қамтамасыз ету оңай шаруа емес.

Конституциялық Кеңес азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда маңызды рөл атқарады. Конституциялық Кеңестің Республика Президентінің, Парламент депутаттарын сайлауды жургізу мен республикалық референдум жургізудің дурыстығы туралы дауларды қарастыру бойынша өкілеттіктері азаматтардың саяси құқықтарын қорғауға бағытталған. Басқа өкілеттіктерінде Конституциялық Кенестің азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтыны туралы идеялар тікелей немесе жанама орын алады. Конституциялық Кеңес қорғайтын осы шеңберге Конституция көздеген құқықтар мен бостандықтар кіре ме, әлде заңдар азаматтарға берген барлық құқықтар мен бостандықтар кіре ме деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа тек бір жауап бар. Алғашқы төрт өкілеттік конституциялық құқықтарытары мен бостандықтарды қорғауды көздейді ол жайында Конституцияның өзінде айтылады [5].

Конституциялық Кеңестің сайлауды немесе референдумы өткізудің дұрыстығы туралы дауларды қарастырғанын сайлау процесін бақылау деп санауға бола ма? Ол ондай болып табылмайды.Ол заңдық хұкім өкілеттіктерін атқарады, өйткені сайлау процесі субъектілерінің шағымдары жөніндегі дауларды шешеді. Әдебиетте конституциялық әділ сот органы сяйлау жөніндегі шешкен кезде. сөз ең алдымен субъективтік құқықтық емес, обьективтік сайлау құқығын қорғау туралы болатыны аталады.

Билік бөлу принципі конституииялық құрылыс негіздерінің бірі ретінде конституцияның мемлекеттік органдардың жүйесі мен құзыретін олардын өзара өкілеттік шегін бекіткен көптеген қағидаларында көрніс тапты. Казақстан Республикасының Констуитуциясында республикада мемлекеттік билік біртұтас,оның зан шаруашылық,атқарушылық және сот билігі тармақтарына бөлу және тепе –тендік жүйесін пайдалану арқылы өзара байланыс жасау прициніне сәйкес Конституция мен заңдардың негізгі жүзеге асырылатындығы атап көрсетілген. Бұл биліктің әр тармағымен өз құзыреті бар екендігін және оның шегінен шығуға болмайтындығын білдіреді.Сонымен бірге ол билікті шоғырландыруды, бөлуді, манаполиясыздандыруды да білдіреді. Билікті бөлу,олардын бірде біреуі өзгелерінің өкілеттігін шектемеи, екіншісін өзіне бағындырмай және әр қайсысы өзара түсініктікпен,өзара ынтымақпен қызмет істеуі тиіс болған жағдайда Конституцияға сәйкес оның үш тармағын өзара тенестіруді де білдіреді.Мемлекеттік биліктін жоғарғы сатысында мемлекеттік биліктін жоғарғы сатысында билік бөлу принципін қамтамасыз ету үшін [6].

Қазақстан Республикасының Конституциясы бөлу принципін билік тармақтары арасында іс жүргізуді шектеу принципімен ұштастыруды көздейді. Қазақстан Республикасы Конституцисына тән сипат, онда іс жүрпзудін түпкі билігі Парламенке бекітілген. Басқаша айтқанда, Парламент, оның Палаталары Сенат жене Межіліс — өз кызметін тек Конституцияда көрсетілген өкеттік шеңберінде ғана жүргізеді. Ал үкіметін өкілеттілігіне келсек Конституция бойынша оған олардың кейбіреуі ғана берілген. Оның Президентінің заңдары мен актілері арқылы жүктелген басқа да қызметтерді атқаратындығы көрсетілген. Парламент өкілеттігінің жабық тізімінің конституцялық тұрғыда бекітілуін мен түсіндіруге болады? Біріншіден,ол жоғары өкілетті органың кеңестік конституциялармен жене белгілі бір денгейде Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясымен бекітілген бүкіл билікті илену құқынан бас тартуды білдіреді. Екіншіден, тәуелсіз, егемен Қазақстанның ерекшеліктерін ескере отытып,биліктін бөліну принципін барынша нығайту қажеттігінен туып отыр. Үшіншіден, Парламент әр түрлі саяси күштер, әлеуметтік топтар ықпал ететін жолғарғы өкілетті орган болып табылады [7].

Жиырма жылдан астам уақыттан бері Қазақстан Конституциясы еліміздің ұлттық саяси-құқықтық жүйесінің түпқазығы, мемлекеттілігі мен егемендігінің, елдегі заңдылық пен құқық тәртібінің заңдық негізі, бүкіл заңнама мен құқық қолдану практикасы, сондай-ақ еліміздің мемлекеттік-құқықтық қайта жаңғыруы мен даму үрдісі арқа сүйейтін мықты іргетас болып табылады.

Конституциямыз беделге, мансапқа, лауазымға, ақшаға, байлыққа сатылмай, тек ақиқатқа бас иеді. Біз де келешекте Ата Заңымыздың болашағы үшін жұмыла отырып, осыған жетуіміз керек. Ата Заңымызды одан әрі дамытып, жүзеге асыруға әрбір қазақстандық тізе қосып, жұмыла жұмыс істеу қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Н.Ә.Назарбаев Шынайы конституционализмсіз ашық өркениетті қоғам жоқ. //Қазақстан Республикасы конституциясының түсіндірме сөздігі – Алматы: Жеті Жарғы, 1996 жыл.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 ж. 30 тамыз Қазақстан Республикасы Конституциясына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы ҚР заңы. 2013ж.

3. ҚР-сы Президентінің 1996 жылғы 24 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы" Конституциялық заң күші бар Жарлығы.

4. Амандықова С.К. Қ Р- ның Конституциялық құқығы. Астана 2012ж.

5. Сапарғалиев Ғ. Қазақстан Конституциясы; Кеше, бүгін Қазақстан заңдары-2012 №1

6. Әбділдин С Қазақстан Парламенті; одақтан мемлекеттікке. – Алматы, 2014 ж.

7. ҚР-сы Президентінің 1995 жылғы 28 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңес туралы" Конституицялық заң күші бар Жарлығы.

**Резюме**

В этой статье предусматривается будущее формирование и история развитии Конституции Республики Казахстан.

**Summary**

This article provides for the future development of the formation and history of the Constitution of the Republic of Kazakhstan.

## ҚЫЛМЫСКЕР ТҰЛҒАСЫ КРИМИНОЛОГИЯДАҒЫ БІРШАМА КҮРДЕЛІ ЖӘНЕ ТҮРЛІ ТАЛАС ТУДЫРАТЫН МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ РЕТІНДЕ

**Балашева А.,**
Қайнар академиясының магистранты

*Мақалада қылмыскер тұлғасы және оны зерттеу маңыздылығы туралы айтылады.*
***Түйін сөздер:*** *қылмыскер, тұлға, криминалогия, мәселе, құқық.*

Қазіргі таңда қылмыстылық мәселесі өзіне ерекше назар аудартуда. Қылмыстылық және оны тудыратын себептерді ауыздықтамай, құқықтық демократиялық мемлекет құру мүмкін емес. Сонымен қатар елбасымыз Н.Ә. Назарбаевың Қазақстан халқына жолдауында «заңның шексіз үстемдігін және заңды сақтаушы азаматтарды қылмыстылықтан қорғауды орнықтыру қажет» деп айтын өткені бар [1]. Қылмыстылық өзінің шеңберінің өсуімен қазіргі уақытта ұлттық қауіпсіздікке және елімізде жүргізіліп жатқан реформаларға қауіп төндіруі сөзсіз.Демек, бұл мәселені шешу жолы ретінде қылмыстың,қылмыстылықтың негізгі себепшілерінің бірі болып табылатын қылмыскер тұлғасын жетік зертеу, оның практикалық маңызын ашып көрсету алдағы мақсаттардың бірі болып тұр.

Бұл мәселенің өзектілігі, ең алдымен,қылмыс жасаушыларды ғылыми тұрғыдан танып білмейінше қылмыстылықпен ықпалды күрес жүргізу мүмкін емес екендігінде болып отыр. Соның ішінде «қылмыскер тұлғасы» мәселесі қылмыстылықтың мәнін түсінудің кілті болып табылады десек қателеспейміз.

Қылмысты адамдар жасайды, қылмыс адамдар арасында жасалады. Сондықтан да, адам мәселесі ескі де және үнемі жаңа мәселе болып табылады. Ол ауқымды және күрделі, өйткені

«адам еңбек пен қарым – қатынастың субьектісі, ол - әлемнің құрушысы және қайтақұрушысы, жердегі құндылықтардың жинақтаушысы, материя дамуының жоғарғы нысаны – қоғам өкілі».

Қылмыстылықпен күрестің барлық сатысында, қылмыстық жауаптылыққа тартудан бастап және жазаны орындау процесімен аяқтағанға дейін қажетті шарт пен міндетті қылмыстық әрекет жасаған кінәлінің тұлғасын зерттеу болып табылады.

Қылмыскер тұлғасын зерттеу жөнінде мәселе төңірегінде Ағыбаев А.Н., Антонян Ю.М., Баймурзин Г.И., Бегалиев Қ., Блувштейн Ю.Д., Волежкин В., Волков Б., Герцензон А., Дагель П.С., Жекебаев У.С., Закалюк А.П., Карпец И.И., Кузнецов А.В., Кудрявцев В., Кайыржанов Е.І., Лейкина Н.С., Милюков С.Ф., Миньковский Г., Нәрікбаев М., Сейітжанов М., Стручков Н.А., және тағы басқа ғалымдар өз еңбектерінде жан – жақты қарастырған болатын.

«Адам» ұғымында оның мәнінің ажырамас әлеуметтік және биологиялық жақтарының біртұтастығы бекітілген. «Тұлға» ұғымына тек спецификалық әлеуметтік белгілер тән. Тұлға – бұл адамның әлеуметтік бет бейнесі, қоғамның әлеуметтік даму, қалыптасып және өмір сүру процесіндегі оның болмысы. Олай болса біз, «қылмыскердің тұлғасы» деген ұғымды қолданған кезде қылмыс жасаған адамның тек «әлеуметтік бейнесі» деп түсінуіміз қажет.

Қылмысты уақтылы және нәтижелі ескертуді тек қылмыскердің тұлғасына назарды аудару арқылы ғана қол жеткізуге болады. Себебі тек адам қылмыскердің себепкері. «...Тұлға – қылмыстық мінез – құлық механизмінің барлық сатысының негізгісі және маңыздысы болып табылады... Сондықтан қылмыскер тұлғасы мәселесі криминология мәселелерінің ең күрделі және жетекшілерінің біріне жатады» [2].

Қылмыс жасаған адамды, оның тұлғасының қалыптасу процесін, оның әрекетіндегі қоғамға қарсы бағыттылықтың пісіп жетілуіне жағдай жасайтын ішкі және сыртқы жағдайларды, әлеуметік және психологиялық факторларды зерттеу – жеке қылмыстық әрекеттің себебін едәуір толық ашуға апаратын жолдардың бірі ғана емес, сонымен бірге жалпы қылмыстылықпен күрес жүргізудің бірден бір тиімді жолы болып табылады.

Әрине, қылмыскер тұлғасын, оның қоғамға қауіптілігін,тұлғаның деформациялану деңгейін дұрыс сипаттау және бағалау үшін, ең алдымен жағымды және жағымсыз әрекеттерінің жасалуына жол ашатын барлық қасиеттерін, тұлғалық ерекшеліктерін обьективті түрде ескеруіміз қажет. Ендеше, біз қылмыс жасаған адамның бойынан жеке және жалпы белгілерге ие индивидті, қоғамның толық құқылы өкілін, біздің болсымыздың, өкінішке орай, көлеңке жағын ашатын адамды көруіміз қажет.

Қылмыскер тұлғасы, оның түсінігі, құрлымы, қылмыс жасаған адамның әлеуметтік мәнін білдіретін қазіргі криминология мәселелерінің бірі ретінде жетекші құқықтанушылардың басым көпшілігімен негізделген түрде қарастырылуда [3-5].

Қылмыскер тұлғасы туралы мәселе криминологиядағы біршама күрделі және түрлі талас тудыратын мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселенің маңыздылығы ең алдымен қылмыс адам қылығының әрекеті және әрі нақты адамның еркін білдіруі ретінде, оның өзіндік сипатының және ерекшелігінің мәндік жағынан шығады.

Сонымен қатар, қылмыс жасаған адамның тұлғасы қылмыстық саладағы көптеген ғылымдардың мұқият зерттеу обьектісі болып табылады. Криминологиялық зерттеу обьектісі болып:

- қылмыс жасаған жекелеген адамдар; қылмыскерлердің әртүрлі контингенттері (кәмелеттік толмағандар, рецедивистер);

- қылмыскерлердің әртүрлі криминологиялық типтері табылды.

Ал, міндеті – қылмыстылыққа және қылмысқа жақын себептік байланыстарды анықтауға мүмкіндік беретін, себептік кешендерді, тізбектердің сипаттамалар шеңберін жіктеу болып табылады.Қылмыскер тұлғасының ерекшекліктерін зерттеу, «криминология» ғылымы қалыптасқан тұтастай ғылыми бағытты тудырды. Сондықтан да, бірде-бір криминолог қандай да бір мектептің өкілі болмасын, қандай да бір бағыт ұстанбасын, ол қылмыс жасаған адаммен байланысты мәселеге көз жұмып өтіп кете алмайды. Ол адамды қысқаша «қылмыскер» деп атайық. Бұл түсінік формальды түрде қолданылады және ол адамның ешқандай ерекше қылмыстық бейнесін көрсетпейді және оның қылмыс жасау фактісін білдірмейді [6]. Бұл ұғымды туа біткен қылмыскер идеясының жақтастары қолданатын «қылмыстық адам» ұғымынан ажыратып қарау керек.

Қылмыскер тұлғасы ұғымының әр түрлі анықтамалары бар, криминологиялық ілім тұлғаны біртұтас адамның әлеуметтік сапасын білдіретін құрылым ретінде қарастырудан бастау алады. Тұлға қоғамдық қатынастар процесінде қалыптасады, яғни ол адамның әлеуметтенудің жемісі.

Оның үстіне, адам әлеуметтік және биологиялық бастаулар бірге болады. Әлеуметтік пен биологиялық бастаулар бірге болады.

Қылмыскер тұлғасы, оның маңыздылығына, зерттелуіне, құрылымына, типологиясына жаңаша көзқараста ғылыми теориялық және практикалық ұсыныстар беріп әрі қарай дамытуында негізделеді. «Қылмыскер тұлғасы» ұғымының ғылыми және практикалық мәні мен маңыздылығына қатысты криминологтар арасында түпкілікті шешімін тапқан пікір жоқ. Қылмыскер тұлғасына жүргізілген психологиялық және әлеуметтік зерттеулер тынымсыз жүру үстінде. Дегенмен де, әлі де шешімін таппаған зерттеулер көп.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.А. Казахстан – 2030. Процветание, безопастность и улучшение благосостояние всех казахстанцев. – Алматы, 1997
2. Алауханов Е.О. Криминология ( Қылмыстану): Оқулық. - Алматы: - Жеті жарғы, 2005.
3. Антонян Ю.М. Изучение личности преступника М., 1982.
4. Ведерников Н.Т. «Изучение личности преступника в процессе раследования». Автореферат канд. дис. – М., 1965.
5. Каиржанов Е. Криминология (общая часть). – Алматы. Респ. изд. кабинет. 1995.
6. Алмас Жұмағали Криминолоия ( Жалпы бөлім ) дәрістер. Алматы – 2004

**Резюме**

В статье рассматривается о личности преступника, а также о значимости исследовании портрета преступника в криминологии.

**Summary**

The article discusses about the offender, as well as the importance of the study portrait of the criminal in criminology.

## ОСОБО ТЯЖКИЕ ПРЕСТУПЛЕНИЯ В УГОЛОВНОМ КОДЕКСЕ РК

**Касымбаев К.Б.,**
Магистрант Академии Кайнар

*В статье рассматривается об Уголовном Кодексе РК и об изменениях и новшествах в нем.*
***Ключевые слова:*** *УК, преступления, наказания, право, гражданин, новщества.*

На сегодняшний день в Республики Казахстан наблюдаются глубокие изменения, которые диктуют необходимость создания прочной основы государственной и общественной жизни в условиях становления суверенного, независимого государства. Немаловажная роль в данном процессе отводится такой отрасли права, как уголовное право, которая затрагивает судьбы практически всего общества, всех его граждан.

В Конституции Республики Казахстан закреплено, что высшими ценностями являются человек, его жизнь, права и свободы [1, с.4], что предполагает дифференциацию и индивидуализацию уголовной ответственности и наказании лиц, совершивших преступления. Это требует внесения соответствующих изменений в действующее уголовное законодательство. При этом необходимо неуклонное соблюдение принципов гуманизма, справедливости, приоритета общечеловеческих ценностей, обогащенных достижениями уголовно – правовой мысли, в том числе и тем положительным, что было выработано теорией советского уголовного права. Реализация этих задач невозможна без глубокого и теоретически обоснованного решения вопросов классификации преступлений в новом уголовном законодательстве Республики Казахстан.

Концепция правового государства является приоритетной для нашей республики. В Послании Президента Республики Казахстан народу страны «Казахстан-2030: Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев» подчеркивается, что необходимо «... установить абсолютное верховенство закона и защитить законопослушных граждан от преступности'" [2].

Наибольший вред конституционным правам граждан причиняют такие виды преступлений, как тяжкие и особо тяжкие преступления. Определение указанных категорий преступлений дается в ст. 10 Уголовного кодекса Республики Казахстан [3]. Согласно положениям этой статьи, все преступления в зависимости от характера и степени общественной опасности подразделяются на четыре категории: преступления небольшой тяжести, преступления средней тяжести, тяжкие преступления и особо тяжкие преступления.

В последние годы среди перечисленных категорий преступлений практически не снижается количество тяжких и особо тяжких преступлений. В структуре тяжких преступлений преобладают квалифицированные составы кражи чужого имущества, грабежа, а также разбой и в значительной степени по состоянию борьбы с ними граждане воспринимают общую криминогенную ситуацию и оценивают результативность деятельности правоохранительных органов государства по защите их законных прав и интересов.

Ежегодно растет количество осужденных лиц, в том числе осужденных за тяжкие преступления. Если взять соотношение количества осужденных за тяжкие преступления к количеству осужденных за преступления всех категорий, то в последние годы 45,8 % всех осужденных составили лица, осужденные за совершение тяжких преступлений.

Действующая система уголовно-правовой статистики имеет существенные недостатки. Так, в уголовно-правовой статистике законодательное определение тяжкого преступления подменяется понятием «тяжкие виды преступлений», что ведет к искажению статистических данных о состоянии преступности, негативно влияет на формирование уголовной политики, на принятие обоснованных управленческих решений и на рациональное использование сил и средств правоохранительных органов. В связи с этим остро встает проблема пересмотра имеющихся форм статистической отчетности, методов формирования банков статистической информации о преступности. Решение данной проблемы отвечает цели второго этапа правовой реформы в Республике Казахстан, а именно - совершенствованию всех элементов государственного механизма как в организационном, так и в функциональном направлениях.

Серьезные упущения имеются в деятельности судебно-следственных органов по применению закона о тяжком преступлении [4]. Нет единообразной судебной практики при назначении наказания лицам, совершившим тяжкие преступления (Есмагамбетов К.Б., 2000). При расследовании уголовных дел органы уголовного преследования не всегда обеспечивают всестороннее и полное исследование обстоятельств преступления. Допускаются ошибки при квалификации преступлений, а, следовательно, и при определении категории преступления. Неправильное определение категории преступления нередко приводит к тому, что лица, совершившие тяжкие преступления, уходят от заслуженного наказания.

При анализе тяжких преступлений возникает ряд вопросов, требующих безотлагательного разрешения. К ним следует отнести вопросы дальнейшего совершенствования санкций, предусмотренных за тяжкие преступления, как формального выражения характера и степени общественной опасности преступления; вопросы более глубокого обоснования отнесения конкретных составов преступлений к категории тяжких; вопросы определения социально-правовых последствий признания преступления тяжким.

Исследование вышеперечисленных проблемных вопросов предполагает использование последних достижений правовой науки и данных практической деятельности правоохранительных органов.

Существенный вклад в развитие уголовно-правовых, криминологических аспектов проблемы тяжких преступлений внесли З.0. Ашитов, Б.С. Бейсенов, У.С. Джекебаев, Б.Ж. Жунусов, Н.И. Загородников, Е.И. Каиржанов, А.В. Наумов. Отдельные аспекты рассматриваемой проблемы изложены в исследованиях П. С. Кардаева, П.В. Коробова, А.И. Мурзинова; в статьях и монографиях Н.М. Абдирова, И.Ш. Борчашвили, Н.О. Дулатбекова, М.И. Ковалева, Г.Л. Кригер, Л.Н. Кривоченко, Н.Ф. Кузнецовой, Р.Б. Кульжакаевой, М.О. Нукенова, Р. Т. Нуртаева, М.М. Оразалиева, А.Б. Сахарова, Б.Х. Толеубековой и других. Исследованию тяжких преступлений посвящена диссертация на соискание ученой степени кандидата юридических наук Н.Г. Кадникова «Категория тяжких преступлений по советскому уголовному праву».

В Республике Казахстан углубленным изучением тяжких преступлений в рамках научной темы «Классификация преступлений по уголовному праву Республики Казахстан» занимается научный коллектив под руководством доктора юридических наук Е.А Онгарбаева. Вопросы тяжких преступлений нашли свое отражение в диссертации на соискание ученой степени доктора юридических наук Е.А. Онгарбаева «Теоретические проблемы классификации преступлений по

уголовному праву Республики Казахстан» (1999 г.), проблемы разграничения тяжких преступлений и преступлений небольшой тяжести исследованы в диссертации на соискание ученой степени кандидата юридических наук Б.К. Шнарбаева «Категория преступлений небольшой тяжести по уголовному праву Республики Казахстан» (1997 г.)

Однако проведенный нами анализ юридической литературы, диссертационных работ по исследуемой теме показал, что теоретические и практические проблемы, связанные с категорией тяжких преступлений, далеко не исчерпаны. Не проведен глубокий анализ (на уровне монографических исследований) уголовно-правовых, криминологических аспектов данной проблемы в свете нового уголовного законодательства Республики Казахстан. В настоящее время определенным образом видоизменилась стратегия и тактика правоохранительных органов по борьбе с тяжкими преступлениями, что закономерно обусловило острую потребность в разработке теоретических и практических проблем категории особо тяжких преступлений.

*3 июля 2014 года был принят новый Уголовный Кодекс Республики Казахстан, состоящий из 467 статей против 393 старого Кодекса. Что добавилось и что изменилось в уголовном законодательстве, вступающем в силу с 1 января 2015 года?*

Особо тяжкими преступлениями теперь признаются «умышленные деяния, за совершение которых предусмотрено наказание в виде лишения свободы на срок свыше двенадцати лет, пожизненного лишения свободы или смертной казни» (статья 11 УК РК). К рецидиву теперь отнесено «совершение лицом тяжкого преступления, если ранее это лицо осуждалось к лишению свободы за совершение тяжкого преступления» (в старом Кодексе говорилось о совершении умышленного преступления, без учета тяжести). «Опасным рецидивом преступлений признается совершение лицом: 1) тяжкого преступления, если ранее это лицо дважды осуждалось к лишению свободы за совершение тяжкого преступления или было осуждено за особо тяжкое преступление; 2) особо тяжкого преступления, если ранее оно было осуждено к лишению свободы за тяжкое или особо тяжкое преступление». Особо опасного рецидива теперь нет (статья 14 УК РК). Ответственность теперь наступает за приготовление и покушение также на террористическое преступление (статья 24 УК РК) и т.д.

Настоящий Кодекс основывается на Конституции Республики Казахстан и общепризнанных принципах, и нормах международного права. Конституция Республики Казахстан имеет высшую юридическую силу и прямое действие на всей территории Республики. В случае противоречий между нормами настоящего Кодекса и Конституции Республики Казахстан действуют положения Конституции. Нормы настоящего Кодекса, признанные неконституционными, в том числе ущемляющими закрепленные Конституцией Республики Казахстан права и свободы человека и гражданина, утрачивают юридическую силу и не подлежат применению. Нормативные постановления Конституционного Совета и Верховного Суда Республики Казахстан являются составной частью уголовного законодательства Республики Казахстан.

Задачами настоящего Кодекса являются: защита прав, свобод и законных интересов человека и гражданина, собственности, прав и законных интересов организаций, общественного порядка и безопасности, окружающей среды, конституционного строя и территориальной целостности Республики Казахстан, охраняемых законом интересов общества и государства от общественно опасных посягательств, охрана мира и безопасности человечества, а также предупреждение уголовных правонарушений. Для осуществления этих задач настоящий Кодекс устанавливает основания уголовной ответственности, определяет, какие опасные для личности, общества или государства деяния являются уголовными правонарушениями, то есть преступлениями или уголовными проступками, устанавливает наказания и иные меры уголовно-правового воздействия за их совершение.

Новшества начинаются с 1 статьи УК РК:

Добавлено: «Конституция Республики Казахстан имеет высшую юридическую силу и прямое действие на всей территории Республики. В случае противоречий между нормами настоящего Кодекса и Конституции Республики Казахстан действуют положения Конституции. Нормы настоящего Кодекса, признанные неконституционными, в том числе ущемляющими закрепленные Конституцией Республики Казахстан права и свободы человека и гражданина, утрачивают юридическую силу и не подлежат применению. Нормативные постановления Конституционного Совета и Верховного Суда Республики Казахстан являются составной частью уголовного законодательства Республики Казахстан.

3. Международные договоры, ратифицированные Республикой Казахстан, имеют приоритет перед настоящим Кодексом и применяются непосредственно, кроме случаев, когда из международного договора следует, что для его применения требуется издание закона»

В новом Кодексе добавлена статья, разъясняющая некоторые понятия Кодекса (статья 3 УК РК):

1) эксплуатация человека;
2) значительный ущерб и значительный размер (в зависимости от применимой статьи);
3) особо крупный ущерб и особо крупный размер (в зависимости от применимой статьи);
4) тяжкие последствия;
5) административно-хозяйственные функции;
6) воинские уголовные правонарушения;
7) банда;
8) другие механические транспортные средства;
9) представитель власти;
10) незначительный размер;
11) тяжкий вред здоровью;
12) средней тяжести вред здоровью;
13) легкий вред здоровью;
14) существенный вред;
15) наемник;
16) лицо, занимающее ответственную государственную должность;
17) хищение;
18) незаконное военизированное формирование;
19) лицо, выполняющее управленческие функции в коммерческой или иной организации;
20) транспорт;
21) лидер общественного объединения;
22) координация преступных действий;
23) преступное сообщество;
24) преступная группа;
25) преступная организация;
26) должностное лицо;
27) лицо, уполномоченное на выполнение государственных функций;
28) лицо, приравненное к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций;
29) коррупционные преступления;
30) террористические преступления;
31) террористическая группа;
32) лицо, занимающее лидирующее положение;
33) транснациональное преступное сообщество;
34) транснациональная преступная организация;
35) транснациональная организованная группа;
36) организованная группа;
37) организационно-распорядительные функции;
38) крупный ущерб и крупный размер (в зависимости от применимой статьи);
39) экстремистские преступления;
40) экстремистская группа;
41) электронный носитель.

Появилось в новом Кодексе понятие уголовного проступка. Статьей 4 УК РК указано: «Единственным основанием уголовной ответственности является совершение **уголовного правонарушения**, то есть деяния, содержащего все признаки состава преступления **либо уголовного проступка**, предусмотренного настоящим Кодексом. Никто не может быть подвергнут повторно уголовной ответственности за одно и то же уголовное **правонарушение.** Применение уголовного закона по аналогии не допускается».

«Преступность и наказуемость деяния определяются законом, действовавшим во время совершения этого деяния» (статья 5 УК РК). То есть, если преступление совершено в момент действия старого Кодекса, то на него распространяются нормы старого Кодекса. «Временем

совершения уголовного правонарушения признается время осуществления общественно опасного действия (бездействия) независимо от времени наступления последствий».

Однако имеет обратную силу «Закон, устраняющий преступность или наказуемость деяния, смягчающий ответственность или наказание, или иным образом улучшающий положение лица, совершившего уголовное правонарушение, имеет обратную силу, то есть распространяется на лиц, совершивших соответствующее деяние до введения такого закона в действие, в том числе на лиц, отбывающих наказание или отбывших наказание, но имеющих судимость». И не имеет силы «Закон, устанавливающий преступность или наказуемость деяния, усиливающий ответственность или наказание, или иным образом ухудшающий положение лица, совершившего это деяние» (статья 6 УК РК).

«Преступлением признается совершенное виновно общественно опасное деяние (действие или бездействие), запрещенное настоящим Кодексом под угрозой наказания в виде штрафа, исправительных работ, ограничения свободы, лишения свободы или смертной казни.

Уголовным проступком признается совершенное виновно деяние (действие либо бездействие), не представляющее большой общественной опасности, причинившее незначительный вред либо создавшее угрозу причинения вреда личности, организации, обществу или государству, за совершение которого предусмотрено наказание в виде штрафа, исправительных работ, привлечения к общественным работам, ареста.

Не является уголовным правонарушением действие или бездействие, хотя формально и содержащее признаки какого-либо деяния, предусмотренного Особенной частью настоящего Кодекса, но в силу малозначительности не представляющее общественной опасности» (статья 10 УК РК).

Особо тяжкими преступлениями теперь признаются «умышленные деяния, за совершение которых предусмотрено наказание в виде лишения свободы на срок свыше двенадцати лет, **пожизненного лишения свободы** или смертной казни» (статья 11 УК РК).

К рецидиву теперь отнесено «совершение лицом тяжкого преступления, если ранее это лицо осуждалось к лишению свободы за совершение тяжкого преступления» (в старом Кодексе говорилось о совершении умышленного преступления, без учета тяжести).

«Опасным рецидивом преступлений признается совершение лицом: 1) тяжкого преступления, если ранее это лицо дважды осуждалось к лишению свободы за совершение тяжкого преступления или было осуждено за особо тяжкое преступление; 2) особо тяжкого преступления, если ранее оно было осуждено к лишению свободы за тяжкое или особо тяжкое преступление».

Особо опасного рецидива теперь нет (статья 14 УК РК).

Ответственность теперь наступает за приготовление и покушение также на террористическое преступление (статья 24 УК РК).

«Не является превышением пределов необходимой обороны причинение вреда лицу, посягающему на жизнь человека, либо при отражении иного посягательства, сопряженного с вооруженным нападением или насилием, опасным для жизни обороняющегося или других лиц, либо с непосредственной угрозой такого насилия, либо с насильственным вторжением в жилище, помещение, а также если обороняющийся вследствие внезапности посягательства не мог объективно оценить степень и характер опасности нападения» (статья 32 УК РК).

За совершение уголовного проступка применяется штраф (25-500 МРП); исправительные работы; привлечение к общественным работам и арест. За совершение преступления применяется штраф (500-10 000 МРП, либо в размере санкции по определенным статьям); исправительные работы; ограничение свободы; лишение свободы и смертная казнь (статьи 40, 41 УК РК). В случае уклонения от уплаты штрафа: привлечение к общественным работам (1 час за 1 МРП), либо арест (1 сутки за 4 МРП) – за совершение уголовного проступка; лишение свободы (1 день за 4 МРП, либо в пределах санкции по определенным статьям). При этом срок давности к проступкам установлен в 1 год (статья 71 УК РК), и срок не приостанавливается. Судимостью уголовный проступок не является (статья 79 УК РК).

В новом УК РК предусмотрено освобождение от уголовной ответственности лицу, выполнившему все условия процессуального соглашения (статья 67 УК РК), освобождение от ответственности с установлением поручительства (статья 69 УК РК). А примирение не распространяется на лиц, совершивших преступления по неосторожности, повлекшие смерть человека либо смерть двух и более лиц, коррупционное преступление, террористическое

преступление, экстремистское преступление, преступление, совершенное в составе преступной группы, преступление против половой неприкосновенности малолетних (статья 68 УК РК).

Серьезные изменения коснулись погашения судимости (статья 79 УК РК): в отношении лиц, осужденных к более мягким видам наказаний, чем лишение свободы, – погашается по фактическому отбытию наказания (ранее по истечении 1 года после отбытия наказания).

Теперь обратимся к Особенной части Кодекса. Рассмотрим наиболее распространенные статьи и некоторые новые:

Итак, увеличены сроки наказания за убийство (статья 99 УК РК), причинение тяжкого вреда здоровью (статья 106 УК РК). Возвращены статьи, предусматривающие наказание за причинение легкого вреда здоровью (статья 108 УК РК) и побои (статья 109 УК РК). Незаконное производство аборта отнесено к медицинским уголовным правонарушениям (статья 319 УК РК). Ответственность за оставление в опасности возникает теперь при причинении даже средней тяжести вреда здоровью (статья 119 УК РК). Появилась ответственность за клонирование человека (статья 129 УК РК) и незаконную деятельность по усыновлению (статья 137 УК РК). К правонарушениям против собственности теперь отнесены мелкие хищения (статья 187 УК РК), что по старому законодательству влекло административную ответственность. Уголовным правонарушением теперь считается распространение заведомо ложной информации (статья 274 УК РК). К уголовным правонарушениям добавилось употребление в немедицинских целях наркотических средств в общественных местах (статья 296 УК РК). За нарушение правил движения возвращена ответственность при причинении вреда здоровью средней тяжести (статья 345 УК РК). А за управление транспортным средством лицом, лишенным права управления, а также находящимся в состоянии опьянения, можно схлопотать арест до 90 суток (статья 346 УК РК).

**Список использованной литературы:**

1. Конституция РК, -А., 1999 г.
2. Назарбаев Н.А. Сила нашего государства заключается в том, что оно открыто называет свои недостатки: Выступление Президента Республики Казахстан на совещании по вопросам борьбы с преступностью и коррупцией//Казахстанская правда. 2000. 19 апр.
3. Уголовный Кодекс РК.
4. Есмагамбетов К.Б. Тяжкие преступления по уголовному праву Республики Казахстан. АВТОРЕФЕРАТ диссертации на соискание ученой степени кандидата юридических наук. 12.00.08. –Караганда, 2000

**Түйін**

Мақалада ҚР Қылмыстық Кодексі және ондағы өзгерістер туралы қарастырылған.

**Summary**

The article deals with the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan and on changes and innovations in it.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ СОТ ҚЫЗМЕТІ

**Әбдіғалымова А.,**
Семей қаласының мамандандырылған
Әкімшілік сотының судьясы, з.ғ.к.

*Мақалада Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуындағы сот қызметі туралы қарастырылған.*

***Түйін сөздер:*** *сот, құқық, мемлекет, сот төрелігі, алқа билер.*

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа қадамдарға жол бастаған болатын. Егемендігімізді нығайту мен тұғырлы етуде мемлекет пен қоғам алдында қиын да күрделі белестер күтіп тұрды. Бұл жағдайда жан жақтылы, сабырлы да салиқалы саясат пен іс-әрекеттер қажет болатын. Осы шаралар мен міндеттерді шешу кезінде елбасшымыз Н.Ә.Назарбаев көреген саясатты ұстана

отырып қоғамның дамуына батыл қадамдар жасады, саяси, әлеуметтік, экономикалық, рухани-мәдени жүйеде қажетті бағыттар айқындалып, қоғамда үйлесімді қатынастар орын алды. Мемлекетіміздің халықаралық аренада дамыған елдердің қатарында болуы, ішкі тұрақтылық пен келісімінің болуы, заң үстемдігінің бекітілуі, адам құқықтары мен бостандықтарының ең қымбат құндылық ретінде танылуы мен жүзеге асуы, алдыда тұрған көптеген мәселелерді оңды шешуі үлкен жетістіктер деуге болады.

Әлем, мемлекет, қоғам әрқашан динамика заңдылықтарына бағынып үздіксіз дамуда болады. Даму кезінде туындайтын қайшылықтар мен міндеттерді дұрыс шешуде заңның, мемлекеттік және қоғамдық институттардың, мемлекеттік органдардың және билік тармағы ретінде соттың орны ерекше деуге болады. Еліміздің аса дамыған отыз елдің қатарына енуі үшін Президентімізбен нақты міндеттер мен тапсырмалар айқындалды. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «100 нақты қадам» Ұлт Жоспары сияқты маңызды саяси-құқықтық құжаттарымызда көрсетіліп жан жақты жұмыстар жүргізілуде. Айқындалған мақсаттарымызға уақыт талабына сай мүмкіндіктерімізді ескеріп, кезең-кезеңімен жету негізгі міндеттер деп атап көрсетілді.

Соттөрелігі биліктің бір тармағы ретінде заң үстемдігін басшылыққа ала отырып, тәуелсіздіктің тұғырын бекемдеуде көптеген жұмыстар жүргізді. Астанада өткен VII Судьялар съезінде тәуелсіздік жылдарында жүргізілген жұмыстар мен нәтижелі реформаларға қорытынды берілген болатын. Ол Соттардың тәуелсіздігі мен судьялардың мәртебесі айрықша бекітілуі, сот құрылымы мен сот ісін жүргізуде өзгерістердің енгізілуі. Төрелік соттарды тарату нәтижесінде құрылған шаруашылық істер жөніндегі алқаларды қосу жолымен Жоғарғы Сот пен облыстық соттарды қайта құрылымдау болды. Сондай-ақ соттарды мамандандыру үрдісі іске асырылды. Республиканың барлық өңірлерінде мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар, әкімшілік соттар, қылмыстық істер жөніндегі соттар, сондай-ақ кәмелетке толмағандар істері жөніндегі соттар құрылды.

2000 жылы Қазақстан ТМД елдерінің ішінде алғаш болып сот ісін жүргізуге ақпараттық технологияларды енгізуді бастады. Нәтижесінде, тәуелсіздік жылдары қоғамда заңдарымыз жұмыс істеп, әрбір адамның құқықтық негізде өз мүддесін қорғауға деген сенімі нығайды. Азаматтардың соттарға жүгіну көрсеткішінің жыл сайын артып отырғандығы осыған айқын дәлел. Егер 1992 жылы соттар 270 мыңға жуық істі қараса, 2015 жылы бұл көрсеткіш 4 есе артып, яғни 1,1 миллионнан асты. Қазіргі күнде сот залдары аудио және видеожазбалармен қамтамасыз етілген, бұл азаматтардың арызданuын екі есеге дейін азайтты. Сондай ақ «электронды соттөрелігі» жаңа технологиясын енгізу арқылы азамматтардың соттық қорғауға жүгінуге жеңілдетілген «Сот кабинеті» сервис арқылы кең мүмкіндіктер қамтамасыз етілді. Бұндай көрсеткіштер Қазақстанның сот жүйесінің әлемде алдыңғы қатарға қосылғандығын көрсетеді.

Қылмыстық заңнаманы ізгілендіру нәтижесінде түрмедегілердің саны 3 есе қысқарды. Егер де 90 жылдардың басында Қазақстан түрмедегілердің саны бойынша әлемде үшінші орын алса, 2016 жылы 62 орынды иеленді.

Осындай нәтижелі көрсеткіштер мен жұмыстар Сот билігінің мемлекетті дамытудағы, Елбасының анықтаған стратегиялық бағыты мен ұлт жоспарында көрсетілген міндеттерінің жүзеге асуындағы бір белесі мен үлесі болмақ.

Ұлт Жоспары «100 нақты қадам» – бұл Жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап және сонымен бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайларда халықымыздың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі жоспар. «Кәсіби мемлекеттік аппарат құру», «Заңның үстемдігін қамтамасыз ету», «Индустрияландыру және экономикалық өсім», «Есеп беретін мемлекетті қалыптастыру» деп мемлекет дамуының алдағы уақыттағы 100 нақты қадамы айқындалды. Бұл Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға, жолдан адаспауға, күрделі кезеңнен сенімді өтуге жағдай туғызатын беріктік қорын жасап беретін ұстаным десек болады. Ұлт жоспарында заң үстемдігіне қамтамасыз етуге байланысты мынадай қадамдар көрсетілген болатын:

Азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдету үшін сот жүйесі инстанцияларын оңтайландыру. Бес сатылы сот жүйесінен (бірінші, апелляциялық, кассациялық, қадағалау және қайта қадағалау жасау) үш сатылы (бірінші, апелляциялық, кассациялық) сот төрелігі жүйесіне көшуі.

Судья лауазымына кандидаттарды іріктеу тетіктерін көбейту және біліктілік талаптарын қатайту. Міндетті түрдегі талап – сот істерін жүргізуге қатысудың 5 жылдық өтілінің болуы. Кәсіби дағдысы мен іскерлігін тексеру үшін ахуалдық тестілер жүйесін енгізу.

Оқуды және сот тәжірибесі арасындағы өзара байланысты күшейту үшін сот төрелігі институты мемлекеттік басқару академиясының құрылымынан бөлу. Аталмыш институт жоғарғы

соттың жанында жұмыс істеп, қызмет бабындағы судьялардың біліктілігін тұрақты түрде арттыруды қамтамасыз етуі.

Судьялардың есеп беру тәртібін күшейту. Судьялардың жаңа этикалық кодексін жасау, соның негізінде азаматтар судьялардың әрекеттері бойынша еліміздің жоғарғы сотының жанынан құрылған арнайы сот алқасына шағымдана алатын болуы.

Барлық сот процестеріне бейне және таспаға жазу шараларын міндетті түрде енгізу. Судьяның бейне жазуды тоқтатуға немесе аудио жазу материалдарын редакциялауға мүмкіндігі болмауы.

Алқа билер соты қолданылатын салаларды кеңейту. Заңды түрде алқа билер соты міндетті түрде қатыстырылатын қылмыстық істердің категорияларын анықтау қажеттігі.

Адамның және азаматтардың конституциялық құқын шектейтін барлық тергеу қызметі жөніндегі өкілеттілікті тергеу судьясына біртіндеп беруді қамтамасыз ету арқылы сотта айыпталушы және қорғаушы арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету.

Инвестициялық даулар бойынша жеке сот істерін жүргізуді құру. Жоғарғы сотта ірі инвесторлар қатысатын дауларды қарау үшін инвестициялық алқаны ұйымдастыру.

Шетелдік және халықаралық соттардың үздік стандарттары бойынша сот істерін жүргізуді қамтамасыз ету үшін жоғарғы сот жанынан беделді шетелдік судьялар мен заңгерлер қатысатын халықаралық кеңес құру. Кеңес қазақстандық сот жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша жоғарғы сотқа кеңес беріп отыруы.

Тәуелсіздіктің ширек ғасырында жүріп өткен жолымызды қорытындылай отырып, әлі де атқарылатын жұмыстардың көп екендігіне айқындап, бұл жолда «адалдық, кәсібилік және әділдікті» басшылыққа ала отырып, сот реформасын мемлекеттік реформамен бірге жүргізе беретіндігімізді елбасы Н.Ә.Назарбаев айтып өткен болатын.

Қазіргі күнде соттардың алдында келесідей ерекше назар аударатын міндеттер бар:

Біріншіден, заң үстемдігін қамтамасыз ету. Бұл міндетте соттың атқаратын қызметі ерекше дейміз, ол кез-келген даулы мәселеде заң мүддесінде ғана шешуді көздейді.

Екінші, соттардың жауаптылығын арттыру. Олар тек заң мен Конституция нормаларына ғана бағынады.

Үшінші, талаптарға сай кәсіби сот корпусын құру.

Төртінші, сот істерін қараудың бір тәжірибесін қамтамасыз ету.

Бесінші, азаматтардың заңи сауаттылығын арттыру.

Осындай міндеттер мен реформалық бағыттар нәтижелі, шынайы және жүйелі жүргенде еліміздің егемендігі берік, дамуы мен гүлденуі тұрақты, адамдарының бақытты өмір сүруі қамтамасыз етілмек. Тәуелсіз дамыған Қазақстан- осы халықтың бірлігінің, еңбегінің, жасампаздығының үлкен жемісі десек болады.

**Резюме**

В статье рассматривается о функции суда в формировании правового государства Республики Казахстан.

**Summary**

The article deals with the function of the court in the formation of the legal state of the Republic of Kazakhstan.

## ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА КЕЛТІРІЛГЕН МОРАЛЬДЫҚ ЗИЯНДЫ ӨТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Мамырова С.Т.,**
магистрант

*Мақалада заңды тұлғаларға келтірілген моральдық зиянды өтеудің ерекшеліктері туралы қарастырылады.*

***Түйін сөздер:*** *заңды тұлға, мораль, өтем, ерекшеліктер, моральдық зиян.*

Азаматтық заңнамалардың және қоғамдық өмірдің жаңа қатынастары соңғы кезде моральдық зиян өтемі жөніндегі сұрақтарды жиірек қарастырады. Моральдық зиянды өтеу

институты біздің құқығымыздағы жаңа құбылыстардың бірі. Бұрынғы кеңес дәуіріндегі заңдарымыз бойынша моральдық зиянды өтеу шеттетіліп отырды және ол қоғам тіреулеріне қарама-қайшы деп есептелінді. Бірақ бағымызға қарай бұл кезең артта қалды.

Аталған тақырыппен танысу барысында мынадай сұрақтар пайда болды: неге зиянды өтем деп атайды, неге ол төлеу емес және неге зиян залал емес, өйткені бұл мәселенің өзі әр әдебиетте әр түрлі қарастырылған. Екіншіден моральдық зиянды өтеу кезіндегі негізгі мәселелер.

1991 жылы Қазақстан Республикасы өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін алғаннан кейін мемлекетіміздің алдында экономика саласында ғана емес, сонымен қатар құқықтық реттеу саласында да көптеген мәселелр мен жаңа институттар пайда болды. Атап айтқанда, бұл, ең бірінші кезекте – адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңмен қорғалатын мүдделерін тиісті деңгейде қамтамасыз етумен байланысты құқықтық мәселелер еді. Осыған байланысты 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 12 бабының 2 тармағында адам құқықтары мен бостандықтарының әркімге тумысынан жазылғандығы, олардың абсолютті деп танылатындығы, олардан ешкім айыра алмайтындығы және заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталатындығы бекітіледі. Демек, «Адам және азамат» деп аталатын Ата Заңымыздың тиісті бөлімнің ережелерінде адамдардың негізгі конституциялық құқықтарына, соның ішінде осы ғылыми еңбектің негізгі зерттеу пәніне кіретін мүліктік емес құқықтарына кепілдік берілгендігінде. Мәселен, Конституцияның 16 бабыны 1 тармағы әркімнің өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар екендігін бекітсе, сол актінің 17 бабының 1 тармағы адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайтындығын белгілейді. Сол сияқты ең жоғарғы заңи күші бар Ата Заңымыздың 18, 19, 21, 22, 25, 26 және т.б. баптары мемлекеттің ең қымбат қазынасы болып табылатын конституциялық мүліктік емес құндылықтарына кепілдік береді.

Моральдық зиянды өтеуге байланысты көптеген сұрақтардың туындауына байланысты мен аталған тақырыпты парасатпен зерттеуге назар аудардым.

Біздің республикамыза аталған тақырыпқа байланысты жұмыстардың аздығына байланысты және аталған институтты құқықтық реттейтін заңнмаларға шолу жасау арқылы теория және тәжірибедегі ролін анықтауды және кешенді зерттеу жүргізуді жөн көрдім.

Біздің ойымызша әр мемлекетте моральдық зиянды төлеужің құқытық институты болу керек, өйткені әр азаматқа мүліктік емес құқықтар мен игіліктерді қорғауды құқықтық қамтамасыз ету қажет.

Қазіргі кезде азаматтарға тиесілі муліктік емес игіліктер мен өзіндік құқықтарды қорғау және оларға келтірілген моральдық зиянды өтеу мәселелерін заңнамалар дұрыс және бірыңғай қолданулы жағынан ретке келтірілген.

Азаматтарға тумысынан немесе заң бойынша тиесілі мүліктік емес игіліктер мен өзіндік құқықтарды қорғаудың және азаматтарға келтірілген моральдық зиянды толық өтеудің конституциялық құқықтар мен бостандықтарды жузеге асырудың, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам құрудың тиімді тәсілі болып табылады.

Бүгінгі таңда моральдық зиян өтеу институты, біздің ойымызша, ең аз зерттелген болып табылады. Заңды тұлғаға тиесілі, моральдық зиянды былай қойғанда, жеке тұлғаларға өтелу мүмкіндігі мен мөлшері жайлы сот отырысытарында да әр түрлі шешіліп келетіні жұмыста келтірілетін сот тәжірибесінен де анық байқауға болады. Соның өзінде де Қазақстан Рсепубликасының Азаматтық Кодексі, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы № 3 Нормативтік қаулысы және басқа да бірқатар Заң актілерінде көзделетін ережелер бір-біріне қайшы келеді. Ал бұл мәселенің отандық теориялық жағы да айтарлықтай аз. Осының салдарынан заңгерлер мен заң проблемаларымен айналысатын ғалымдардың соңғы кездегі ұсыныстары бойынша моральдық зиянды жан және тән азаптарымен тығыз байланыстыру тенденциясы күшейіп, заңды тұлғаға тиесілі моральдық зиян туралы саны шектеулі заңнамадағы ескертпелерді мүлдем жою жайлы пікірлері қанатын кең жая бастағаны абай қылады. Бұл, жұмыс авторының пікірінше, - жағымсыз үрдіс. Өйткені зерттеуімізде келітірлетін Европа заңнамасының талдауы батыстағы бұл мәселенің өзіміздің еліміздегі үрдіске кері екенін байқауға болады.

Ғылыми зерттеудің тақырыбы ретінде таңданған «Моральдық зиян институты» төңірегіндегі, дәлірек атйқанда, моральдық зиянның заңды тұлғаларға өтелу мүмкіндігі мәселесі – бұл, біздің ойымызша, қазіргі күнде қоғамда қалыптасып жататын белгілі бір процестердің талабы. Бәрімізге белгілі болғандай, заң нормалары қоғамда өз орнын тапқан қатынастардан, яғни олар, пайда болған кезінен көп кейін қабыладанды. Сонымен бірге мұндай нормалар баршаға танымал

тұрақтанған мораль (өнегелік) қағидаларына қайшы келмеуі тиіс екендігі де рас. Демек, қазіргі заңнамаларға енген моральдық зиянды заң тұлғаларға өтеу мәселесі – қалыптасқан нақтылы факт.

Азаматтық заңдар – моральдық зиянды өтеу, зиян келтірген барлық жағдайларда қолдануын көздейді. Соттардың құқық қолдану тәжірибесі жоғарыда аталған қаулы негізінде жүруін констатациялаймыз. Қазіргі кезде субъектілердің шарушылық қызметін бұқаралық ақпарат құралдары сынға салған соң қадір-қасиеті мен ар-ожданын қорғау талаптырының саны өсіп отыр және өз алдына сөз бостандығы конституциялық құқығына қауіп туғызады. Прессаға іс-жүргізушілік диффренециация арқылы материалдық боспалау жүргізіледі. Заң талабы бойынша шаруашылық субъектілер іскерлік беделін түсіретін мәліметтер жалған болу керек, осыған байланысты моральдық зиян өтеу алдында сын субъектісі мен сын авторы іс-мәнін ашатын шаруашылық дауын сотта қарау керек. Келесі мәселе сот тәжірибесінде судьялар материалдық және моральдық зиянды өтеуде, моральдық зиянды материалдық мөлшеріне қатысты анықтау тәжірибесі орын алады.

Аталған Жоғары Сот пленумының қаулысының 4 пункті моральдық зиян өтеу мөлшері, мүліктік зиян бойынша қанағаттандырылған талап, шығындар мен өзге де материалдық талаптарға тәуелсіз анықталуға тиіс. Бұл мәселені шешу үшін моральдық зиянды анықтау ортақ барлық жағдайларды қолдану мүмкін критерий болу керек. Осы мөлшермен жәбірленуші келісуі соттың жәбірленуші жан және тән азабы үшін талаптың толық қанағаттануын білдіреді.

Англия мен Америкадағы моральдық зиянды өтеу кең құқықтық тәжірибесі жинақталған. Басты ерекшеліктерін атап кетейік. Біріншіден, терминлогияда моральдық зиян – психикалық зиян, писхиатриялық зиян, жуйкелік тітіркену, кәдімгі тітіркену қарастырылған, терминдер сан алуандығы жоктриналдық жолдар ауқымдығын көрсетеді. Жүйкелік тітіркену (психикалық зиян) диагностика арқылы анықтауға мүмкін психикалық шалдығу. Талапкерге мұндай зияндар келтіргенде немесе келтіру қаупі мүмкін болған жағдайларда талап беріледі. Жәбірленуші – оқиғаны тіке көріп, жақын қашықтықта сезім мүшелері арқылы зиян қаупін көтеру немесе болу мүмкіндігін сезінуі тиіс. Келесі зиян келтіру түрі – эмоциональдық алаңдау. Яғни, тұлғаның дискомфорттық күні, бұл талап: а) Денеге жарақат келтірмегенде; б) Шарттық міндеттеме бұзылғанда беріледі. Қылмыскерлермен келтірілген моральдық зиян үшін арнайы кесте белгіленген, сол кестеде қылмыс ауырлығына байланысты өтеу мөлшері белгіленген және өтелетін моральдық зиян психикалық аман-есендік үшін емес, қылмыс жасалудан соң кейінгі 6 апта ішіндегі психикалық әл-ауқаттық пен белсенділік бұзылуы үшін, яғни реабилитациялау функциясы көрінеді [1; 31].

Біздің азаматтық заңдарымызда моральдық зиян жеке мүліктік емес құқықтары мен игіліктерін бұзу, айыру және құқық бұзушылық нәтижесінде келтірілген тән және жан азабы анықтамасы берілген. Берілген анықтаманың өзінен моральдық зиян институтының зиян орнын толық қамтымағанын көруімізге болады, бас деликт қағидасына сай барлық келтірген зиян толық өтелуге тиіс. Бұл қағиданы Англия, Америка құқық тәжірибесі толық қамтуын көруімізге болады. Ал, отандық моральдық зиянды өтеуде бірқатар кемшіліктер бар. Осы мәселе бойынша моральдық зиянды өтеу талаптарын:

1. Психикалық зиян – адамға психикалық шалдыққаны үшін /эмоционалдық алаңдау, дискомфорттық күйі/ келтірген зиянды өтеу, басшылққа адам сезімдері мен эмоционалдық күйі алынады.

2. қылмыспен келтірілген моральдық зиянды өтеу-құқық бұзушылықтар түрлеріне байланысты өтемақыны дифференциялап тағайындау.

Тұлғалардың жеке мүліктік емес құқықтарына келтірілген моральдық зиянды өтеу, мұндай бөлініс, азаматтар мен заңды тұлғалардың моральдық зиянын өтеуге қарсы шығушылардың бірі Б.Раймбай моральдық зиян мен заңды тұлғалардың іскерлік беделге бөлу қажеттілігі мәселесін көтеріп отыр [1;31]. Іскерлік бедел кәсіпкерлік айналымдағы айрықша орнына байланысты мұндай құқықтық бөлу орынды болады деп есептейміз. Моральдық зиянды өтеу институтының мақсаты жеке тұлғаға қол сұқпаушылықты қорғау. Аталмыш институтының басты функциясы қалпына келтіру, бірақ зиян орнын толтыру тек осы функциясын атау деликтілік жауапкершілік рөлін төмендетеді, осы жерде алдын алу функциясы да орнын алады.

Жеке тұлға мүдделерін толық қорғау және адам өмірі мен денсаулығына ұқыпты қарауын тәрбиелейді. Дүниеде көптеген мемлекеттерде іскерлік беделін қорғау және моральдық зиянды өтеу соттарда қаралып отырған істердің ауқымды бөлігін қамтиды. Қазақстанда тек 90-жылдар басынан соттарды моральдық зиян өтеу институтының дамуына байланысты істер қарала бастады. Қазіргі кезде моральдық зиянды өтеу мәселелері Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексі,

«Әскери қызметкерлер мен отбасы мүшелерінің статусы мен әлеуметтік қорғау туралы» заң, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заң және т.б. нормативтік актілермен реттеледі. Қазақстан Республикасы Конституциясының 17, 18 баптарына сәйкес тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиеті әр адамның туылғаннан пайда болған және жарымас құқықтары. Ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау азаматтардың маңызды конституциялық құқығы. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде заңды тұлға іскерлік беделін қорғау (9 б., 14, 141, 143 б.б.) моральдық зиянды өтеу талап ету құқығы бекітілген. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 951-бабына сәйкес, моральдық зиян жеке және заңды тұлғалардың өзіндік мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемсітілуі немесе олардан айырылу, соның ішінде жәбірленушінің өзіне қарсы құқық бұзушылықтың жасауы салдарынан басынан кешірген (төзімін тауысқан, уайымға салынған) жан азабы немесе тән азабы (қорлауға ызаландыру, қысым жасау, ашуландыру, ұялту, түңілту, тән қинауы, залал шегу).

Азаматтық кодекс – моральдық зиян келтіру жағдайларына әр түрлі амалдар қарастырған: бір жағынан зиян жеке мүліктік емес құқықтарға қол сұғу арқылы, екінші жағынан материалдық емес игіліктер категориясымен қамтылмаған құқықтармен мүдделер (фирмалық атау, тауар белгілері). Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 951-бабында берілген анықтамада тұлғаға келтірілген тән немесе жан азабы орын алу үшін келесі шарттардың сақталуы тиіс:

- Құқыққа қарсы әрекеттер нәтижесінде.
- Жәбірленуші абсолютті құқықтарына қол сұғылу керек.

Яғни, моральдық зиян өтеу алдын ала шартты-тәндік және жан азабын туғызушы нақты құқық бұзушылық құрамын анықтау. Моральдық зиян ұғымын ашу қажет, келтірілген кез келген зиян объективті құбылыс деп қараймыз, ал азапқа ұшырау субъективті болады. Моральдық зиян ретінде жеке құқықтарының объективті болмыс фактісі деп қарауымыз керек, осы кездегі сезімдер ескерілмейді, мысалы: қадір-қасиетке нұқсан келтіруші мәліметтер тарату моральдық зиян келтіру негізінде осындай мәлімет тарату фактісі болады, тарауға байланысты сезімдер сезінілуі негіз болмайды. Енді тән және жан азабы ұғымдарын ажырату керек. Тән азабы үшін зиян орнын толтыру ол адам ағзасының дисфункцияларын немесе сыртқы көріністерін азайту немесе жою. Жан азабын өтеу – адам ағзасына зиян келтіруіне байланысты азабы, уайымға салуды жою немесе басуды көздейді [2;22]. Осы заңгер А.М. Эрделевский моральдық зиянды өтеуде, өтем соммасын анықтау критерилерін анықтаған оған: Зиян келтіруші кінәсінің дәрежесі, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 981-бабы 3-тармағында зиян келтіруші кінәсіне қарамастан моральдық зиян өтеу көзделген: а) зиян жоғары қауіптілік көз арқылы келтірілсе; б) зиян азаматқа құқық қорғау және сот органдары заңсыз әрекеттермен келтірілсе; в) зиян ар-ожданына, қадір-қасиеті мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер тарату арқылы. Жәбірленушінің жан және тән азабының дәрежесіне байланысты моральдық зиян көлемі анықталады. Азап дәрежесі – тұлғаның жеке бас ерекшеліктеріне байланысты да ескеріледі. Жан және тән азабының сипаты: заң шығарушы азап түрлерін бөліп көрсеткен ол: а) тән азабы – ауру, қысылу, бас айналу; б) жан азабы – қорқу, ұялу, түңілту. Моральдық зиян бағалау сот органдарымен жүргізілетіндіктен осы екі талап қатаң сақталу тиіс, яғни келтірілген зиян ауырлығы мен тереңдігіне байланысты бағалану тиіс. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 952-бабының 2-тармағында объективті деректер келтірілген:

а) қол сұғу объектісі болған игіліктер (өмір, денсаулық, ар-ождан, қадір-қасиет, бостандық, тұрғын үйге қол сұқпаушылық);

б) өмірлік маңыздылығы, құқық бұзушылық зардаптар ауырлығы (жақын туыстарын өлтіру, бас бостандығынан айыру, жұмыстан немесе тұрғын үйден айыру);

в) ұятқа қалдыратын жалған мәліметтер тарату сипаты мен аясы;

г) жәбірленушінің өмір сүру жағдайлары.

Аталған мән-жайлар ескеріліп зиянды анықтау орынды әрі әділді болу керек. Жәбірленушінің кінә дәрежесі және зиян келтірушінің мүліктік жағдайы. А.Эрделевский презумпцияланған моральдық зиян ұғымын құқыққа қарсы іс-әрекеттерінің қоғамдық бағалануын көрсетеді. Сонымен қатар презумпцияланған моральдық зиянды әр түрлі құқық бұзушылықтарға қатысты салыстырмалы шкаланы және формуланы ұсынады [3; 9]. Әр құқық бұзушылық түріне төменгі жалақы көрсеткіштері бойынша базистық мөлшері көрсетілген және соған өатысты презумпцияланған мораль зиян мөлшері бар, мысалы: денеге ауыр жарақат келтіру, жалақы базис көрсеткіші 54-76, презумпцияланған мораль зиян мөлшері 0,80. жоғарыда берілген критерийлерді есептеу жеңілдігі үшін келесі формула бар.

$D = d \times fv \times i \times C \times (1-fs)$

D – моральдық зиян өтеу мөлшері
d – презумпцияланған моральдық зиян мөлшері
fv – зиян келтіруші кінә дәрежесі
fv – 0,25 - өрескел абайсыздық
fv – 0,5 – қасақаналық
i – жәбірленуші жеке бас қасиеттерінің коэффициент, мұнда
o≤; ≤2
fs – жәбірленуші кінә дәрежесі, мұнда o≤ fs ≤1
fs =0,5 өрескел абайсыздық
fs=1 қасақаналық

Моральдық зиян өтеу құқығы азаматтар мен заңды тұлғаларға бірдей құқықтар берілген. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 141, 143 баптары(4) және Жоғары Сот Пленумының 22.12.1995 жылғы «Соттардың моральдық зиянды өтеу заңдарын пайдалану тәжірибесі туралы» қаулысында көрсетілген. Моральдық зиян тек ақшалай түрде өтеледі. Ал, ақшалай түрдегі көлемді сот анықтайды және Жоғарғы Соттың қаулысында, сот ақшалай түрде моральдық зиян көлемін анықтаған кезде, жеткіліктілік және шындық, адалдық қағидаларын ескеруі керек деп көрсетілген. Бұл жердегі қағидалар ескерілді деп санаймыз, егер де азаматтың мүліктік емес құқықтарына келтірілген зиянға байланысты барлық жағдайлар ескерліген болса. Бірақ тәжірибе көрсетіп отырғандай, моральдық зиянды өтеуге байланысты объективтік критерийлердің болмауы бірдей істер бойынша моральдық зиян мөлшерін анықтауға қиындық тудыруда.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Раймбай Б.Т. «О возмещений морального вреда и деловой репутаций юридических лиц. Актуальные вопросы гражданского право» Алматы 2001

2. Эрделевский А.М. Моральный вред: соотношение с другими видами вреда. Журнал Россиская юстиция. 1998

3. А.М. Эрделевский «Критерии и метод оценки компенсаций морального вреда». Журнал Государство и право. 1997

4.Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы және ерекше бөлімдері) ө Алматы: ЮРИСТ, 2012.

**Резюме**

В этой статье автор рассмотривает вопросы особенности возмещении морального вреда причененной юридическим лицам.

**Summary**

In this article the author questions rassmotrivaet particular moral damages prichenennoy entities.

# ЭКОНОМИКА И ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

## АӨК КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ БӘСЕКЕЛІК ЖАҒДАЙЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕУІН ЖАҚСАРТУДЫҢ ОҢ БАҒЫТТАРЫ

**Қангереева А.,**
Қайнар Академиясының магистранты

*Бұл мақалада агроөнеркәсіптін қазіргі таңдағы бәсекеге қабылетті жұмыс атқарушынының және бәсеке қабілеттілігі арттыру мәселелері қарастырылған.*

***Түйін сөздер:*** *шикізат, өнім, бәсеке, механизім, несие, саяси, инновация, тауар, табыс, кезен.*

Бүгінгі таңда Қазақстан ірі өнімдерінің өндірушісі және оларды экспорттаушы болып табылады. Қазір біздің негізгі бағытымыз сала өнімдерінің өткізу нарықтарын кеңейту үшін БСҰ-на мүше болу. Бұл үшін барлық саладағы өндірілетін өнімдердің жоғары сапалы және бәсеке қабілетінің өте жоғары болуы шарт. Сондықтан, біз өндірістерге әлемдегі соңғы жетістіктерді, жаңа технология, жаңа құрал-жабдықтар, жаңа ұйымдастырушылық-басқарушылық әдістер енгізуіміз керек. Бұл үшін ең алдымен қаржы көздері қажет, қазіргі кезде негізгі қаржы көздері болып-шетелдік және отандық инвестициялар, мемлекет тарапынан бөлінетін субсидиялар басым бағыттары болып табылады.

Өнімдердің бәсеке қабілеттілігі оны шығарушы кәсіпорындарға да, мемлекетке де тиімді, осы тұрғыдан, оған қол жеткізудің экономикалық негіздері мемлекет деңгейінде де, кәсіпорын деңгейінде де құрылуы керек. Мемлекет деңгейіндегі мұндай экономикалық механизмнің қызметі ең біріншіден, қаржы-несие және салық саясатында тәуелді. Қаржы-несие тетіктерін пайдалану, біздің ойымызша келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылуы мүмкін:

- өнімдерді өндіруді дамытуға несие ұсынысы;
- несиенің жаңа нысандарының дамуы.

Жаңашыл кезеңде үлкен мәнге тауар өндірушілер арасындағы бәсекенің дамуына жәрдемдесетін өндіру бойынша ұйымдастырушылық құрылымдарды қолдау бойынша қаржылық және несие тетіктері ие. Жаңаларын құру және әрекет етуші шағын кәсіпорындарды дамыту бойынша қаржыландыру іс-шараларын жекешелендіру құралдары есебінен, осы үшін салықтан босатылатын екінші деңгейлі банктерден несиеден республикалық және аймақтық мақсаттық қорларды құру қажет.

Қазақстанда экономиканы одан әрі дамыту еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси өркендеуінің басты басымдылығы болып қалуда, ал экономикалық өсудің максималды жоғары қарқынына жету - міндеті болып отырғаны белгілі. Осы орайда, мемлекеттің тарапынан экономиканы максималды инфрақұрылымды құру жөніндегі оңтайлы істерді белсенді түрде жүзеге асыру көзделген. Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" атты Қазақстан халқына жолдауында ұлттық экономикамыздың дамуының төмендегідей жолдары ерекше атап өтіледі:

- Экономиканы әрі қарай жүйелі жалғастыру және дамыту;
- Қазақстан экономикасының айқындылығын күшейту;
- Индустриялы – иновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру;
- Иинфрақұрылымды дамыту.

Өнімнің бәсекелік қабілетін бағалау нәтижелері мен өнім жайлы сараптама қортынды шығару және нарықтық мәселелерді шешу үшін, өнімнің бәсекелік қабілетін оңтайлы түрде арттыру жолдарын таңдау қажеттігі туындайды [1].

Аграрлық реформа Дүниежүзілік банктің индексі (ЭКА ауыл шаруашылығы реформасы Index) бес параметрлері бойынша саяси және институционалдық реформа нақты шаралар бағалау үшін қолданылады:

- сауда саясатын және ауыл шаруашылығы тауар бағасының тиісті нарықтық принциптері;
- жер реформасы; АӨК жекешелендіру және монополиясыздандыру 1 және III аймақтары;

- ауылдық қаржы жүйесі;

Аграрлық сектор мекемелеріне қатысты. ТМД елдері үшін бұл көрсеткіш (10-нан) 4,8, Орталық және Шығыс Еуропа елдері - 7,8. Ауыл шаруашылығында ЖІӨ-нің өсу және еңбек өнімділігінің деңгейі, саяси индексінің мәні жоғары, жоғары екенін көрсетеді Дүниежүзілік банк әзірлеген индексі ауқымды аграрлық реформалар, есептеу үшін ұсынылған.

Басқаша айтқанда, ел нарықтық және саяси реформалардың кең ауқымды іске асыру барысы, сондай экономикадағы қадамдар жасауда. экономикалық жүйелерін қайта салалық және салааралық subcomplexes тұрғысынан аграрлық реформалар негізінен батыл базалық экономикалық саясаттың тиімділігі.

Өнеркәсібі дамыған елдерде тиімді аграрлық реформаны жүзеге асыру үшін сөзсіз ауқымдағы экономикасының жоғалуына аз ірі шаруашылықтардың бөлімін туғызады мүлдем жеткіліксіз тек қайта бөлуге болып табылады. Ауыл шаруашылығы өндірісінің үнемдейтін технологиялар шағын көлемді шаруашылықтар үшін қолайлы емес. Аграрлық құрылымы түбегейлі өзгертуге технологиясын бейімдеу әдетте шығару және азық-түлік тұтыну төмендеуіне құлайды, оның ішінде ұзақ уақыт, қабылдайды.

Базалық және саясат реформа үлесін ажырата білу үшін регрессиялық талдау екі негізгі құрамдас комбинациясы ұсынылды:

Бірінші компонент (PC1) қатты кері табыстың деңгейі, күрделілігіне тікелей тәуелді және экономика ауыл шаруашылығы үлесіне байланысты, сондықтан өтпелі кезеңнің басында даму деңгейінің көрсеткіші ретінде сипаттауға болады;

Екінші компонент (PC2) орталық жоспарлау кезең ұзақтығы күшті тікелей тәуелділік, жер учаскесін алдын ала реформа жеке меншік болуына күшті кері қарым-қатынаста болып табылады, сондықтан өтпелі кезеңнің басында штамм деңгейінің көрсеткіші ретінде сипаттауға болады.

Қазіргі уақытта, алайда, бұл асимметрия осы факторы бойынша күштердің теңсіздікті көрсетеді. Ақпарат тепе-теңдігін бұзады және тікелей бағалар мен табыстар деңгейінің көрсетіледі үлкен ұйым - азық-түлік тізбегінде соңғы сатысында төмен агенттердің концентрациясы (фермерлер, халық), және делдал болып табылады[2].

АӨК азық-түлік маркетинг тиімділігі және нәтижелілігі нарықтық ақпаратты болуымен анықталады.

| | | |
|---|---|---|
| **Ауылшаруашылығы нарығы инфрақұрылымның элементтері** | Өндірістік инфрақұрылым | Қолдау кәсіпорынның негізгі өндірісіне қатысты іс-шаралар, облыс, салалық;; оның ішкі инфрақұрылым компаниялары сияқты өз құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ сыртқы инфрақұрылым сияқты басқа да ұйымдарға қызмет көрсететін жеке тұлғалар ретінде бар. |
| | Коммерциялық инфрақұрылым | Айналымы саласында өнім қозғалысының барлық кезеңдерінде өнім, тауар және қызмет көрсету құралдарын нарығының жұмыс істеуін қызмет көрсететін мекемелердің жиынтығы |
| | Кәсіпкерлік инфрақұрылым | Бизнес қызметтері, жарнама және маркетинг қызметтер, жалға беру, лизинг, консультативтік қызмет көрсету, инженерлік, көлемі уақытша еңбек қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін |
| | Қаржылық инфрақұрылым | Мекемелерде (несие және банк мекемелерінің, қор биржаларының, қаржылық, инвестициялық, сақтандыру компаниялары), ақша шегінде әрекет, бағалы қағаздар, инвестициялық нарықтардың және олардың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін функцияларды жүзеге асырады |

Сурет 1–Ауылшаруашылығы нарығы инфрақұрылымның негізгі элементтері[3].

Қазіргі уақытта Қазақстанда мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың аса көп нормативтік құжаттары бар, олар эканомиканың салаларында инновациялық қызметті реттейді, соның ішінде агроөнеркәсіп өндірісінде, мемлекеттік инновациялық саясаттың негізін белгілейді. Оларға «Ғылым туралы», «Мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат туралы» республиканың заңы және т.б. құжаттар. Инновация туралы заң, сонымен бірге «2003-2015 жж. ҚР индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы» әзірленді және бекітілді[4].

Осыдан келе, инновациялық үрдісті өндірістік-экономикалық жүйеде ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтердің нәтижелерін жүйелі қолдануға мүмкіндік беретін, техника-технологиялық және ұйымдастырушылық-басқарушылық кезеңдерін өзара байланыста және өзара тәуелділікте қарастыру ұсынылады. Инновациялық кезең жаңалықтың немесе ғылыми әзірлеменің пайда болуы мен оларды өндірістік үрдісте қолдану арасындағы уақыт мерзімін көрсетеді. Инновациялық кезеңнің ұзақтығы төмендегілерге байланысты: 1) өндірістің технологиялық деңгейіне, 2) игеруге ортаның бейімделу қабілеттілігі және 3) сыртқы қаржылық-экономикалық факторларға. Қазіргі таңда агроөнеркәсіп өндірісінде инновациялық үрдістерді бейімдеу арқылы және аумақтың табиғи, өндірістік және ғылыми-техникалық әлеуеттерін үйлесімді пайдалану факторларын есепке ала отырып, агроөнеркәсіп өндірісін жүргізуге бағытталған.

Агроөнеркәсіп өндірісінде инновацияны игеру тәжірибесі негізінде технологиялық, техникалық құралдар мен қондырғылар, нақты агроклиматтық және өндірістік жағдайларды есепке ала отырып өсімдіктің жаңа немесе жетілдірілген сорты мен нәсілді малдарды қолдану қажет. Сол үшін инновациялық үрдістерді дамыту, инновациялық қызметтердің жаңа түрлерін құру, агроөнеркәсіп өндірісінің аймақтық ерекшеліктерін есепке алу, ғылыми техникалық және инновациялық саясатты қалыптастыруға әдістемелік жанасуларды негіздеу өте өзекті мәселеге айналуда және өз шешімін табуды қажет етеді.

Елдің азық-түлік қауіпсіздігінің және экономиканың аграрлық саласының бәсекеге қабілеттілігінің мәселелерін шешу агроөнеркәсіптік кешендегі технологиялық олқылықтарды қамтамасыз ететін, өндіріске жаңа инновациялық тәсілдерді әзірлеуге және енгізуге бағытталған аграрлық ғылымның дамуымен тығыз байланысты.

Қорыта айтқанда, көп салалы экономика жағдайында жергіліктіагроөнеркәсіп кешенін дамытудағы ұйымдадастыру - экономикалық тетіктерін басқару аспектілері толық жетілмеген болды. Барлық ұйымдастырушылық-құқықтық шаруашылық түрлерінің дамуына әсер ететін негізгі фактор, салааралық қатынастарды мемлекеттік реттеу тетігінің қалыптасу тиімділігі, ауыл шаруашылығындағы өндірушілер мен өнеркәсіптік қор өндіруші салалар арасындағы өнім айырбасының баламалығы, сонымен қатар инновациялық кәсіпкерлікті ынталандыру болып табылады.

Басқа мемлекеттермен салыстырғанда Қазақстанда өнеркәсіпті дамытуға барлық жағдайдың бар екендігі белгілі. Шикізат қорларының молдығы, еңбек ресурстары мен білімді және интеллектуалды мамандардың жеткіліктігі, жаңа өндірістер құру үшін аймақтардың кеңдігі, жағрапиялық жағынан орналасу тиімділігі, ішкі және сыртқы нарыққа шығудағы бірқатар артықшылықтар – мұның бәрі өнеркәсіп салаларын, соның ішінде өңдеумен айналысатын кәсіпорындардың алдында жаңа мүмкіндіктер ашады. Әрине, отандық өнеркәсіптің қарқынды дамуына теріс әсерін тигізер факторлар мен кедергілер жоқ емес.

**ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Нурайдын Б.Т Инновационно технологическое развитие АПК Казахстана// Проблемы агрорынка, 2010.-№3.

2. Тугелбаева Е. Ресурсный потенциал региона и приоритетныенаправления развития // Транзитная экономика - 2014, №2.

3. Әмірбекұлы Е. Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуының бүгінгі нәтижелері және болашақ бағдарлары // «Мұнай-газ индустриясының инновациялық даму мәселелері» тақырыбындағы үшінші халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, Алматы, 2009.

4. Пипия Л.К.Современные тенденции в формировании научной и инновационной политики // Инновации - 2008 - №12 (222).

**Резюме**

В этой статье рассмотрены вопросы повышения конкурентоспособности и конкурентоспособных рабочих в современный аграрной промышленности.

**Summary**

In this article the questions of increase of competitiveness and competitive workers in the modern agricultural industry.

# ОСНОВЫ УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ В МАЛОМ СРЕДНЕМ БИЗНЕСЕ

**Абдибеков С.У.,**
**Онгарбеков Д.,**
Академии Кайнар

*В статье рассматривается риск менеджмент персонала, система принципов управление менеджера в малом и в среднем бизнесе.*

***Ключевые слова:*** *менеджер, специфика, управление, предприятия, руководство, цели, фактор.*

Уровень менеджмента и квалификации кадров - ключевые факторы определяющие успех в бизнесе независимо от его масштабов. В малом бизнесе наличие квалифицированного персонала имеет особое значение. В небольшом предприятии велика цена ошибок или неэффективной работы каждого, поскольку именно интенсивный труд, высокое качество работы, мобильность кадров и предприятия в целом являются конкурентными преимуществами малого бизнеса по сравнению со средним, а тем более крупным. Специфическая характеристика менеджмента в малом бизнесе, выступающая в качестве барьера для развития, - невысокий уровень специализации управленческих функций. Он приводит к необходимости «всем заниматься всем». Прежде всего это относится к первому лицу.

Менеджмент определяется как система принципов, методов, средств и форм управления, направленная на рациональное использование всех ресурсов предприятия во имя достижения поставленных целей [1,71С]. На малом предприятии добавляется еще и своя специфика, исходя из того круг вопросов, охватываемых руководителем весьма богат, или из того, что хочет руководитель или нет, ему приходится теснее сотрудничать с подчиненными, чтобы они продуктивнее работали. Именно достижение продуктивности работы предприятия, получение конкретных результатов характеризуют менеджера (руководителя) как специалиста по управлению.

В этой связи различают менеджера по вкладу (выполнение соответствующих функций) и по результатам (иногда такой подход называют «управление по целям»). Различия подходов к управлению тех и других руководителей приведены в таблице 1.

К сожалению, в практике руководства малыми предприятиями нередко имеет место случаи такие, что для осуществления текущего руководства деятельностью предприятия учредителем директор предприятия назначается исходя из субъективного фактора личных симпатий, исходя из родственных связей. И назначенный на управляющую должность оказывается «удовлетворяющим» многим критериям второй колонки вышеуказанной таблицы, что просто губительно сказывается на развитии доверенной такому управленцу предприятия. Но есть и другой тип руководителя, более предпочтительный для малого предприятия, так как малое предприятие должно быть, по определению, более гибким (что способствует более быстрой адаптации к изменениям условий внешней среды) – тип руководителя по результатам. Владельцы отечественных малых предприятий подбирают управленческий персонал для предприятия именно такого типа и сами придерживаются такого типа руководства при совмещении полномочий собственника и руководителя.

Таблица 1 - Различия подходов к управлению менеджера по вкладу и менеджера по результатам

| Руководитель по результатам | Руководитель по вкладам |
|---|---|
| В своей деятельности принимает во внимание окружение, как своего предприятия, так и внешнее. | Активность концентрируется только на своих подчиненных и коллегах по работе |

| | |
|---|---|
| Вырабатывает принципы деятельности для своих подчиненных и для всего предприятия | Осуществляет принципы деятельности, выработанные другими |
| Делегирует значительную долю другим, выступая хорошим «тренером» | Стремится держать все ниточки управления в своих руках, выступая в качестве «игрока» |
| Принимает во внимание требования сложившейся ситуации | Действует схематично даже в изменяющихся условиях |
| Дает подчиненным возможность показать себя | Стремится сам преподнести как свои, так и чужие идеи |
| Поощряет подчиненных ставить перед собой высокие цели | Заинтересован в основном только своей карьерой |
| Способен отличить существенное от несущественного (в смысле рационального использования времени) | Застревает в рутинных вопросах, на решение которых уходит большая часть его времени |
| Стремится совершенствоваться в областях, которые ему мало известны | Ограничивает свои интересы теми специальными областями, которые освоены им во время учебы и на практической работе |
| Прибегает к конструктивной критике деятельности организации | Критикует методы работы |
| Не боится риска и ответственности | Боится риска и стремится действовать наверняка |

Казахстанский малый бизнес действует в условиях неустойчивой среды. Добиться успеха здесь невозможно, если дожидаться изменений и затем на них реагировать. Руководители, менеджеры малого бизнеса должны действовать как предприниматели. Это означает, что предприимчивый менеджер активно ищет возможности, добивается изменений и совершенствования работы предприятия, не боится риска, связанного с организацией нового предприятия или разработкой новых идей, продукции, вида услуг.

В этих целях менеджер не только сам должен быть предпринимателем, но и стремиться культивировать дух предпринимательства на предприятии, в коллективе, создавая атмосферу подлинно творческой деятельности, давая простор для использования индивидуальных способностей каждого сотрудника.

Таким образом, малые предприятия, рассчитывающее не только на выживание, но и на успешную деятельность, должны иметь предпринимательское управление, то есть менеджера обладающего не просто хорошими качествами руководителя, но и обладающего достоинствами предпринимателя, творческим отношением к делу, проявлением инициативы, постоянным стремлением к новаторству, поиску нетрадиционных решений и возможностей, и, что особенно важно, постоянной готовностью к риску и изысканию способов его преодоления.

Руководитель малого предприятия имеет дело с исполнителями. Это требует от него выполнения разнообразных функций. Трудно предусмотреть все, с чем приходится сталкиваться ему в повседневной деятельности. И нет среди этих дел ни одного, о котором можно было бы сказать, что оно не имеет значения. Функциями руководителя являются выработка и принятие управленческого решения, организация, регулирование, корректирование, учет и контроль, анализ, прогнозирование, планирование, мотивация и стимулирование, и многое другое.

Основными функциями руководителя коллектива являются административно-производственная и социально-воспитательная [2,624С.]. Так, административно-производственная функция заключается в умении руководителя эффективно организовывать производство и создать комфортные условия работы для членов коллектива. В практике данная функция хорошо реализовывается руководителем, если он сам ранее работал непосредственно на данном или похожем производстве и знает изнутри, как может работаться его работникам при изменении тех или иных условий. Социально-воспитательная функция основывается на

отношении руководителя к делу, которое показывает пример коллективу, создает в нем благоприятный психологический климат. Руководитель должен создать условия, которые способствовали бы созданию творческой атмосферы, проявлению инициативы, подъему сознательной дисциплины. Часто приходиться слышать мнения наемных работников на малых предприятиях, которые утверждают, что у руководителей предприятий, на которых они работают, подход один – «не нравится – ищи другую работу».

Действия руководителя имеют не только поизводственно-экономические, но и социально-психологические последствия. Наибольших успехов достигают те руководители, которые сочетают хозяйственные и воспитательные функции. Опираются на коллектив, привлекают его членов к решению общих дел.

Деловое творческое настроение в коллективе способен создать только руководитель, наделенный чувством ответственности за порученное дело, готовность к ответственности – отличительная черта настоящего руководителя.

Еще одна необходимая черта настоящего руководителя – решительность. Что бы ни произошло, какая бы ни возникла ситуация, коллектив ждет от него решения. Если он колеблется, пытается переложить решение на других, люди теряют уверенность, снижается трудовая активность, падает и авторитет. В любой обстановке руководитель должен быть собранным, сохранять спокойствие, бодрость. Важную роль играет способность и талант руководителя как координатора. Координирующая функция руководителя состоит в том, чтобы обеспечить единые, целенаправленные действия всех членов коллектива.

Функции управления коллективом реализуются с помощью определенных методов руководства, которые представляют совокупность приемов управления, используемых руководителем. Они обычно зафиксированы в специальных уставных положениях. Стиль поведения руководителя складывается в процессе выполнения им профессиональных управленческих функций. Профессиональное мастерство руководителя – это умелый выбор методов и приемов управляющего воздействия на коллектив и отдельные личности [3, 78С.].

В недавнем прошлом при характеристике методов управления все внимание сосредотачивалось лишь на экономических и административных методах. Однако за последнее время сформировалось представление о наличии трех основных групп методов управления: экономических, организационно-распорядительных и социально-психологических.

Экономические методы представляют собой комплекс экономических рычагов, создающих условия, при которых выгодно работать хорошо.

Административные (организационно-распорядительные) методы решают те же задачи, что и экономические, но отличаются формами и приемами воздействия (однозначное воздействие, продиктованное приказом или распоряжением).

Социально-психологические методы заключаются в создании таких отношений в коллективе, при которых выбор желательного руководителю поведения осуществляется добровольным подчинением, в соответствии с ценностями и нормами коллектива. Важнейшим элементом социально-психологического метода является убеждение. Все три способа воздействия – принуждение, убеждение и просьба – имеют равное право на существование в деятельности руководителя коллектива, и трудно сказать, какой из них является наиболее эффективным.

Стиль руководства – это совокупность определенных принципов, наиболее характерных и устойчивых методов решения поставленных задач и проблем, возникающих в процессе реализации функций руководства. В стиле руководства проявляется и характер применения методов, и индивидуальность руководителя, его личные качества.

Можно выделить три стиля руководства: директивный, товарищеский и попустительский [4, 74С.].

В практике отечественных малых предприятий часто встречается директивный стиль, который проявляется в том, что руководитель жестко регламентирует задачи и методы деятельности подчиненных, сосредотачивает решение всех вопросов в своих руках, практически не советуется с подчиненными, не терпит возражений и обсуждения своих решений. Часто это объясняется психологией поведения «хозяина-барина», либо боязнью, что никто кроме него не сможет принять правильного решения и это может отрицательно сказаться на положении дел на предприятии. Постепенно в белорусском малом бизнесе начинает приобретать вес демократический стиль, особенно на малых предприятиях, где руководство состоит из молодых и прогрессивных управляющих. Руководитель, придерживающийся

демократического стиля, информирует членов коллектива о планах, советуется с ними и считается с их мнением, принимая решения. Такой руководитель избегает навязывания своего мнения подчиненным, обсуждает с ними возможные варианты, предоставляет самостоятельность в том, что касается сферы действия каждого, использует их инициативу.

Тон общения руководителя с подчиненными дружеский, располагающий к сотрудничеству. Этот руководитель находится в товарищеских отношениях с подчиненными, хотя и соблюдает необходимую дистанцию. Руководитель отдает предпочтение методам убеждения и стимулирования. Он применяет главным образом экономические и социально-психологические методы руководства, но в должный момент использует и приказ. К санкциям прибегает лишь тогда, когда исчерпаны все другие методы.

В последнее время в отечественном бизнесе все чаще используют теорию элементов управления по результатам. Сущность концепции – целостная система управления, ориентированная на конечные результаты и основанная на использование творческого потенциала трудового коллектива, современных методов и техник управления. Цели – это те ключевые результаты, к которым предприятие стремится в своей деятельности на протяжении длительного периода времени [43, с.364]. Цели не являются постоянными величинами, они пересматриваются в связи с изменениями внутренних и внешних условий, при достижении целей или вследствие признания их ошибочности.

Стадии процесса управления:

1) планирование результатов, включающее стратегическое, годовое и индивидуальное планирование (планы работы лиц, занимающих ключевые посты);

2) достижение результатов на основе ситуативного руководства, отражающего неопределенность и динамичность предприятия и его окружения. При этом обращается внимание на стиль управления, методы и технику руководства, настойчивость, творческий подход, изучение окружающей среды, людей и их дел;

3) контроль с целью оценки достигнутых результатов, способов выполнения намеченных мероприятий. Оценка результатов завершается выводами, которые учитываются в дальнейшей работе.

При управлении по результатам предполагается совершенствование структуры предприятия, воспитание профессионально подготовленных руководителей. Само развитие выступает как процесс изменений, которыми можно управлять.

Таким образом, управление по результатам ориентирует на достижение конкретных показателей вместо простого выполнения функций и, значит, дает возможность оценить способности менеджера как руководителя предприятия, организатора эффективной работы коллектива. Ведь, в конечном счете, важны именно результаты, а не пути их достижения. Успехи и неудачи предприятия – это в первую очередь успехи и неудачи управления. И если малое предприятие работает плохо и нерентабельно, владельцу следует задуматься, и, может быть, заменить не рабочих, а управляющего менеджера.

**Список использованной литературы:**

1. Пожидаева А. Алгоритм разработки кадровой политики предприятия. // Кадровик. Управление персоналом. – 2006. – № 2. – С. 71.

2. Психология управления персоналом: Пособие для специалистов, работающих с персоналом. / Под ред. А.В. Батаршева, А.О. Лукьянова. – М., 2005. – 624 с.

3. Робертс Г. Рекрутмент и отбор. Подход, основанный на компетенциях. – М.: Управление персоналом, 2006. – 78с.

4. Савкова Е. Манипулирование в менеджменте. // Кадровик. Управление персоналом. – 2005. – № 11, 12. – С.74.

**Түйін**

Бұл мақалада тәуекел менеджменті қарастырлады, персонал жүйесіндегі принциптерінің басқару менеджердің кіші және орта бизнесте атқаратын қызметі.

**Summary**

In article the risk management of the personnel, system of the principles management of the manager in small and on average business is considered.

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИСТІК САЛАНЫҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫНА МАРКЕТИНГТІК ТАЛДАУ

**Тогтамурат Б.,**
аға оқытушы, Қайнар академиясының колледжі

*Мақалада Қазақстандағы туристік саланың даму бағыттарына маркетингтік талдау жайында айтылады.*

***Түйін сөздер:*** *туризм, маркетинг, экономика, талдау, нарық..*

Туризм Қазақстанда рыноктық қатынастарды қалыптастыруда көптеген аспектілердің жетекшісі болып табылады. Халықаралық және отандық тәжірибе көрсеткендей, туризм қысқа мерзім ішінде экономиканың ең табысты саласына айналуы мүмкін. Жүргізіліп отырған реформалар мен өзгерістердің әдістемелік жоспарында туризм аясының ең тиімді және мақсатты бағытты саясатын таңдау маңызды орын алады. Осы мақсатта туристік бизнестің дамуына, жеке сегменттердің қалыптасуына ретроспективті және жағдайлық талдау жасау керек.

Тау шыңдары, құздар, сарқырамалар, көгілдір көлдердің алтын жағалаулары жыл сайын ондаған мың туристерді қызықтырады. Аңшылар мен балық аулаушылар олжаларсыз қалмайды. Ежелгі неолит дәуірінен қалған обалар, ортағасырлық мазарлар және басқа да ескерткіштер аймақтың тарихын еске түсіреді.

Қазіргі Ақмола облысының аумағы ежелгі адаммен ашель – мустерлік кезеңінде игерілген. Оны Есілдің бастауларында, Сарысудың орта ағымдарында табылған көне тас қарулары куәландырады.

Орта ғасырларда Ақмола облысының аумағында Абылай хан, Қасым, Кенесары сияқты қазақ тарихында өшпес із қалдырған белгілі хандардың ескерткіштері болды.

Ақмола облысы ұлы ақындардың, композиторлардың, көрнекті тарихи тұлғалардың және қоғамдық қайраткерлердің, талантты артистердің, олардың ішінде: Біржан Сал, Абылай хан, Кенесары, Ақан-серінің туған жері.

«Бурабай», «Зеренді», «Қорғалжын» және т.б. сияқты ерекше әлуеті бар Ақмола облысы, халықаралық туризм жүйесінде өзінің бөлек орнын алуға мүмкіндігі бар; аңшылық, балық аулау, экологиялық, спорттық сияқты туризмнің басқа да түрлерін дамытуға мүмкіндігі бар.

*Щучинск–Бурабай* курорттық зонасының табиғи кешендері тек Қазақстанның туристерін ғана емес, сонымен қатар шетелдік туристерді де қызықтырады. Бұл керемет табиғи-климаттық жағдайлары, сауықтыру– рекреациондық орталықтарының орналасуы, мемлекетаралық әуе, теміржол және автомобиль магистральдарының болуымен байланысты. Щучинск–Бурабай зонасының курорттық ерекшеліктері XIX ғасырдан бастап белгілі. Бірінші қымызбен емдейтін санаторий 1910 жылы Бурабай көлінің жағасына салынды, 1925 жылы Бурабай мемлекеттік курорты ашылды, ал 1927 жылы Щучье - «Бармашино» көлінің жағасында бірінші сауықтыру орны пайда болды.

Атырау облысы. Мыңнан астам археологиялық, тарихи ескерткіштер, сәулетті және монументті өнердің көріністері (54 - тарихи, 119 - монументті өнер, 43- археологиялық және 800-ден астамы діни салулар) ұрпақтарға ата-бабалардың ұлы рухани мұраларын еске салып отырады.

Атырау қаласынан 50 км. жерде болашағы зор туристік маршруттардың бірі орналасқан, ол қазақ елінің бүкіл ежелгі тарихын ашатын «Хан Ордалы Сарайшық» облыстық қорық мұражайы. Өзінің аппақ қардай сұлулығымен және адам қолдарының таңғажайып жасауларымен, жеті ханның осы мұражайы таң қалдырады.

Атырау облысыда өткен ғасырлардың діни (мұсылмандық) архетиктуралық ескерткіштер өте көп, көбінесе көне қорымдар, жерасты мешіттер, қошқартастар, құлпытастар, сандықтастар. Осы ескерткіштер пішіндері мен сәндік өңдеудің саздарының көп түрлілігімен ерекшелінеді.

Шығыс Қазақстан облысы. Бұл керемет көлдердің, тайгалық ормандардың, аңыздармен толы ғасырлық тарихтың жері. Бұл жерде Оңтүстік Сібір, Алтай, Орта Азия және Батыс Қытайды байланыстыратын Ұлы Жібек Жолының солтүстік бұтағы өткен.

Әйгілі «Рахмандық кілттер» орналасқан Катон-Қарағай аймағы ерекше орын алады. Онда Алтайдың ең биік нүктесі – Белуха тауы орналасқан. Облыста келесідей тарихи және табиғи объектілер бар: Катон-Қарағай мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы, Язевое көлі, Марқакөл көлі, Марқакөл қорығы, Алакөл мемлекеттік қорығы, Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығы, «Ертіс

орманы» және «Семей орманы» қорлары, Қозы-Көрпеш және Баян-Сұлу мавзолейі, Бұқтырма су қоймасы, Ақ-Бауыр.

Батыс Қазақстан облысы. Орал маңы – қазақ композиторлары: Құрманғазы, Дәулеткерей, Мұхит, Дина; артистер: Хадиша Букеева, Роза Джаманова, Гарифулла Құрманғалиев; ақын және жазушылар: Хамза Есенжанова, Таир Жароков, Қадыр Мырзағалиев; Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған бірінші Шығыс жерінің қызы Мәншүк Мәметова. Орал – Қазақстанның ең көне қалаларының бірі, Орал өзенінің оң жағасында Шаған өзенімен қосылатын жерінде, ресми деректер бойынша 1613 жылы салынған. Басында ол Ресейдің көшпенділер шабуылынан қорғануы үшін салынған және Яицкий қалашығы деп аталған [27].

Орал қаласының атауы Патшаханым Екінші Екатеринаның жарлығымен 1773-1775 жж. Емельян Пугачевтің жетекшілігімен өткен шаруалар көтерілісінен кейін өзгертілді.

Оралда онға жуық, алдағы ұрпақтарға құнсыз мұра болып қалатын қызықты тарихи және мәдени ескерткіштер бар. Е.Пугаевтің үй-мұражайы, 1751 жылы салынған Михайло-Архангельстің Шіркеуі, Алаш-Орданың Батыс бөлімінің Басқарушылары Халел және Жанша Досмұхамедовтар және т.б. бітірген Оралдың казак әскерлерінің үш жүз жылдығына арналып салынған Құтқарушы Иисус Христостың Ғибадатханасы бар.

Жамбыл облысы. Жамбыл облысының туристік фирмаларымен қызықты маршруттар құрылған, соның ішінде тарихи және экологиялық маршруттар. Қарлы төбелер, терең құздар, арша ормандары және далалар, таулы өзендер және шөлдердегі көлдер, заманауи және қираған ескерткіш ғимараттар – осының барлығын салыстырмалы үлкен емес аумағында көруге болады.

Облыстың Ұлы Жібек Жолында орналасқанын, тарихын, тарихи ескерткіштерін, құпиялы Ақыртас қаласын, көркем ландшафттарды, балық аулау орындарын ескере отырып, туристік фирмалар елге келу және ішкі туризмді дамытумен айналысады. Облыс аумағында келесідей таң ғажайып объектілер бар: Айша-Бибі мавзолейі, Бабаджи-Хатун мавзолейі, Қарахан мавзолейі, Дауытбек мавзолейі, Тектұрмас мавзолейі, Қарақожа мешіті, Қаратау-Биліккөл табиғи зонасы, Ақсу-Жабағылы қорығы.

Қызылорда облысы. Облыстың тарихи және табиғи ескерткіштері келесілер:

- *Сырдария.* Қызылорда облысының қазіргі тұрғындарының ежелгі бесігі. Және бүгінгі күнде ол туралы құрметпен айтады: Сыр ел! Отан. Көбісі Ұлы Жібек жолдың жарық інжу маржаны болған көне заманның көптеген ескерткіштері сақталған. Дженд, Сауран, Янгикент сияқты қалалардың архитекторлық ескерткіштері қиял елестерді бүгін де таң қалдырады.

- *Дженд.* 10- ғасырда қала оғыз-түріктер құрамында болды. 11-ғасырдан бастап моңғол шапқыншылығына дейін Дженд Сырдария жағалауында маңызжы қала болды. Бұл жерде мұсылман әлемінің көрнекті қайраткерлері өмір сүрген. 12-ғасырда ортағасырдағы жазуларға сәйкес Арал теңізі Дженд теңізі деп аталған.

- *Янгикент.* Қаланың осы атымен ескерілуі алғашқы рет 10-ғасырдың жазба деректерінде кездеседі. Арабша: аль-Карьят-аль-Хадиса, пасы тілінде: Дих-и нау. 10-12 ғасырларда қала оғыз әміршісінің ескерткіші болды.

- *Сауран.* Сауран туралы алғашқы құжаттар 10-ғасырдың тарихи еңбектерінде кездеседі. Сол кезде Сауран Сырдария жағасында маңызды стратегиялық және сауда орталығы ретінде танылған. 13-ғасырда Сауран – Ақ Орда астанасы. 14-ғасырдың басында қала Темір әскерінің тұтқынында болды.

Қызылорда облысы бүкіл түркітілдес әлемдегі ерекше құрмет тұтатын көне ойшыл, сырнайшы және гуманист Қорқыт – Атаның Отаны.

Қазақ елінің данышпан, ақын, философтарына кесене-ескерткіштермен көптеген қорымдар сақталған. Олардың барлығы орта ғасырларды көрсетеді. Қызылорда Ақ Мешіт болып аталып (1817ж), Қоқан хандығының бекінісі болған кездерде жобаланған және салынған Сарқырама арығы – қаланың көзге көрінерлік табиғат көрінісінің қызықтысы. Қазіргі уақытта едәуір қалпына келтірілген, ол жазғы ыстықта қалалықтарға салқындық беруді жалғастыруда.

Бүкіл әлем туристері қызығатын Қызылорда облысының негізгі көзге көрінер байлығы "Байқоңыр" әлемдік орталығы болып табылады. Мұнда олар зымыран ұшыруын бақылап, ғарыш мұражайларына барып көре алады.

Маңғыстау облысы. Ақтау қаласы кешенді салынған. Мұнда құзыр жердегі баспалдақ түрінде салынған үйлерді, тұрғын пәтерлері екі деңгейде орналасқан ғимараттарды, ашық кітап түріндегі "аяғы бар" үйлерді және кіреберісті үйлерді, 11 пәтерлі үйдің төбесінде жайғастырылған шамшырақты, төбесі киіз үйдің күмбезіне ұқсайтын сауда орталығын көре алады. 1976 жылы

жобалаушы топқа әлемнің 53 қаласы таласқан алтын медаль және үздік қала құрылысшысы Патрик Аберкромбенің сыйлығына ие болған [28].

Ақтау қаласы теңіз жағасында орналасқан, және онымен теңізде демалуды қалайтын қала тұрғындарының өмір салты және су жағасындағы аймақтың климаты байланысты. Қала алғашқы ықшамаудандар құрылысымен өсімдіктер бағы жұмысшыларының күшімен көгалдана бастады, және енді ол шөлдаланың көк алқабы. Қалада Қазақстанның елеулі мәдени орталықтарының бірі – тарихи-өлкетану мұражайы орналасқан. 1975 жылы мұражайдың негізі салынған, оның тарихи, археологиялық, этнографиялық, табиғи және аймақ мәдениеті бойынша коллекциясын 15000-нан астам экспонат санайды.

Ақтау қаласында туристер үшін Маңғыстаудың тарихи, мемориалды, табиғи ескерткіштері бойынша, сонымен қатар технопарк, ойын-сауық орталықтарын, мәдени-бос уақыт және ойын-сауық орталықтарын, музыкалық-драмалық және қуыршақ театрына баруы бойынша экскурсиялық маршруттарды ескерген.

Ақтау қаласында халықаралық әуежай және халықаралық теңіз порты пайдаланылады. Каспий теңізі – ол жер бетіндегі ең үлкен көл және бірегей сипаттамаларға ие. Жерасты мешіттер жақсы сақталған: Масат-Ата, Бекет-Ата, Қараман-Ата, Шопан-Ата, Шақпақ-Ата, Сұлтан-Эпе, Қошкар-Ата, Қалипан.

Оңтүстік Қазақстан облысы. Облыс маңызды транспорттық жолдардың қиылысының ортасында орналасқан және Иран, Түркменістан, Өзбекістан, Қырғыстан, Қытай және Ресеймен темір және тас жолмен байланысты. Ол тарихи-мәдени мұраға бай елді мекен. Оңтүстік Қазақстан аумағында мемлекеттің экономикалық және саяси өмірінде маңызды орын алған *Отырар, Испиджаб, Яссы, Сауран, Сығанақ* сияқты көне қалалар орналасқан. Аумақтың Ұлы Жібек жолы қиылысында орналасуы оның мәдениетінің, өнерінің, ғылымының және сауданың дамуы мен гүлденуіне әкелді.

*Түркістан* – қазақ хандығының ежелгі астанасы, түркі тілдес халықтың рухани және саяси орталығы. Түркістан қаласы Шымкент қаласынан 165 км қашықтықта орналасқан. X ғасыр деректерінде қала Шавғар деп, кейіннен Яссы, ал XV ғасырдан бастап Түркістан деп көрсетілген.

Түркістанда Самарқандтан, Бұхарадан, Хива және Еуропадан керуен жолдары үйлесті, бүкіл әлемнің мұсылман қажылығын жасады. Ортағасырлық Түркістан елеулі діни орталық болған. Мұнда мұсылман әлеміндегі белгілі суфийстік ақындардың бірі - Қожа Ахмед Яссауи өмір сүрген. Қаланың негізгі көзтүсерлігі – ортағасыр архитектурасының керемет ескерткіші, яғни Қожа Ахмед Яссауидің 1397 жылы бейттің төбесінде салынған мавзолейі болып табылады. 1397-1404 жж Әмір Темірдің нұсқауы бойынша белгі қойылған.

Аталғандардан басқа кешенде тағы да бес ғимарат бар: 1898 жылы талқандалған және құрылған, ал обатасын адамдар қазандыққа апарған, Әмір Темірдің шөбересі - Рабий Султан Бегам, Қожа Ахмед Яссауи өмірінің соңғы жылдарын өткізген жерасты ғимарат – Хильвет, Чиллахача, шығыс моншасы, XVIII ғасыр мешіті және т.б.

16-19 ғасырларда Түркістан қазақ хандарының резиденциясы болды. Уақыт өте келе бұл «қасиетті» орын некропольға айналды. Осы жерде атақты хандар, бектер, батырлар, феодалдар: Әбілхайырхан, Абылайхан, Есімхан, Қазыбек би, Тәуке хан, Жолбарысхан, Әбілхайырханның ұрпағы Суюнчи ходжа және т.б. жерленген.

Сонымен қатар, Түркістан маңында Арыстан-Баба мавзолейі, Қараша-Ана и Ибрагим-Ата мавзолейі, Домалақ-Ана мазары орналасқан.

Алматы облысы. Алматының тарихи орталығында, 28 Гвардеец-Панфиловшылар саябағында генерал Панфиловтың дивизиясының жауынгерлерінің батыр күресінің естелігі ретінде Даңқ Мемориалы көтерілді.

Канаттық жол арқылы көтерілуге болатын Көк-Төбедегі (т.д. 1113м. б.) көру алаңынан қаланың айбында көрінісі ашылады.

Керемет әдемілігімен ерекшеленетін тау шыңдарындағы Үлкен Алматы көлі Үлкен Алматы аңғарының жоғары жағында, табиғи ойыста 2511м шыңдықта орналасқан. Алматыдан біршама жерден Іле Алатау тауларында алматылықтар мен қонақтарға арналған әйгілі демалыс орындарының бірі – шағын көркем Бутаковка аңғары орналасқан.

Облыс аумағында Солтүстік Тянь-Шань тауларының маржаны деп аталатын Сақ қорғандары, Есік зираттары, Көлсай көлі, сонымен қатар Бес-Шатыр қорғаны, тарихы 1941ж. күн тұтылуын бақылау үшін Мәскеу астрофизиктерінің келуімен байланысты обсерватория орналасқан.

*Есік көлі.* Алматыдан 60 км қашықтықта, Есік қалашығының маңында теңіз деңгейінен 1800 м биіктікте, Іле Алатаудың ең көркем көлдерінің бірі – Есік көлі орналасқан.

*Іле өзені* – Жетісудағы ең ірі өзен. Оның ұзындығы – 1439км. Алматы облысының аумағы арқылы өтіп, ол Қаншағай жасанды су қоймасын қалыптастырады. Қапшағай қаласынан бүкіл инфрақұрылымы халықаралық талаптарға сай, курорттық-ойын-сауық қаласын құру жоспарлануда.

Сонымен қатар, облыс аумағында Тамғалы-Тас орналасқан. «Жазылған жартастар» Іле өзенінің оң жақ жағалауында, су бөгетінен 18 км төмен және Алматыдан 85 км қашықтықта орналасқан [29].

*Тургень тау аңғары.* Алматыдан 90 км қашықтықта керемет табиғат «бұрышы» – Тургень тау аңғары орналасқан.

*Шарын* – Солтүстік Тянь-Шань тауларының көпсулы өзендерінің бірі. Мұнда әйгілі Шарын каньоны (Алматыдан 200 км шығыста), 190 әлем рекордтарын қойған биік таулы «Медеу» мұз айдыны, тау бөктерінде шаңғы тебу «Шымбұлақ» курорты орналасқан.

Жоғарыда қарастырылған Қазақстан облыстарының туристік әлуетінің маркетингтік талдауы туристік саланың даму бағыттары бойынша келесідей қорытындылар жасауға мүмкіндік беріп отыр:

- Қазақстанның бірегей артықшылығы қорықтар мен ұлттық табиғи саябақтарының көп болуы. Экологиялық туризм құрушылардың әлемдік бағытын ескеретін болсақ, жалпы ағымда Қазақстанды экологиялық, спорттық, денсаулық туризмдерін ұнататындарға болашағы зор туристік аймақ ретінде қарауға болады. Сонымен қатар, Қазақстанның кейбір аймақтары аса керемет әдемілік пен адамдың әрекетімен бұзылмаған табиғатымен ерекшеленеді, әсіресе бұл шетел туристерін қызықтырады. Осыған байланысты табиғи объектілердің алғашқы әдемілігін сақтау үшін шаралар қолдану қажет және туристерді көбейтуді мақсат еткен кезеңде туған табиғатымызға нұқсан келтірмеу керек;

- сондай-ақ кәсіби-іскерлік туризм ерекше мәнге ие. Бүгінгі таңда Қазақстанның негізігі экономикалық саясаты ашық рынок экономикасы нысанын қалыптастыруға бағытталған. Бұл бағыт біздің елге үлкен көлемде шетел бизнесмендері мен кәсіпкерлерді тартады. Сонымен қатар, елдегі минералды ресурстардың көптігі Қазақстанды шетел капиталын тарту орталығы ретінде көрсетеді. Алайда тек кейбір аймақтар ғана іскерлік туризм орталықтары болуы мүмкін. Бірінші кезекте, әрине, Алматы мен Астананы айтуға болады.

-жоғарыда қарастырғандай, Алматы қаласы туризм дамуының мемлекеттік бағдарламасында негізгі туристік орталыққа айналуы қажет. Спорттық туризм дамуының жоғары әлуеті мен 2011ж. Алматыда Халықаралық Азия Ойындарының өтуіне байланысты халықаралық туристік стандарттарға сай инфрақұрылымдық объектілер, тау бөктеріндегі шаңғы тебу турбазалары мен қонақжайларды қалыптастыру бойынша шараларды одан әрі дамыту қажет.

Соңғы жылдары республикада туристік саладағы жағымды даму бағыттары отандық туризмнің Қазақстанның бәсекеге қабілетті 50 ел қатарына ену стратегиясының жүзеге асуына өз үлесін қосу мүмкіндігін көрсетеді. Қазіргі таңда кіріс-шығыс туризм көлемін жоғарлату негізінде мемлекеттің тұрақты табыс деңгейін және туризм индустриясының қызмет көрсету аясындағы жергілікті елдің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ететін бәсекеге қабілетті туризм индустриясын қалыптастыру мәселесі тұр. Бұл мәселені шешу үшін туризмнің тиімді дамуына кедергі келтіретін бірнеше сұрақтарды шешу қажет. Қазақстанның туристік саласының даму мәселелеріне маркетингтік талдау жүргізе келе, біз келесідей қорытындыларға келдік.

Маркетингтік талдау жасау үшін алдымен ҚР-ң туристік саласына SWOT талдау жүргіземіз. Бұл әдіс күшті және әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер мен кедергілерді қарай отырып, жағдайдың және зерттеліп отырған объектінің кешенді бейнесін көруге мүмкіндік берер еді.

Қазақстан туризм саласына SWOT талдау жүргізетін болсақ (МЖМ) мықты жақтары мен мүмкіндіктер алаңы – яғни, Қазақстан матрицада көрсетілген мықты жақтарын қолданып, туып отырған мүмкіндіктерді жіберіп алмауы тиіс. ҚР туристік ел ретіндегі басқа елдерге қарағандағы бәсекелестік артықшылығы геосаяси жағынан өте ыңғайлы жерде орналасуы, туристік рекреациялық зоналардың, ландшафтардың, флора мен фаунаның алуан түрлігі, саяси тұрақтылығы, ілгері экономикалық дамуы, территориясында тарихи ескерткіштердің мол болуы және Ұлы Жібек Жолының бойымен орналасуы, қонақ үй саласын инвестициялаудың жағымды жағдайы болып табылады.

Аталып кеткен мықты жақтар Қазақстанда туризм саласының үлкен әлуеті бар екеніне көзімізді жеткізеді және соның әсерінен еліміздің алдында бірқатар мүмкіндіктер туғызады. Олар

SWOT матрицасында келтірілген. Енді біздің мақсатымыз аталған мықты жақтарды пайдаланып, туып отырған мүмкіндіктерді жүзеге асыруға қол жеткізетін стратегия бойынша туризм саласын дамыту. Яғни, дамыту дегеніміз саланың алдында тұрған бірқатар мәселелер тізбегін шешу. Бұл мәселелер біздің әлсіз жақтарымыз болып табылады. Олар да SWOT матрицасында өзінің орнын тапты және (ӘЖМ) әлсіз жақтар мен мүмкіндіктер алаңында мүмкіндіктермен қиылысады. Осы алаңның мағынасы – мүмкіндіктерге қол жеткізу үшін әлсіз жақтарды жою керек. Сол мақсатта жүзеге асатын стратегиямен жұмыс істеуіміз қажет.

Сонымен қатар, туристік саланы мүлдем артқа қарай шегіндіріп тастай алатын бірқатар қауіптер де төніп тұр. Олар қатарына экология нашарлауы, саяси тұрақсыздық, экономикалық тұрақсыздық жатады. Аталған қауіптердің алдын алу үшін біз өзіміздің мықты жақтарымызды қолданып, олардың мүлдем көзін жоятын стратегия бойынша қызметті жүзеге асыру қажет. Бұл жағдай SWOT матрицасының МЖҚ алаңында туып отыр [30].

Туристік саланың төмен деңгейде болуының себептері мен оған төніп отырған қауіптері ӘЖҚ алаңында қиылысуда. Бұл алаңда біздің алдымызда тұрған мәселе - әлсіз жақтардан құтылу және қауіптерді әр қашанда қадағалау, өмірде өз көрінісін табуына жол бермеу. Сонда мықты жақтары әсерінен пайда болып отырған мүмкіндіктер жүзеге асып, елімізге үлкен пайдасын әкелер еді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Мухтарова К.С. Проблемы и перспективы развития туристской отрасли Казахстана // Вестник КазГУ. Серия экономическая. – 2014. - №1(53). – С. 116-119.

2 Запесоцкий А.С. Стратегический маркетинг в туризме: теория и практика. - Санкт – Петербург, 2013. – 340 с.

**Резюме**

В статье рассматривается маркетинговый анализ развития направлении туризма в Казахстане.

**Summary**

In the article the analysis of the development of tourism marketing direction in Kazakhstan.

# ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ И ФИЛОЛОГИЯ

## ОҚЫТУШЫНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС СТИЛЬДЕРІ КЕҢЕСТІК МЕКТЕПТІҢ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

**Еркінбекова М.А.**
псх.ғ.к., доцент
**Есімбекова П.**
«Психология» мамандығы, 2 курс магистранты

*Оқыту үдерісінде қарым-қатынас стильдерін дұрыс таңдау мәселесі – педагогика мен психология ғылымдарының ең күрделі мәселелерінің бірі. Қарым-қатынас стильдерін дұрыс таңдай білмеу қарым-қатынас қиындықтарының пайда болуына ықпал етеді.*

***Түйін сөздер:*** *қарым-қатынас, кеңес ғалымдары, стиль, оқытушы, зерттеулер.*

Қиындықтар немесе қарым-қатынас «кедергілері» проблемалары арнайы зерттеу нысаны ретінде XX ғасырдың ортасынан бастап қарастырыла бастады (Я.А.Коменский, Б.Д.Парыгин, В.Ф.Ломов, В.П.Кузьмин және т.б.) [1, 349-б.б.].

Оқыту үдерісі барысында топтағы студенттер арасындағы тұлғааралық қарым-қатынас қиындықтарын, олардың себебін, тудыратын жайттар мен қызметтегі кедергілердің маңызын және т.б. әсер ететін факторларды анықтау мақсатында жан-жақты зерттелулер жүргізілген (А.А.Леонтьев, А.К.Маркова, В.А.Кан-Калик және т.б.) [2,106-б.б.].

И.А.Зимняя «Қарым-қатынастағы қиындықтар – адамның алдын ала болжанған (жоспарланған) қарым-қатынасты жүзеге асыру барысында қарым-қатынастағы әріптесінің іс-әрекетін, хабарламаның мәтінін түсінбеуінен, коммуникативтік жағдайдың, психологиялық ахуалдың өзгеруі салдарынан кедергіге ұшырау жағдайы» [3, 230-б.] деп қарым-қатынас қиындықтарына анықтама берсе, В.А.Кан-Калик қарым-қатынастағы қиындықтарды қалыпты қарым-қатынастарға кедергі болатын, субъектінің іс-әрекетіне әсер ететін «психологиялық бөгет» деп атады [4,106-б.].

А.К.Маркованың пікірінше, тұлғааралық қарым-қатынас қиындықтары іс-әрекетте үзіліс болу, қарым-қатынастың үзілуі, оны жалғастырудың мүмкін болмауы түрінде көрініс табады. Қарым-қатынас қиындықтарының бірнеше қызметі бар. Қиындықтардың оң әсері (А.К.Маркова бойынша) екі түрлі мәнді білдіреді: а) индикаторлық (тыңдаушы әріптесінің назарын аудару); б) ынталандырушы, бейімдеуші (қиындықтарды жеңу және талдау әрекеттерін күшейту, тәжірибе жинақтау) [2,19-б.]. Сонымен қатар, А.К.Маркова қарым-қатынас қиындықтарының екі түрлі кері әсерлі қызметін көрсетеді: а) тоқтатушы (қиындықты жеңуге жағдайдың болмауы немесе өзіне-өзі көңілі толмау, мысалы, өзін-өзі төмен бағалау); б) деструктивті, қиратушы (қиындықтар іс-әрекеттің тоқтауына, бұзылуына, қарым-қатынастан бас тартуға әкеледі).

Қазіргі таңда қиындықтар немесе тұлғааралық қарым-қатынастағы «кедергілер» әр түрлі көзқарастар тұрғысынан қарастырылуда. Жалпы психология аясында олар мағыналық; эмоционалдық; когнитивтік; тактикалық болып топтастырылады. Іс-әрекеттер тұрғысынан қарым-қатынастағы қиындықтың екі тобы айқындалады: мотивациялық және операциялық, олар өз кезегінде когнитивтік, тиімділік және мінез-құлықтық салаларда көрініс табады.

Біз адамның қарым-қатынастағы қиындықтарының негізгі салаларын атап көрсетеміз: этно-семиомәдени, статустық-позициялық-рөлдік, жеке-психологиялық, жасына байланысты, қызметтік, тұлғааралық қатынас салалары. Бұл қарым-қатынастағы қиындықты тудыратын жеке-психологиялық факторлар арасында ең көп зерттелгені экстраверсия-интроверсия болып табылады. Айтушы тұрғысынан да, тыңдаушы тұрғысынан да қарым-қатынаста белгілі бір қиындықтар тудыратын жеке-психологиялық факторларға іс-әрекеттің когнитивтік стилі жатады.

*Когнитивтік стиль* – ауытқымалы жағдайларда, соның ішінде коммуникативтік ситуацияларда тұрақты болып табылатын танымдық қызмет ерекшелігі. Оның қарама-қайшы екі стилі бар – *төмен* және *жоғары дифференциялы стильдер*. Көптеген зерттеулердің деректері бойынша, психологиялық дифференциациясы төмен субъектілер жеке әрекеттен гөрі тұлғааралық және топтық қызметті қалайды, олар қарым-қатынаста айтарлықтай табыстарға жетеді.

Когнитивтік құрылымның дифференциациясы жоғары адамдар басқаларды түсінуге көбірек көңіл бөледі.

Т.В.Амельченко және А.Г.Асмоловтар қарым-қатынас қиындықтарының себептеріне бала тәрбиесіне кері әсер ететін отбасындағы берекесіз қатынастарды жатқызады [5; 6, 367-б.б.]. Сондай-ақ, біздің ойымызша, психофизиологиялық ауытқулар, соматикалық және тұқым қуалайтын аурулар да себепші болуы мүмкін. Көбіне мұндай аурудың белгілері адамдармен байланыстан бас тарту, кез келген қарым-қатынастан қашу, тұйықтық және енжарлық болып табылады. Агрессия, төбелесқойлық, дау-дамай шығаруға бейімділік, кекшілдік, қинауға ұмтылу да байқалуы мүмкін.

Тұлғааралық қатынастар факторына байланысты қарым-қатынас қиындығы іскерлік қарым-қатынас стильдерінің өзгеруі арқылы көрінетіндігі атап көрсетіледі. Біздің зерттеу мәліметіміз бойынша, қарым-қатынасты қиындататын факторлардың арасында тұлғааралық қатынастар бірінші орында тұрады.

Қарым-қатынас жасау және басқару стилі білім беру мен тәрбиелеудің тиімділігін, сонымен қатар, жеке тұлғаның даму ерекшеліктері мен оқу тобындағы жеке тұлғалар арасындағы қатынастардың қалыптасу ерекшеліктеріне әсер етеді. Сабақ барысында педагог тұтас педагогикалық үдерістің коммуникативтік құрылымын өз қолына алып, елеусіз өзгерістердің өзіне аса мұқият болуы, педагогикалық ықпал етудің таңдаулы әдістерін берілген кезеңдегі қарым-қатынас ерекшеліктерімен үнемі өзара байланыста қарастыруы қажет. Осының барлығы оқытушының бір мезгілде екі түрлі мәселені шеше білуін талап етеді [7, 63-б.]:

1. Өзінің іс-әрекетінің (өзінің педагогикалық дербестігін), студенттермен қарым-қатынасының ерекшеліктерін, яғни қарым-қатынас стилін құрастыру;

2. Коммуникативтік әсер етудің ықпалды әдіс-тәсілдерін құрастыру.

Екінші компонент туындаған педагогикалық және соған сай коммуникативтік міндеттердің әсерімен үнемі өзгеріп отырады. Коммуникативтік байланыс құралдарының жүйесін таңдауда педагог пен студенттердің арасындағы қалыптасқан қарым-қатынастар типі маңызды рөл атқарады: оқытушы мен студенттер қарым-қатынасының қалыптасқан жалпы жүйесі; педагогикалық қызметтің нақты кезеңіне тән қарым-қатынас жүйесі; нақты педагогикалық және коммуникативтік міндетті шешуде туындайтын ситуациялық қарым-қатынас жүйесі.

Біз қарым-қатынас стилін оқытушы мен студенттің арасындағы әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынастың дербес-типологиялық ерекшеліктері ретінде түсінеміз. Қарым-қатынас стилі арқылы оқытушының коммуникативтік мүмкіндіктерінің ерекшеліктері; оқытушы мен оның студенттерінің арасындағы қатынастардың қалыптасқан сипаты; оқытушының шығармашылық дербестігі; студенттер ұжымының ерекшеліктері көрініс табады.

Демократияландыру негізінде қоғамды қайта құруда айналасындағы адамдар мен өзінің тағдыры үшін жауапкершілікті сезінетін жеке тұлғаны тәрбиелеуге барлық жағдайлар жасалуы тиіс деп білеміз. Жоғары оқу орнындағы оқыту үдерісіндегі тұлғааралық қарым-қатынастар негізі – өзара тартыс емес, ізгілікті қарым-қатынастарға негізделген ынтымақтастық, достық қатынастар, осы арқылы азаматты өз елі мен өз тағдырының қожайыны болуға жан-жақты дамыған тұлға етіп тәрбиелеу басты мақсатымыз. Ал студенттермен қарым-қатынасты ұтымды ұйымдастыруда педагогикалық стильді дұрыс таңдап алу педагогтің жұмыс ерекшелігі болып табылады. Бұл ерекшеліктер арқылы қарым-қатынастың екі түрін ажыратуға болады [8,217-б.]:

1. *Әлеуметтік-бағдарлы қарым-қатынас* барысында әлеуметтік маңызы бар міндеттер шешіліп, әлеуметтік өзара әрекеттестік пен қоғамдық қатынастар жүзеге асырылады.

2. *Жеке-бағдарлы қарым-қатынас* – белгілі бір бірлескен әрекеттерге бағытталған іскерлік қарым-қатынас.

Тұлғааралық қарым-қатынас бұл екеуін де қамтиды. Оқытушы жаңа материалды түсіндіру барысында әлеуметтік-бағдарлы қарым-қатынасқа қатысады, ал студентпен дербес жұмыс жүргізуде жеке-бағдарлы қарым-қатынас жүзеге асырылады.

Тұлғааралық қарым-қатынас бетпе-бет жүзеге асырылатындықтан, жеке тұлғалық өлшем сипатына ие болады. Студенттер үшін педагогтің жеке тұлғасының ерекшеліктері маңызды болып табылады. Оларда әр оқытушыны бағалаудың топтық және дербес өлшемдері қалыптасады. Педагогтің жеке қасиеттерінің студенттер талабына сәйкес келмеуі оның студенттермен қарым-қатынасына кері әсерін тигізеді. Ал педагогтің іс-әрекеттерінің қарапайым этикаға сәйкес болмауы оның өзінің ғана емес, педагогикалық мамандықтың абыройына да нұқсан келтіруі мүмкін. Соның нәтижесінде педагогтің жеке ықпалының тиімділігі төмендейді.

Стиль – педагог пен шәкірттің арасындағы өзара әрекеттестіктің дербес-типологиялық ерекшеліктері. Тәрбиелеуді басқару үдерісіндегі қарым-қатынас стилі мен әрекеттестік сипатының жиынтығы педагогикалық қарым-қатынас стилін құрайды.

Жоғарыда аталғандармен қатар, А.К.Маркованың [9,165-б.] көзқарасы бойынша, педагогикалық қарым-қатынастың маңызды компоненттерінің бірі қарым-қатынас стилі болып табылады. Ал оқытушының студенттермен қарым-қатынас стилі – әлеуметтік және адамгершілік мазмұнды категория. Ол қоғамның және тәрбиешінің әлеуметтік-этикалық ұстанымдарын сипаттайды.

Әрбір адамның кез келген жағдайда қарым-қатынас жасау және мінез-құлық ерекшеліктерін білдіретін өзіне тән, біртұтас қарым-қатынас стилі болатыны белгілі. Зерттеушілердің атап көрсетуінше, бұл стиль адамның жеке қасиеттері мен дербес ерекшеліктеріне ғана байланысты емес. Ол жеке адамның басқа адамдармен байланыс орнату тәсілдерін, оның мінез-құлқын, әсіресе қарым-қатынас жасау ерекшеліктерін бейнелейді.

Қарым-қатынас стильдері туралы мәселе педагогикалық әдебиеттерде кең көлемде қарастырылған (Ж.Б.Қоянбаев, Т.Бегалиев, Ж.Әбиев, С.Бабаев және т.б.). Жоғарыда аталған әдебиеттерге шолу жасау қарым-қатынас құрылымының міндетті компоненті болып табылатын қарым-қатынас стиліне төмендегідей анықтама беруге мүмкіндік береді. Қарым-қатынас стилі педагог пен білім алушының арасындағы әлеуметтік-психологиялық қатынастардың дербес-психологиялық ерекшеліктері. Ж.Б.Қоянбаевтың пікірінше, оқытушының қарым-қатынас жасау шеберлігі студенттермен әр алуан жағдайларда байланыс орната алуды және қажетті қарым-қатынас арнасын табуды қалай жүзеге асыратынынан көрінеді.

Зерттеулердің көрсетуінше, оқытушының қарым-қатынас стилі ұжымдағы ахуалға, студенттер ортасында, сондай-ақ оқытушы мен студенттердің арасында шиеленістердің қаншалықты жиі болатынына және қалай шешілетініне маңызды ықпалын тигізеді. Әдетте, студенттердің эмоционалдық жағдайы, ұжымдағы психологиялық ахуалы оқытушының стиліне тікелей байланысты болады.

Қарым-қатынас стилі арқылы бірқатар ерекшеліктер бейнеленеді: педагогтің коммуникативтік мүмкіндіктерінің ерекшеліктері; педагог пен студенттер арасында қалыптасқан қарым-қатынастың сипаты; педагогтің шығармашылық дербестігі; студенттер ұжымының ерекшеліктері.

В.А.Кан-Калик педагогикалық қарым-қатынас стилінің бірнеше түрін атап көрсетеді [4,109-б.]:

- бірлескен шығармашылық қызметке қызығушылықтың негізінде қалыптасқан қарым-қатынас стилі;
- достық ықыластың негізінде қалыптасқан қарым-қатынас стилі;
- арақашықтықты сақтайтын қарым-қатынас стилі;
- қорқыту арқылы қалыптасқан қарым-қатынас стилі;
- қалжыңға негізделген қарым-қатынас стилі;
- дербес қарым-қатынас стилі.

Біздің байқағанымыз – ең тиімді стиль *бірлескен шығармашылық қызметке қызығушылықтың негізінде қалыптасқан қарым-қатынас стилі* болып табылады. Бұл стильдің негізіне оқытушының жоғары кәсіби біліктілігі мен оның этикалық ұстанымдарының бірлігі негіз болады. Студенттермен бірлесе шығармашылық ізденіс жұмыстарымен қызыға айналысу – оқытушының коммуникативтік қызметінің нәтижесі ғана емес, көп жағдайда оның жалпы педагогикалық қызметке көзқарасының нәтижесі болып табылады. Театр педагогі М.О.Кнебельдің атап көрсетуінше, педагогикалық сезім «жастарға қарай итермелейді, оларға жақындасатын жолдарды табуға мәжбүр етеді...». В.Ф.Шаталов өзінің балалармен қарым-қатынас жүйесін бірлескен шығармашылық қызметке қызығушылықтың негізінде қалыптасқан қарым-қатынас стилі негізінде құрған [10,156-б.]. Қарым-қатынастың бұл стилін бірлескен табысты оқу-тәрбие қызметінің алғышарты ретінде қарастыруға болады. Ортақ іспен қызыға айналысу – достастықтың негізі, сонымен қатар, жұмысқа қызығушылықпен нығайтылған достастық бірлескен ізденістерді туғызады. Педагогтің тәрбиеленушілермен қарым-қатынастар жүйесі туралы А.С.Макаренко педагогтің, бір жағынан, – жасы үлкен жолдас және тәлімгер, ал екінші жағынан, бірлескен қызметке қатысушы болатыны туралы жазған. Достастық қатынасты педагог пен ұжымның қарым-қатынасындағы нақты сипат ретінде қалыптастыру қажет.

А.С.Макаренко тәрбиелеушінің шәкірттермен қарым-қатынасының түрлі нұсқалары туралы [11,123-б.]: «Қандай жағдайда да педагогтер мен басшылық өз тарапынан әдепсіздікті:

мысқылдауды, мазақтауды, ойына келгенді айтуды болдырмауы тиіс. Екінші жағынан, педагогтер мен басшылық тәрбиеленушілердің көзінше түнерген, ашушаң, айғайшыл болуына жол бермеу қажет» деген.

Студенттер мен педагогтің арасында *достық ықыластың негізінде қалыптасқан педагогикалық қарым-қатынас стилі* де табысты стиль болып табылады. Мұндай қарым-қатынас стилін бірлескен табысты оқу-тәрбие қызметінің алғышарты ретінде қарастыруға болады. Достық ықылас – іскерлік педагогикалық қарым-қатынастың маңызды реттегіші. Бұл педагог пен студенттер арасындағы қарым-қатынастардың дамуы мен табысты болуын ынталандырады. Алайда достық қатынастың кез келген эмоционалдық қалпы мен педагогикалық ұстанымы сияқты белгілі шегі болуы тиіс. Осы мәселеге қатысты В.А.Кан-Калик мынадай жағдайға назар аударады: көбіне тәжірибесі аз педагогтер достық қатынасты студенттермен арадағы дөрекі қарым-қатынасқа айналдырып алады, ал бұл тұтас оқу-тәрбие үдерісінің барысына кері әсерін тигізеді. Студенттермен достық қатынастар педагогикалық тұрғыдан да лайықты болуы тиіс.

*Арақашықтықты сақтайтын қарым-қатынас стилі* – кең таралған қарым-қатынас стилі. Бұл қарым-қатынас стилін тәжірибелі педагогтер да, педагогикалық қызметті жаңа бастаған оқытушылар да қолданады. Стильдің ерекшелігі оқытушы мен студенттердің қарым-қатынас жүйесіндегі шектеуші ретінде арақашықтық қолданылуында болып табылады. Алайда бұл жерде де шаманы білу қажет. Шамадан артық арақашықтықты сақтау оқытушы мен студенттердің әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынас жүйесіндегі формализмге әкеледі және шынайы шығармашылық ахуал туғызуға мүмкіндік бермейді. Оқытушы мен студенттердің қарым-қатынас жүйесінде арақашықтық болуы қажет. Бірақ ол оқытушының қарым-қатынас негізі ретінде күштеп таңуы арқылы емес, оқытушы мен студенттің ортақ логикасынан шығуы тиіс. Арақашықтық педагогтің жетекші рөлінің көрсеткіші қызметін атқарып, оның беделіне негізделуі міндетті.

«Арақашықтық көрсеткішін» педагогикалық қарым-қатынас доминантына айналдыру оқытушы мен студенттердің бірлесе атқаратын жұмысының жалпы шығармашылық деңгейін күрт төмендетеді. Бұл оқытушының студенттермен қарым-қатынас жүйесінде авторитарлық стилдің нығаюына әкеліп, жұмыстың нәтижелеріне кері әсерін тигізеді. А.В.Петровский мен В.В.Шпалинскийдің пікірі бойынша, «басқарудың авторитарлық әдістерін кең қолданатын оқытушылар сабақ беретін топтарда әдетте тәртіп пен үлгерім тәуір деңгейде болады, алайда сырттай ойдағыдай көрінетін топтарда оқытушының жұмысындағы жеке тұлғаны адамгершілік тұрғыда қалыптастыру барысында жіберілген кемшіліктер тұруы мүмкін».

Бұл қарым-қатынас стилінің кеңінен таралуының себебі неде? Оның себебі оқытушылық қызметті жаңадан бастаған тәжірибесі аз оқытушылардың арақашықтықтан қарым-қатынас жасау өзінің педагог ретінде бірден танылуына көмегі болады деп санап, осы стильді студенттердің алдында, сондай-ақ педагогикалық ортада өзін танытатын тәсіл ретінде қолдануымен байланысты. Алайда көп жағдайда бұл қарым-қатынас стилін таза күйінде қолдану педагогикалық сәтсіздіктерге әкелуі мүмкін.

Оқытушы беделіне арақашықтықты қолдан орнату арқылы емес, өзара түсіністік арқылы, студенттермен бірлескен шығармашылық қызмет барысында қол жеткізуге болады. Бұл жерде жалпы қарым-қатынас стилін де, сонымен қатар, адамға ситуациялық көзқарасты да меңгеру аса маңызды. Арақашықтықтан қарым-қатынас жасау қорқытуға негізделген қарым-қатынас деп аталатын қатынас түріне ауысудағы өтпелі кезең болып табылады. Дегенмен, «арақашықтық болуы тиіс, тіпті ол аса қажет. Бірақ ол педагог пен студенттің арасындағы қатынастың жалпы логикасынан туындауы және қарым-қатынас негізі ретінде оқытушының күштеп тануымен жүзеге асырылмауы тиіс» деген В.А.Кан-Каликтің ой-пікіріне де келісеміз [4,130-б.].

Арақашықтықты сақтайтын қарым-қатынас стилі *қорқыту негізінде қалыптасқан қарым-қатынас стиліне* ұқсас. Әдетте оқытушылық қызметті жаңадан бастаған тәжірибесі аз оқытушылар қолданатын бұл қарым-қатынас стилі, негізінен, оқытушының қызығушылықпен бірлесе қызмет атқаруға негізделетін нәтижелі қарым-қатынасты ұйымдастыра білмеуіне байланысты. Мұндай қарым-қатынасты қалыптастыру оңай емес, сондықтан жас оқытушы көп жағдайда қиындығы азырақ жолмен жүріп, қорқытуға негізделген қарым-қатынас стилін немесе арақашықтықтан қарым-қатынас стилін таңдайды.

Шығармашылық тұрғыдан *қорқытуға негізделген қарым-қатынас стилінің* мүлдем келешегі жоқ. Мұндай қарым-қатынас шығармашылық қызметке жағдай жасайтын коммуникативтік ахуалды туғызбайды, керісінше, оны тар шеңберге сыйғызуға тырысады, өйткені шәкірттерді нені істеуі керектігіне емес, нені істеуге болмайтынына бағдарлайды, тұлғааралық қарым-қатынасты

бірлескен шығармашылық қызмет үшін аса қажетті өзара түсіністікке негіз болатын ынтымақтастық қатынастан айырады.

Педагог қызметінде жағымсыз рөл атқаратын стильдің бірі *қалжыңға негізделген қарым-қатынас стилі.* Бұл да, негізінен, жас оқытушыларға тән және нәтижелі қарым-қатынасты ұйымдастыра білмеуімен байланысты стиль түрі. Мұндай қарым-қатынас студенттердің алдында жалған, арзан бедел жинаумен сипатталатын, педагогикалық этикаға қарама-қайшы келетін қарым-қатынас түрі болып табылады. Бұл қарым-қатынас стилінің пайда болуы, бір жағынан, тәжірибесі аз оқытушының студенттермен аз уақыт ішінде қарым-қатынас орнатуға, топқа ұнауға ұмтылуымен байланысты, ал екінші жағынан, қажетті жалпы педагогикалық және коммуникативтік мәдениеттің, тұлғааралық қарым-қатынас жасау шеберлігі мен дағдыларының, кәсіби коммуникативтік қызмет тәжірибесінің болмауымен байланысты. А.С.Макаренко мұндай «шәкірттер махаббатын іздеуді» өткір сынаған. Ол өз еңбегінде [12, 130-б.]: «Мен өзімнің көмекшілерімді сыйлайтынмын, олар тәрбие жұмысының ғұламалары болатын, алайда мен сүйікті тәрбиеші болу ең қажетсіз нәрсе екеніне олардың көзін жеткізуге тырыстым. Мен өзім ешқашан балалардың махаббатына бөленуге ұмтылған емеспін және педагогтің өзінің ғанибеті үшін ұйымдастырылатын мұндай махаббатты қылмыс деп санаймын... Мұндай қалжыңдасу, балалар махаббатына бөленуге ұмтылу, балалардың сүйіспеншілігін мақтаныш ету тәрбиешіге де, тәрбиелеу ісіне де үлкен нұқсан келтіреді. Мен мұндай қажетсіз дүниенің біздің өмірімізде болмағаны жөн дегенге өзімнің де, жолдастарымның да көзін жеткіздім... Шәкірттер махаббаты сіздің күш салуыңыз арқылы емес, елеусіз келуі қажет. Ал егер адам махаббатты мақсатқа айналдырса, мұның тек зияны болуы мүмкін....»

Зерттеулер көрсеткендей, қалжыңға негізделген қарым-қатынас төмендегідей жағдайларда пайда болады:

а) педагогтің өзінің алдында тұрған педагогикалық міндеттерді түсінбеуі;

ә) қарым-қатынас дағдыларының болмауы;

б) топпен қарым-қатынас жасауға қорқыныш және сонымен бір мезгілде студенттермен байланыс орнатуға ұмтылу.

Педагогикалық іс-әрекеттің стильдері туралы толық нақты көрініс А.К.Маркова ұсынды [13,186-б.]. Осы автордың көрсетуінше, мұғалім еңбегіндегі стильдердің мазмұндық сипаттамалары (мұғалімнің өз еңбегіне немесе нәтижесіне бағдарлануға басымдылық беруі, мұғалімнің өз еңбегіндегі бағдарланушы және бақылаушы-бағалаушы кезеңдерін күшейту); стильдің динамикалық сипаттамалары (икемділік, тұрақтылық, ауытқымалылық, т.б.); нәтижелілік (мектеп оқушыларындағы білім мен оқу дағдыларының деңгейі және оқушылардың пәнге қызығушылықтары). Осы негізде авторлар қазіргі заман мұғалімін сипаттайтын даралық стильдерді төрт түрге бөледі. Ал бұл стильдерді жоғары оқу орындары оқытушыларының ерекшеліктерін ескере отырып, толықтырдық.

*Эмоционалдық-импровизациялық стиль (ЭИС).* Жетекшіліктің бұл стилін қолданатын оқытушы оқыту үдерісіне баса назар аударып, оқу-тәрбие үдерісін жоспарлауға жеткіліксіз көңіл бөледі. Ең қызықты оқу материалын таңдап алады, сонымен қатар онша қызықтырмайтын, бірақ аса маңызды материалды студенттердің өзіндік жұмысына қалдырады. ЭИС қолданатын оқытушыға шапшаң орындаушылық тән, әр алуан оқыту әдістерін молынан қолданады. Оқытушы мен студенттің арасында кері байланыс болмайды. ЭИС қолданатын оқытушының іс-әрекетінде оқу материалын бекіту мен қайталау, студенттердің білімін бақылау жеткіліксіз орын алады. Мұндай оқытушыны оқытудың сан алуан әдістерінің үлкен арсеналын пайдалану қызықтырады. Ол ұжымдық талқылауды жиі қолданады, студенттердің спонтанды пікір айтуларын ынталандырады. ЭИС қолданатын оқытушыға ішкі түйсік тән, ол сабақ үстіндегі өзінің іс-әрекетінің ерекшеліктері мен нәтижелілігіне талдау жасай алмауынан көрінеді.

*Эмоционалдық-әдісқойлық стиль (ЭӘС).* Бұл стильді қолданатын оқытушыға оқу үдерісіне және оқудың нәтижесіне баса назар аудару, интуицияның рефлективтік сезімнен басым болуы, оқу-тәрбие үдерісін дұрыс жоспарлау, шапшаң орындаушылық қасиеттер тән. Ол бүкіл оқу материалын кезеңдеп өңдейді, студенттердің барлығының (белсенділерінің де, әлсіздерінің де) білім деңгейін мұқият қадағалайды, оның іс-әрекетінде үнемі оқу материалын бекіту мен қайталау, студенттердің білімін қадағалау орын алады. Мұндай оқытушы жоғары шапшаңдықпен ерекшеленеді, ол сабақ үстіндегі жұмыс түрін жиі ауыстырып, ұжымдық талқылауды қолданады. Оқу материалын өтуде, ЭИС қолданатын оқытушы әдістемелік тәсілдерді молынан қолдана отырып, студенттерді өз пәнінің ерекшелігімен қызықтыруға ұмтылады.

*Пайымдаушылық-импровизациялық стиль (ПИС).* Жетекшіліктің бұл стилін қолданатын оқытушыға оқыту үдерісіне және оқудың нәтижесіне баса назар аудару, оқу-тәрбие үдерісін дұрыс жоспарлау, шапшаңдық, интуиция мен рефлективтікті ұштастыра қолдану қасиеттері тән. Эмоционалдық стильдерді ұстанатын оқытушылармен салыстырғанда, мұндай оқытушы оқыту әдістерін таңдау мен түрлендіруде аса әдісқойлық танытпайды, жоғары қарқынды жұмысты үнемі қамтамасыз ете алмайды, ұжымдық талқылауды сирегірек пайдаланады.

*Пайымдаушылық-әдісқойлық стиль (ПӘС).* Негізінен оқытудың нәтижесіне басым көңіл бөліп және оқу-тәрбие үдерісін дұрыс жоспарлай отырып, ПӘС оқытушысы педагогикалық қызметтің әдістері мен тәсілдерін қолдануда кертертпалық танытады.

Л.М.Митинаның атап көрсетуінше, динамикалық сипаттамалар деңгейінде эмоционалдық стиль оқытушыларына жоғары сезімталдық, икемділік, қызбалық қасиеттер тән. Пайымдаушылық стиль оқытушылары эмоционалды оқытушылардан бәсең сезімталдығымен ерекшеленеді, оларға абайлағыштық, дәстүрлілік қасиеттер тән. Педагогикалық қызметтің нәтижелілігі мәселесін зерттеген ғалымдар [14,60-б.] импровизациялық сипат та, әдістемелік сипат та жеке-дара алынғанда ең қолайлы стиль болып табылмайтынын көрсетеді.

Педагогикалық іс-әрекет стилі басқару стилін, қарым-қатынас стилін, мінез-құлық стилі мен оқытушының когнитивті стилін бейнелейтін оның интегративті сипаттамасы, бұл А.Я.Никонова, А.К.Маркова бойынша, оқытушы еңбегі стилінің төрт түрінде неғұрлым толық көрінеді.

Демек, қарым-қатынастың ең тиімді стилі ретінде әдісқойлықты эмоционалдықпен, импровизацияны пайымдаумен ұштастыратын, яғни аралас стильдерді қолданған тиімді деген тұжырым жасауға болады.

«Педагогикалық қарым-қатынас стилі» деген ұғымға «басқару стилі» деген түсінік жақын, ол «басқарудың объективті және субъективті жағдайларының, сондай-ақ басшының жеке тұлғасының дербес-психологиялық ерекшеліктерінің әсерімен қалыптасатын басшы мен ұжымның арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктері» болып табылады [15,208-б.].

Психологтердің пікірлері бойынша тәрбиеленушілермен қарым-қатынас жасауда авторитарлық немесе императивтік стильді қолдану лайықсыз ғана емес, мұндай стильдерге жол берілмеуі қажет делінген. Сонымен қатар, А.А.Бодалев оқытушының қолданатын стилі студенттердің эмоционалдық жағдайына елеулі әсер ететінін атап көрсетеді. Оның зерттеулері бойынша [16,185-б.], қарым-қатынастың демократиялық ұстанымдарын ұстанатын жетекші басқаратын ұжымда білім алушыларда орынды қанағаттану және қуаныш сезімі жиірек орын алады. Бұған керісінше, авторитарлық стильді ұстанатын оқытушы басқарған ұжымда жабырқау, бұйығы көңіл-күй көбірек байқалады.

Сонымен қатар, эмоционалдық тұрғыдан қолайлы, жайлы қарым-қатынас бірлескен шығармашылық қызметке, басқаларға ерекше әлеуметтік ықпал етуге оңтайлы жағдай жасайды. Қолайлы қарым-қатынас жағдайында екі тұлға – оқытушы және студент – ортақ эмоционалдық-психологиялық кеңістік құрып, онда студентті адамзат мәдениетіне тартудың шығармашылық үдерісі, оның өзін қоршаған әлеуметтік ортаны және өзін-өзі жан-жақты тануы, яғни жеке тұлғаның әлеуметтену үдерісі жүзеге асады.

Студенттермен қарым-қатынас жасаудың жоғарыда аталған типтерімен қатар бірқатар ғалымдар педагогтің студенттерге жағымсыз, кері көзқарасы сияқты қалыптан тыс қарым-қатынас түрін де атап көрсетеді.

Қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін, біздің ойымызша, қарым-қатынастағы оқытушының рөлі, көзқарасы мен ұстанымдарының маңызы зор. Осы тұрғыдан алғанда, оқытушының студенттермен қарым-қатынас барысындағы әр түрлі ұстанымдарын салыстыру қызық нәтижелер береді.

Педагогикалық қарым-қатынас сабақта қатаң тәртіп пен пәнді меңгеруді талап етуге негізделеді, мұндай жағдайда жеке қарым-қатынастарға орын болмайды;

- «тәртіп орнауын сабырмен күту» ұстанымына қарым-қатынас жасаудың тұлғалық-таңдау стилі тән. Мұнда ұжымдағы тәртіпті ұйымдастыруды сабақтың мазмұны немесе оқытушының жеке тұлғасы ынталандырған бір студент немесе студенттер тобы өз жауапкершілігіне алады. Мұндай жағдайда оқытушы өзін студенттердің алдында «ашық» ұстап, оларды білімге қызықтыру арқылы әріптестік қызметті ұсынады;

- «қадірін білмейтін студенттерге өкпелеу» ұстанымын қолданатын оқытушы студенттерге көңілі толмай, үнемі өкпе-арыз айтумен болады. Мұндай ұстаным оқытушы мен студенттер арасында қарым-қатынастың эмоционалдық-ситуациялық стилін қалыптастырады: оқытушыны студенттердің тәртібі мен мінез-құлқы ашуландырады, оның ескертпелері кекесінді, көбіне ашулы

түрде болып келеді. Мұндай жағдай студенттермен арадағы қарым-қатынастың қатты шиеленісуіне алып келеді;

- студенттермен бірлесе қызмет етуде «ынтымақтастық» ұстанымын қолдану қарым-қатынастың эмоционалдық-тұлғалық стилімен сипатталады. Мұндай қарым-қатынас әрбір студенттің жеке тұлғасын жақсы танып-білуге, оның оқу пәнін меңгерудегі сәтсіздіктері мен кемшіліктеріне шыдамдылықпен қарауға негізделген.

Сонымен, қарым-қатынас стильдері таза күйінде жүзеге асырылмайды. Жоғарыда аталған түрлердің өзі ұзақ мерзімді тәжірибеде қалыптасқан қарым-қатынас стильдерінің барлық түрлерін түгел қамти алмайды. Оның шоғырында күтпеген нәтиже беретін, әріптестердің қарым-қатынасын қалыптастыратын немесе бұзатын әр алуан өзгеше реңктер болуы мүмкін. Әдетте, олар эмпирикалық жолмен табылады. Бір педагогтің өзі тапқан және қолданысқа ыңғайлы қарым-қатынас стилі басқа педагог үшін мүлдем жарамсыз болуы мүмкін. Қарым-қатынас стилінде жеке тұлғаның өзіндік ерекшелігі айқын көрінеді.

Біздің ойымызша, педагог пен студенттердің арасындағы қарым-қатынастың мұндай топтастырылуын қарым-қатынас стильдерінің дәстүрлі топтастырылуымен байланыста қарастыруға болады. 30-шы жылдары Американың көрнекті педагог-психологы К.Левин басқарудың үш стилін бөліп көрсетті: авторитарлық (өктемшіл), демократиялық (ұжымдық ұсыныстарды қолдап, қолпаштап отырған (анархиялық) келісімпаздық (басқарудан тікелей бас тарту, басшылықтан шеттеу), либералдық (енжарлық) стиль.

1. *Авторитарлық (өктемшіл) стиль.* Оқытушы топ қызметінің бағыттарын өзі белгілеп, студенттердің ынтасын басып отырады. Өзара әрекеттестіктің негізгі түрлері – бұйрық, нұсқау беру, сөгіс беру. Студенттің қатесін тапқан оқытушы оны мазақтап, ұялтады. Оқытушының өзі қадағаламаса, жұмыс баяу жүреді, кейде мүлдем тоқтап қалады. Оқытушының сөзі қысқа, ол бастықтарға тән сарынмен сөйлейді, өзіне қарсы келгенге төзбейді.

Авторитарлық стильге тән қатаң басқару және барлығын түгел бақылауда ұстау үдерісі бойынша оқытушы басқа әріптестеріне қарағанда жиірек студенттерге өктемдік түрде бұйырып сөйлеп, өткір ескертулер жасайды. Авторитарлық стильді ұстанатын оқытушы жұмыстың жалпы бағыттарын белгілеп қана қоймай, оларды жүзеге асыру тәсілдерін де көрсетіп, кімнің кіммен бірлесе жұмыс істейтінін де өзі белгілеп, қатаң қадағалайды. Тапсырмалар мен оларды орындау тәсілдерін оқытушы кезеңдер бойынша беріп отырады. Мұндай тәсіл қызмет ету уәжділігін төмендетеді, себебі студенттер өздері орындайтын жұмыстың жалпы мақсаты қандай, нақты кезеңдердің міндеті қандай және алда не болатынын біле алмайды. Әлеуметтік-перцептивтік тұрғыдан да, жеке тұлғалар арасындағы ұстанымдар тұрғысынан да атқарылатын жұмысты кезеңдерге бөліп орындату және оны қатаң түрде қадағалау оқытушының өз студенттерінің жұмыс істеу қабілеттеріне сенімсіздігін көрсетеді. Авторитарлық стиль қызметтің сырт көзге тиімділігімен сипатталады және қолайсыз психологиялық ахуал туғызады. Мұндай жұмыс стилінде жеке тұлға ерекшеліктерінің қалыптасуы баяулайды. Әлеуметтанушылардың зерттеулері бойынша, осындай ұжымдарда неврозға шалдыққандар қалыптасады.

Басқарудың авторитарлық стиліне автократтық сипат тән болып келеді. Дегенмен, студенттердің өздеріне тікелей қатысты мәселелерді талқылауға қатысуына мүмкіндік беріледі. Бірақ талқылау қорытындысында өзінің көзқарастарына сәйкес шешімді оқытушы шығарады.

*2. Демократиялық стиль* – басқарудың ең қолайлы стилі. Мұндай стильдің сандық көрсеткіштері авторитарлық стильмен салыстырғанда төменірек болуы мүмкін болғанымен, басшы болмаса да, жұмыс істеуге құлшыныс төмендемейді. Шығармашылық деңгейі көтеріліп, өзінің ұжымы үшін жауапкершілігі мен мақтаныш сезімі артады.

Басшы ұжымның пікіріне сүйенуімен сипатталады, оқытушы қызметінің мақсатын әр студентінің санасына жеткізуге және оқытушы шәкірттердің жеке бейімділіктері мен қабілеттерін ескере отырып, тапсырмаларды тиімді бөлуге тырысады. Мұндай оқытушының негізгі қарым-қатынас тәсілдері – өтініш, кеңес, мәліметтер беру.

Демократиялық стильде алдыңғы кезекте жеке тұлға емес, фактілер бағаланады. Демократиялық стильдің басты ерекшелігі топтың атқарылатын жұмыс пен оның ұйымдастырылу барысын талқылауға белсенді түрде қатысуы болып табылады. Осының нәтижесінде студенттердің сенімділігі артып, өзін-өзі басқаруға жағдай жасалады. Белсенділіктің артуымен қатар жеке қарым-қатынастардағы ашықтық пен сенімділік артады. Авторитарлық стильді ұстанған топ мүшелерінің арасында араздық кең жайылса, демократиялық басқаруда студенттердің бойында ішкі ықыластың негізінде жұмысқа қызығушылығы артып қана қоймай, олар жеке қарым-қатынастар тұрғысынан да өзара жақындаса түседі. Басқарудың демократиялық

стилінде оқытушы ұжымға сүйене отырып, студенттердің дербестігін де дамытады. Ұжымның қызметін ұйымдастыруда оқытушы «тең тұлғалар ішіндегі алдыңғы» позициясын ұстануға тырысады. Оқытушы студенттерінің сын пікірлерін сабырлылықпен тыңдап, олардың жеке бастарының істері мен проблемаларына көңіл бөледі. Студенттер ұжымдық проблемаларды талқылап, талдау жасай алады, бірақ қорытынды шешімді оқытушы шығарады.

*3. Либералдық (енжарлық) стиль* – анархиялық, бетімен жіберілген. Оқытушы топ өміріне араласпауға тырысады, белсенділік танытпайды, мәселелерді үстіртін қарастырады, басқалардың қарама-қайшы ықпалына тез бағынады. Ол өзін жауапкершіліктен аулақ ұстайды. Мұндай қарым-қатынастарда оқытушының беделі туралы сөз болуы мүмкін емес.

Басқарудың либералдық стилінің басты ерекшелігі оқытушының оқыту үдерісінен сырт қалып, топтағы болып жатқан әрекеттерге өзінің жауапкершілігін сезінбеуі болып табылады. Либералдық стиль аталған стильдердің ішіндегі ең қолайсызы болып табылады. Бұл стильді сынақтан өткізудің нәтижелері бойынша орындалған жұмыстың ең аз көлемі және ең төменгі сапасы анықталған. Өздеріне ешқандай жауапкершілік жүктелмесе де, ал жұмыс жауапкершілігі жоқ ойын түріне ұқсағанымен, мұндай топта жұмыс істегеніне студенттердің көңілі толмайды. Енжарлық стильде жұмыс істейтін оқытушы студенттердің іс-әрекетіне мүмкіндігінше азырақ араласуға тырысып, іс жүзінде оларды басқарудан шеттеп, өзінің атқаруы тиіс міндеттері мен әкімшіліктің нұсқауларын орындаумен шектеледі. Дәйексіз стиль оқытушының сырттай міндеттемелер мен өзінің эмоционалдық жағдайына байланысты жоғарыда аталған басқару стильдерінің кез келген түрінің жүзеге асырылуымен сипатталады.

Сонымен, басқарудың ең тиімсіз стилі либералдық стиль болып табылады, мұндай стильде жұмыстың орындалу деңгейі төмен және сапасы да нашар болады.

Жоғарыда аталған стильдердің негізгі белгілерін талдау тиімсіз сипаттарының көптігіне қарамастан, неліктен либералдық стильдің өміршең екендігін көрсетеді. Бұл стильді ұстанатын оқытушы ешкіммен қарым-қатынасын бұзбайды, сырт көзге (сөз жүзінде) барлығының көңілінен шығуға тырысады, бірақ ол педагогикалық қызметке көп зиянын тигізеді. Демократиялық стиль – тұтас топпен және оның жекелеген әрбір мүшесімен қарым-қатынастардың тиімді болуының негізі және шарты болып табылады. Жаңашыл педагогтердің тәжірибесінен оқытушы мен студенттердің арасындағы қарым-қатынастарды демократияландыру бағытында қайта құрулар жүріп жатқанын байқаймыз.

Тәжірибе жүзінде жекелеген оқытушылардың студенттермен арадағы қарым-қатынастың «аралас стилін» қолдануы жиі кездеседі. Зерттеулер бойынша, «автократ» («өктемшіл») оқытушының орнына «либерал» оқытушыны тағайындауға болмайды, ал керісінше алмастыруға болады. Ал «демократ» оқытушыны кез келген жағдайда тағайындауға болады.

Педагогтің өзінің педагогикалық қарым-қатынас стилін саналы түрде қалыптастыруы өз кәсіби қызметін талдау қабілетінің белгілі даму деңгейінде мүмкін болады. Мұндай жағдайда педагог студенттермен тұлғааралық қарым-қатынас барысында тиімді нәтижені қамтамасыз ететін қарым-қатынас әдістері мен тәсілдерін мақсатты түрде іздестіріп, іріктейді және жинақтайды. Бұл өз кезегінде эмоционалдық қанағаттануды және психологиялық жағымды жағдайды қамтамасыз етеді.

Біздің байқауымызша, бірде-бір сөздікте (философиялық, психологиялық, педагогикалық) қарым-қатынас стилінің анықтамасы жоқ. Ал бағыныштыларға әсер ету сияқты басқару стилі бар.

Сонымен, зерттеулер барысында анықтағанымыз бойынша «қарым-қатынас стилі» терминін оқытушылардың студенттермен қатар «қатынас стилі» деген терминмен көрсетуімізге болады. Әрбір оқытушы, шын мәнінде, өзінің тәжірибесінде қарым-қатынас стилінің бәрін қолданады, бірақ қалай болғанда да, әрбір педагогтің студенттермен жұмысында өз стилі басым болады. Педагогикалық қарым-қатынастың мәнісін түсіндіруге қатысты көзқарастарға талдау жасауды қорытындылай келе, қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде жалпы тұлғааралық қарым-қатынас туралы педагог пен студент арасындағы қарым-қатынас жасау жүйесі деген түсінік қалыптасқаны жайында тұжырым жасауға болады. Оның мазмұны ақпарат алмасу, білім беру және тәрбиелеу үдерісін оңтайландыру, жеке студенттің, ұжымның және оқытушының бірлесе жұмыс істеуін ұйымдастыру, тәрбиелік мәнде ықпал ету, білім алушының жеке тұлғасын және өзін-өзі танып білу, студенттің жеке тұлғасының дамуына қажетті жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады. Педагог осы үдерістердің қозғаушы күші рөлін атқарып, оларды ұйымдастырумен және басқарумен айналысқанда ғана нәтижелі қарым-қатынас жасауға қол жеткізе алады деген ойдамыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Рыдалова И.И. Основы педагогики общения. - Минск, 1998. - 319 с.
2. Маркова А.К. и др. Формирование мотивации учения. Книга для учителя. - М.: Просвещение, 1990. - 19 с.
3. Зимняя И.А. Педагогическая психология. Учебное пособие. Ростов на Дону: Феникс, 1997. - 230 с.
4. Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. - М.: Просвещение, 1987. - 106, 109, 130 с.
5. Амельченко Т.В. Психолого-педагогические аспекты гуманистического подхода к подготовке будущего учителя // Высшая школа: Гуманитарные науки и гуманистические основы образования и воспитания. Психология. Педагогика: Материалы Российской научной конференции. 1996. Чита, 6-8 июня. - 102 с.
6. Асмолов А.Г. Психология личности: Учебник. - М., 1990. - 367 с.
7. Сағынтаев Т.С. Педагогикалық шеберлік негіздері. Оқу құралы. - Қарағанды: ҚарМУ, 1996. - 63-66 бб.
8. Руденский Е.В. Социальная психология: курс лекций. - М.: ЛНФРА-М: Новосибирск: НГАЭиУ, 1997. - 217 с.
9. Маркова А.К. Психология труда учителя: Кн. для учителя. - М.: Просвещение, 1993. - 165 с.
10. Шаталов А.А. Л.Н.Толстой и народная школа: Учебное пособие. - М., 1994. - 150, 156 с.
11. Макаренко А.С. Собрание сочинений. – М., 1958. – т.5. - 115, 118, 123 с.
12. Макаренко А.С. Собрание сочинений.:т.4, 1978. - 130 с.
13. Маркова А.К. Психология труда учителя: Кн. для учителя. - М.: Просвещение, 1999. - 180, 186, 190 с.
14. Митина Л.М. Управлять или подавлять: выбор стратегии профессиональной деятельности педагога // Библиотека журнала «Директор школы». - М., 1999. сентябрь. - 56, 60 с.
15. Петрова Е.А. Жесты в педагогическом процессе: Учебное пособие. - М.: Моск. городское пед. общество, 1998. - 207-208 с.
16. Бодалев А.А. Психология общения. - М.: Изд-во «Институт практической психологии», Воронеж: НПО «Модэк», 1996. - 185 с.

**Резюме**

В статье рассматриваются труды и концепции ученых советской педагогики о стилях общения преподавателей.

**Summary**

In the article examined labours and conceptions of scientists of soviet pedagogics about styles of communication of teachers.

## ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАНИПУЛЯЦИЯҒА ҰШЫРАҒАНДАРДЫ ОҢАЛТУ ЖОЛДАРЫ

**Султанова К.**
2 курс магистранты

*Мақалада діни секталардың психологиялық манипуляцияларына ұшыраған адамдарды оңалту жолдары туралы қарастырылған.*

***Түйін сөздер:*** *діни секталар, манипуляция, реабилитация, сананың улануы.*

Қоғамда секта әсеріне тап болып, сектант атанғандар туралы оларға терең психологиялық зорлық, немесе гипноз әсер етті деген пікір ұстанады. Бұл ақиқат алайда, психологиялық манипуляция, гипноз алдында адамның әлсіздік танытуын гипноздың не манипуляцияның күштілігінен емес адам табиғатынан іздеу керек секілді. Тұлғалық «Мен» қалыпты тенденцияларға ие, және оларды қанағаттандыру үшін тұлғаны кейбір әрекеттерге итермелейді. Егер тұлғаның осы «Мендік» талаптары табиғи түрде қанағаттандырылмаса, тұлға санасы манипуляциялық

әрекеттердің алдында әлсіздік танытады. Тұлға «Менінің» тенденцияларын төмендегідей тізуге болады:

1) Топтасуға ұмтылу;
2) Үстемділікке ұмтылу;
3) Белгісіздіктің, құпиялылықтың қызықтыруы;
4) Өмірдегі қиындық кездері;
5) Қайраткерлікке еліктеу;
6) Экзистенциальды аспект или немесе «рухани жұтаңдық».

1950 жылы психолог Леон Фестингер адамның мінез-құлығының оның сезімдері, ойларына тікелей бағыныштылығын анықтау арқылы мынадай формула шығарды: «егер адамның мінез-құлығын өзгертсе оның ойы мен сезімі де бірдей өзгереді». Яғни осы формула арқылы қайтабағдарлау әдісі туралы мынадай ой шығаруға болады: секта адамға керекті идеяны енгізу үшін арнайы әдістер жиынын қолданады, егер осы әдістерді толықтай, бірақ игі мақсат үшін қолданса, адамға ескі зиянды идеяларды өшіру негізінде жаңа пайдалы идеялар енгізуге болады [1].

Сонымен, психологиялық бақылауды қалай орнатуға болатын болса, оны жоюдың сондай мүмкіндігі бар. Алайда бұл процесс ұзақ уақыт пен төзімділікті қажет етеді. Секта мүшесін сана бақылауынан босату ісімен тәжірибелі психолог кеңесші айналсыатын болса мүмкіндіктер мол. Алайда тәжірибе көрсеткендей бұл саладағы ең жақсы кеңесші деструктивті сектасының мүшесі болған адам. Бұл мақсатта іс бастаудың ең алғашқы қадамы секта мүшесімен сенімділік пен достық қатынас орнату болып табылады. Бұл үшін вербальді емес тілде тым қатты сөйлемей, жай жұмсақ ырғақтағы дауыспен сөйлесу керек. Бұл жерде нейролингвистикалық бағдарлау әдістері көмектеседі.

Психологиялық бақылаудан құтқарудың нейропсихологтар мен психотерапевттер дайындаған түрлі әдістері бар. Төменде олардың үш түрі беріліп талданады.

Қайтабағдарлау, «Депрограммирование» бұл тұлғаға емес мәселелер мазмұнына бағытталған, қалыпты ойлауға үгіттейтін кейде өз үгіттемелерін күшпен таңуды да қолданатын әдіс. Депргаммиронвание термині үгіттемелерді еркін қабылдау процессін де білдіреді, бірақ негізінен өз әсерін жүргізетін адамды ұрлап, мәжбүрлеу арқылы да үгіттеулер жүргізілетіндіктен бұл термин еріксіз үгіттеу дегенді білдіреді. Бұл процесс секта мүшесін бір минутта жалғыз қалдырмайтын, оқшаулау жерде күзетшілер көмегімен ұстаудан басталады. Қайтабағдарлау адепт секта әсерінен арылғандық белгі танытпайынша мерзім жағынан күндерден басталып, айларға созылуы мүмкін.

Бұл әдіс секта мүшелеріне көмектескенімен психикаларында мәңгілік қорқыныштар қалдыруы мүмкін. Бұл ең алдымен адпетті сектадан күштеп алып қашу кезінде өзі танымайтын адамдардың қараңғы бөлмеде ұстауы, қайтабағдарлаушы адепт туралы мағлұматтар жинамай бар болғаны компьютер бағдарламасын орнатушы ретінде әрекет етуі салдарынан.

Осылайша қайта бағдарлаудың өз кемшіліктері де бар. Бұл әдіс АҚШ-та 1970-1980 жылдары қолданыста болды, 1990-жылдардан бастап бұл әдісті «кеңес беру» әдісі ығыстырады. Қазіргі кезде АҚШ-та 18-ге толмаған тұлғаны қайтабағдарлауға тиым салынған. өйткені сәтсіз аяқталған қайта бағдарлау, адептке психологиялық зәбір көрсетуімен қатар, оны культтен шығаруға жәрдемдесудің орнына керісінше культ доктринасына бағынышты етуі мүмкін [2].

Кеңес беру, құқықтық жағынан рұқсат етілген әдіс. Мұнда адепт туыстары кеңес берушіге алдын ала мәліметтер беріп отырады. Бұл жерде күш емес, маман біліктілігі мен тұлға еркіндігі қамтылады.

Процесс ең алдымен кеңесші мен адепттің туысқандарының бірлікте қызмет атқаруымен басталады. Мысалға, қарапайым отбасылық дос ретінде келген, кеңесші адептті үйде тосады. Содан кейін адепттен достық қалыптағы сұхбаттастық кезінде аз дегенде үш күн мерзімге культпен араласпай, үйде қалуы сұралады. Осы мерзімде оған культ туралы видео-аудио жазбалар, өзге де культті басқа жағына сипаттайтын құжаттар мен материалдар көрсетіледі. Адепттің бұл кезде еркіндігі сақталады. Ол өз қалауымен үзілістер жасауы, жалғыз қалуы, сұрақтар қойуы немесе мүлдем кетіп қалуларына жол беріледі.

Алайда бұл әдіс те кемшіліктерге толы, көп жағдайларда кеңес беруші психолог маман емес бұрынғы экс-культист болуы мүмкін. Оның біліктілігінің кемшілігі, сондай-ақ қайта бағдарлаудағыдай назар тұлғаның ішкі жанына емес мәселелер жиынынына яғни, культ туралы мағлұматтарға аударылу себепті болуы да мүмкін.

Тағы бір әдіс өзара стартегиялық қатынас әдісі немесе бизнестегі секілді сенімділік орнату арқылы әрекет ету. Бұл әдіс негізінен мақсатты сұхбаттастық негізінде жүзеге асады. Ол мынадай төрт мақсаттардан тұрады:

Бірінші мақсат, сенімділік орнату, осы негізінде адептпен қатынастар құрылады.

Екінші мақсат, мағлұматтар жинау, бұл кезде адепттің сектаға дейінгі «мені», яғни жан дүниесі мен эмоциялық көңіл-күйі туралы және қазіргі кездегі «мені» туралы және секта туралы барынша мол ақпараттар жиналады.

Үшінші мақсат, ақпараттар беру арқылы өз сектасы мен өзінің қазіргі күйіне күмәнділік орнату, яғни адептке тұспалды түрде кейбір мәліметтер беріп өзі және секта туралы ой сараптауға мүмкіндік беру.

Төртінші мақсат, санадағы өзгерушілік яғни арылу процесінің басталғандығын байқау үшін адептпен қатынасқа түсу.

Адептке көмектесуші адам мыналарды үйренуі керек:

- алдына шынайы мақсаттар қоя білу;
- қосымша сұрақтар мен қызығушылқтарды ажырата білу;
- секта сенімдерін, құндылықтарын, пайымдарын дұрыс бағалай білу;
- нәтижелі сөйлей білу мен тыңдай білуге үйрену;
- адептте пайда болған тәуелсіз мінез-құлықты байқай білу, және қадағалау;
- өз ісіне күмәнсіз сену.

Бұл қатынасты (стратегиялық немесе мақсатты қатынас) қатынасты кез-келген білімді азамат жүргізе алатындықтан оның психолог маман және экс-культистпен кеңесіп отыруы керек, негізінен шет елдік тәжірибелер бұл іспен мамандардың шұғылданғанын мақұлдауда.

Жоғарыда көрсетілген сана бақылауынан босатуға көмектесетін үш әдістің соңғысын пайдаланып, адептке психологиялық бақылауды орнатуда қолданған тәсілдерді мақсатты қолдану арқылы сана бақылауынан босатуға болатындығын шет елдік тәжірибелер көрсетіп отыр. Ол үшін екінші бөлімде берілген әдістерді қарастырайық. Сектаға тартушы өте білімді, қарапайым, адам ойындағысын дәл табатын ерекше ілтипатты адам деп бейнеледік. Сектадан шығарушы адам да адептті бастапқыда еліктірген дәл осындай білімді бірақ, қарапайым, оның көңіліндегісін сезе алатын мейірімді (асқан мейірбандық күдік тудыруы да мүмкін) болуы керек. Ол үшін де біз жоғары да көрсетілген үш әдістің (қайтабағдарлаушы, кеңес беруші, мақсатты сұхбаттасушы) ішінен үшіншісін таңдаймыз. Мақсатты сұхбаттасуышы отбасы досы ретінде немесе көшеде кездейсоқ таныстық арқылы аралсып, адепттің балалық шағынан осы күнге дейінгі өмірі яғни, өмірлік принциптері, қызығушылықтары, мақсаттары, достары, қорқынышы, сектаға дейінгі жанын қинаған мәселелері туралы толық ақпараттар жинау негізінде адептпен достық қатынас құрады. Алғашында ол секта туралы жасанды қызығушылық оятуы керек.

Екінші сатыда біз достық қатынасқа түскен сектанттпен арбалушы ролін қайталаймыз. Бұл жерде секта үй не парк болып алмастырылады. Яғни адепттің жаңа досы оны үйде, паркте жиі кездесулерге шақырып сөйлесіп, пікір алмасып тұрады. Одан соң секта әдісі бойынша уақыт бақылауы пайдалынылады, мысалға адептпен жаңа достың кездесулері белгілі уақыттарға белгіленеді.

Ақпарттық бақылау әдісін де нәтижелі қолданауға болады, мысалға кезінде секта бақылаулар арқылы не мүлдем тиым салған ақпараттарды біртіндеп жеткізу арқылы. Ең бір тиімді әдіс адептке деструктивті секталар қандай, олар қоданатын әдістер, құрылымдық сипаттары туралы тұспалды түрде бірқалыпты және ешбір екпінсіз жеткізу керек. Бірақ бұл жерде өте сақтықпен қимылдау керек, өйткені өз сектасы не көсемі туралы жағымсыз ақпараттар қабылау кезінде адепт ой тежеу әдісін автоматты түрде қолдануы мүмкін (екінші бөлімде бұл әдіс туралы айтылған) де онымен қатынас біржола үзілуге әкеледі. Өз тобын секта ретінде есептемейтін адепт, жаңа досымен бірге өзге секталар туралы қызу талқылаулар жасауы мүмкін, кейін жалғыздықта қалған кезінде алынған ақпапарттар өз сектасы туралы ой сараптауға көмектеседі. Өйткені мидың сараптау функциясы әлі де жоғалған жоқ, тек ақпараттсыздық арқасында тежелді. Осы себептен де адептке көмек ең қарапайым сұхбаттасудан, яғни ақпарат берудің ең күмәнсіз әдісін пайдаланып, миға, санаға екпін тастаудан басталады.

Секталар қолданатын тілдік манипуляция орнына, өткен күнін еске түсіретін сөздер мен сөз тірекестерін ұтымды пайдалануға болады. Мағынасы ауыстырылған сөздерді қалыпты түрде қабылдауды үйрету үшін, арнайы сөздік те сыйлауға болады. Нәтижесінде адепт өзі ерекше деп қабылдап жүрген тілдің қарапайым мағынасыз сөздер жиынтығы екенін түсінеді.

Сонымен бірге секта қолданатын гипноз, медитация сияқты тәсілдерді де пайдалануға болады.

Мысалға, Алман Брайанның «Самогипноз. Полное руководство по оздоровлению и самоизменению» атты кітабында көрсетілген күмән тудырмайтын қарапайым мына тәсілдерді қодануға болады [3, 135 б.]:

Терең бұлшықетті босаңсыту, бұлшықеттің үнемі қысымда болуы паника мен үрейлік сезім тудыруға себепші. Әрі секта құрамындағы адамдар еш уақытта терең дене босаңсытуын жасамайды, жасалған кезде де дене босаңсып сана сол қалпы кері мағлұматтарды күштеп таңу процесінде болады. Адептке толық дене босаңсыту процессін жасату кезінде одан көз алдына таза аппақ сәуле елестетуін сұрау керек (бұл әдіс секталарда кері қолданылады). Егер сәулені елестете алса, одан бірқалыпты дем алып, өз жанымен сұхбаттасуын немесе өзі туралы ойлануын сұрау керек. Секталарда кең қолданыс табатын тыныс алу техникасын да дұрыс қолдануға болады. Мысалға, асықпай қалыпты демалу қан тамырларын қажетті оттегімен қамтамсыз етеді, ал дем шығаруды демалудан сәл ұзағырақ жасаса бұл кезде қан көмірқышқыл газы секілді зиянды нәрселерден арылады. Сонымен бірге дем шығару кезінде арнайы дыбыс шығару, мысалы ауыр жүктен жеңілдеген кейіптегідей дыбыс шығару да нәтижелі көмектеседі.

Медитация көмегі де зор. Бұл процесс кезінде адептке өз-өзіне айналасында не болып жатқандығы туралы есеп беруге, өзін қинап жүрген ойлар туралы толыққанды ойлануға кеңес беріледі.

Ал гипнозды пайдалану арқылы адептке өткен шағының, мысалға балалық шағының бақытты кезеңін немесе туысқандарын қалай жақсы көргендігін еске түсіруге көмектеседі. Алайда, ол бейсаналы түрде енгізіледі де адепт есін жиған кезде ол туралы білмейді. Алынған ақпарат белгілі уақыттан соң ғана адептті мазалап, өткен шағы туралы саналы ойлануға, еске түсіруге итермелейді.

Адепттің сана бақылауынан арылу процессі басталып, толыққанды өмірге бейімделе бастауы кезеңінде оған сектаға дейінгі дәстүрлі дін өкілімен кездестіріп, ой бөлісу, сұхбаттастыру пайдалы. Бұл кезде ең нәтижелісі дұғалар оқыту болып табылады. Бұл процесс кезінде адепт құдайдан кешірім тілеп, дұрыс жол көрсетуін сұрайды және өзіне сенімділік орнататын рухани қолдау тапқандай сезінеді.

Ал келешек өміріне бағдар беру үшін адептке үлгі тұтатын тұлға керек болады. Ол үшін сәтті жол тапқан, яғни секта шырмауынан құтылып, үйлі болған, қызмет атқаратын адаммен таныстыру керек. Мұндай ролді көбінесе адепттің қасында жүрген жаңа досы, яғни экс-культист атқарады.

Адепттің сектада ұзақ уақыт бойы шырмалуының негізгі себебі еріксіз таңылған фобиялар болып табылады. Олар адепт культ ықпалынан босаған соң да өз әсерін тигізеді. Екінші бөлімде олардың енгізу процесстері туралы айтылған, міне осы фобиялардан адептті арылту оны секта бақылауынан арылту кезеңінен басталып, үнемі жалғасып отыратын (өйткені сау адамдардың өзінде балалық шағынан қалған немесе себебін өздері де түсінбейтін фобиялардың әсерінен шыға алмауы) күрделі процестің бірі. Фобиядан азат ету үшін адептке оның әдеттегі немесе саналы қорқыныштан айырмасын түсіндіру, не мақсатпен енгізелітінін және қалай әсер ететінін түсіндіру керек.

Фобия құрсауы кезінде адамда паника приступы болады. Ал физиолгиялық та психологиялық та сипат алуы мүмкін. Паникалық реакция басқаларынан басымдылыққа шыққан кезде адам өзін өз ортасынан ажыратылған және қалыптан шығарылғандай сезінеді. Кейде адам қысқа әрі тез тыныстаулар арқылы өкпені оттегіге толтырып гипервентиляция жағдайына түседі. Бұл өз кезегінде бас айналып, жүрегі айнып есінен танып қалуларға да әкелуі мүмкін. Жүрек жиі соғып, бұлшықеттер нығыздалып, дене терлейді. Көздің айналасы жыбырлап, ауыз қуысы құрғап, дауысы дірілдей кейде шықпай да қалуы мүмкін. Паника ықпалындағы адамның денесіндегі физиологиялық реакция өту үшін кем дегенде үш минут уақыт керек.

Паника ықпалына түсіп қалуы мүмкін адептке мынадай жаттығулар алдын-ала үйретілуі керек.

Тыныс алу бақылауы, паникалық реакция кезінде адам не өте тез қалыппен тыныстайды, не дем шығаруды ұзақ уақыт тежейді. Мұндай жағдайды болдырмау үшін тыныстау техникасын іске қосу керек. Мысалға, терең демалуды асықпай төртке дейін санау арқылы бастап, дем шығаруды ұзағырақ ұстап, санауды сегізге дейін жеткізу керек. Бұл әдісті бірнеше рет қайталау керек. Мұндай сәтте адам санасын қалыпқа түсірудің нәтижелісі осы дем алу схемасы болып табылады.

Жалпы фобиядан арылту үшін адептке өзіне енгізілген фобияны екі формада бақылату керек. Оның біріншісі – ассоциалы, екіншісі – диссоциялы. Біріншісінде, яғни ассоциялы бақылауда адепт ойларын, қорқыныштарын елестету кезінде өзін сол оқиға ішінде көріп, сезінеді. Екіншісінде, диссоциялыда дәл сол оқиғаларды адепт елестетеді, бірақ өзін сырттай бақылаушы ретінде ғана сезінеді.

Ассоциялы образдар ең алғашқыдағыдай эмоциялар тудырса, диссоциялы образда керісінше бейжайлық, немқұрайлы әсер қалдырады.

Адептке қорқынышты ойларға қатысты екінші жағдайды қалыптастыру керек. Ол үшін ең алдымен қорқынышты, мысалға сектадан тыс өмір сүру қорқынышын алайық (себебі секталарда адепттерге сектадан тыс өмір зұлымдық пен шайтан ықпалында, егер адепт сектадан шықса өліп қалуы да мүмкін деген қорқыныш енгізілген), осы жағдайды жоғарыда көрсетілген екінші қалыпта елестетіп, содан кейін оны визуалды түрде кемшіліктерінен арылту тапсырылсын. Кейде адепт өз елестетулері туралы баяндап отыруы да мүмкін. Содан-соң өзі елестеткен осы позитивті визуализацияны бірінші қалыпта елестету тапсырылады. Яғни өзгерген, алғашқы қорқынышты қалпы өзгерген сектадан тыс әлемде - өзін көру. Міне осындай «позитивті фильмдер» көрсету арқылы адепт бойындағы қорқыныштарды сейілтуге болады [4].

Фобияның қалдықтарын қорқыныш көзіне деген сезімталдықты өшіру арқылы да жоюға болады. Мұны десенсибилизация деп атайды. Десенсибилизация – фобиядан зардап шегушінің өз тәжірибиесі арқылы қорқыныш кезінде болатын жүріс тұрысындағы рефлекстік өзгерістік форманы жоюға ұмтылуы. Мысалға суға батудан қорқатын адамдарды ең алдымен ұзақ уақыт су жанында ұстау, содан кейін суда жай кешіп жүргізу, біртіндеп құтқару жилеткалары арқылы суда жүзуге үйрету арқылы бастапқы қорқыныштан айыруға болады. Осы секілді адепт өзін жайсыз сезініп, қорқыныш тұсауында қалса немесе қорқыныш тудыратын сезімдер билесе оған үнемі көмектесуге, пікірлесуге дайын дос-туыстары бар екенін және олар келешек өміріне де жан-жақты қол үшін бере алатындығын түсіндіру керек.

Фобиядан құтқарудың тағы бір әдісі, кез-келген адам ішінде өз-өзімен сұхбаттасып жүреді. Егер қорқыныш билейтіндей болса, тыныс алу техникасымен бірге өз-өзімен сұхбаттасып, қорқуға негіз бар ма, жоқ па деген сауалға жауап іздеуі керек.

Сыртқы сұхбаттастықта яғни жақын адамдармен пікір алмасуда өзінің қорқыныштарын жеңгендігін салмақты дауыспен өз-өзіне сенімді түрде айтып, талқылау да нәтиже береді.

Адептке өз фобиясын жеңген адамдар туралы да кездейсоқ формада айтып отыру керек.

Осындай істерден соң да адепт қалыпты өмірге үйренісе алмауы да мүмкін, өйткені оның алдында секта күштеп енгізген психологиялық жайсыздықтар мен бірге дене жарақаттары, яғни физиологиялық зардаптар да бар. Бұл мәселелер туралы шет ел тәжірибесін қарастырайық.

Американың күльт құрамында болғандарды, яғни экс-культисттерді зерттеуші ғалымдары F. Conway, J.H. Siegelman 1982 жылы экс-культистердің үлкен тобын зерттегенде олардың 52%-да «ауытқу» (floating) синдромы, 40%-да түнгі қорқыныштардың мазалауы немесе ұйқысыздық, 21%-да амнезия (есте сақтау қабілетінің бұзылуы), 14%-да галлюцинациялар мен елестер, 35%-да сектадан қабылдаған әдеттерден (өлең айту, белгілі бір ойлар сарыны, т.б.) айрыла алмаушылық, 14%-да қатты ашуланшылық күйінің болуы, 21%-да өзіне зиян келтіру немесе қол жұмсауға ұмтылушылық сияқты сезімдер құрсауында болатындығы анықталған [5, 234 б.].

M.D. Langone-нің 1995 жылғы зерттеуі бойынша, 88% экс-культисттердің 37% - ы өз секталарын зиянды, 51% -ы өте зиянды деп бағалаған.

P. Martin, M.D. Langone, A. Dole және J. Wiltrout 1992 жылы зерттеудің түрлі тәсілдерін соның ішінде миллондық көпмақсаттағы клиникалық сауалнама (MCMI) тәсілін де қолданып, 111 экс-культтистің психологиялық статусын анықтауға ұмтылды. Ол бойынша ағылшын тіліндегі әдебиеттерде «floating» терминімен аталатын «ауытқы» синдромы айқын көрініс тапты. Бұл синдром күштеп таңулар салдарынан сананың кейбір кездері өң мен түс секілді шынайы өмірді қиялдан (секталық өмір келбетінен) ажырата алмауы болып табылады. Ауытқуды тудыратын сектадан кеткені үшін өзін-өзі кінәлаушылық, есту, көру сияқты сезім мүшелері арқылы өткенді еске түсіру қалпы сияқты көптеген себептер болуы мүмкін [6].

Бұрынғы секта мүшелерінің арасында кездесетін екінші нәрсе посттравмалық стресс синдромы. S. Levine 1984 жылғы зерттеуінде 800 экс-культистердің 50%-нан осы синдромды тапқан. Ең жаманы сол діни секталардан хабары жоқ маман тексерген жағдайда бұл синдромға шизоффриния диагнозы қате қойылуы да мүмкін, кезегінде адепттің жағдайы одан бетер ушыға түсері сөзсіз [5].

Сектадан шығып, бірақ қайта оралған экс сектанттарға жүргізген сауалнама бойынша, олардың көбі күнделікті өмірге өздерінің үйренісе алмайтындықтары анықталған. Оларға жан күйзелісін түсінетін, қорқыныштардан дер кезінде арылтып, демеу беретін, жол сілтейтін мамандар керектігін айтады.

Осы жағдай ескерілген АҚШ-та бүгінгі күні экс сектанттарға көмек қолын созуға даяр, жан-жақты білім игерген психолог, дінтанушы, социолог және экс-культистерден құрылған орталықтар жұмыс істеуде. Олардың қатарына «культтер туралы мәліметтер жүйесі», Американың отбасылық қорының қолдауымен «Айығу» бағдарламасы және т.б. орталықтарды жатқызуға болады, онымен қоса жүз парақтық «Cultic stadies Journal» атты басылымы шығып тұрады. Мұның өзі сектадан шығу мүмкін емес деген, тұжырымға қарсылық ретінде іске асырып, дәлелденуде. Мұндай қызметтер, Қазақстанда да біртіндеп ашылуда, ол алғашында жеке психологиялық орталықтар болса, қазіргі кезде мемлекеттік деңгейде қолдау көрсетілуде, мысалға өткен жылы, яғни 2009 жылдың 21-қыркүйегінен бастап, Астанада диструктивті секталардың ықпалына ұшыраған адамдармен жұмыс жасайтын орталық ашылды. Орталық, атап айтқанда, жұртшылыққа диструктивті секталардың ролі жайында жеткізеді. Қазақстанда диструктивті секталардан зардап шеккендерге көмек көрсететететін орталықтар қызмет жасап жатыр. Арман Тәңірбергенов басқаратын бұл орталық Астана әкімшілігінің қолдауымен ашылып отыр.

Мұнда мамандандырылған заңгерлер, әлеуметтанушылар, психологтар жұмыс істейді. Бүгінде секталар тарапынан туындайтын қатерді адамдар толық түсініп жатқан жоқ. Мәселен, көшеде бейтаныс адамдар насихаттық кітаптарды таратып, дінге деген көзқарасты өзгертуге тырысып жатады. Оның ішінде дәстүрлі емес діндер де бар. Олар өздерінің мүддесін насихаттап, жеке пайдасына жұмыс істейді

Секталардың ықпалынан зардап шеккен адамдардың осы орталыққа тиісті көмек алу үшін, біздің орталықта жұртшылыққа ақпараттық, психологиялық, заңгерлік кеңестер жұмыс атқарады [7-80].

Бұл да сектадан енді азат болған адепт үшін үлкен психолгиялық қолдау мен бағдар болады. Яғни, жоғарыда көрсетілгендерден шығатын қорытынды- сектадан шыққан адамға психологиялық және басқа да көмектер мерзімдік уақытша болып табылмайды, ол ұзақ уақыттарға созылатын үлкен шыдамдылық пен біліктілікті талап ететін процесс.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Шапарь В. Религиозная психология. –Харвест. 2004. – 384
2. Смирнова Е. Введение в религиозную психологию. – Бахрах-М. 2003. – 160
3. Брайан А. Самогипноз. Руководство по изменению себя | Серия "Библиотека психологии и психотерапии" Независимая фирма "Класс", Москва, 2003 г., 192 стр.
4. Пичугин В.Г. Противодействие манипуляциям. Феникс. 2013
5. Levine L.E. Developmental Psychology, 1983. - 549 p.
6. Ameli, Saied Reza, Molaei, Hamideh. Religious affiliation and intercultural sensitivity: Interculturality between Shia & Sunni Muslims in Iran // International journal of intercultural relations. - 2012. - 35 p.
7. Діни экстремизмнің алдын алу. Д. Салқынбек. «Ислам және өркениет». №23 2007 ж.
8. «Заңсыз секталарға тосқауыл қойылды». Д. Сейсенұлы. «Егемен Қазақстан» 2007 ж.
9. «Діни диверсияға құқықтық тосқауыл керек». М. Исахан. «Қазақстан-Zaman». 2007 ж.
10. Шымкенттегі секталар шектен шығып барады. «Дөңгеленген дүние» №13-14.25.04.2007 ж.

**Резюме**

В статье рассматривается проблемы реабилитации людей вовлеченных в разные деструктивные секты.

**Summary**

In the article examined problems of rehabilitation of people engaged in different destructive sects.

# МОДЕЛИРОВАНИЕ НОВЫХ ТЕРМИНОВ В НЕФТЕГАЗОВОЙ ОТРАСЛИ НА АНГЛИЙСКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ

**Смагулова А.С.,**
кандидат филологических наук, доцент
КазНУ им. аль-Фараби
**Саметова Ф.Т.,**
кандидат филологических наук, профессор
Академия Кайнар
**Тусупова А.К.,**
кандидат филологических наук, доцент
Центрально-Азиатский университет

*В статье рассматривается о моделировании новых терминов в нефтегазовой отрасли на английском и казахском языках.*

***Ключевые слова**: термин, терминология, терминосистема, терминополе, нефтегазовая отрасль, нефтедобыча, нефтехимия, нефтеперерабатывающая отрасль, добыча газа, проектирование.*

За последние десятилетия в современном языкознании обозначился ряд исследователей, посвятивших свои работы изучению терминологии (В.М. Лейчик, Н.В. Подольская, А.В. Суперанская, Г.П. Немец, Н.В. Васильева, В.П. Даниленко и др.). Известный исследователь В.М. Лейчик определяет терминоведение как самостоятельную научную дисциплину [1, с.14]. По мнению современных исследователей, терминология настоящего времени ─ это искусственно формируемый пласт, каждая единица которого имеет определенные ограничения для употребления и оптимальные условия для существования и развития. Особой чертой, отличающей термин от других типов номинации, является связь с научными концепциями. Следовательно, языковой статус термина подвержен влиянию той отрасли знаний, в которой он детерминируется.

Определение понятия «термин» и требования к нему до сих пор остаются спорными, так как многие языковеды в зависимости от объекта исследования дают различные определения данному понятию. Несмотря на это, остаются общепринятыми положения, выдвинутые Д.С. Лотте относительно термина: термин рассматривается как член национальной терминологической системы; терминоэлемент является минимальной единицей, имеющей терминологическое значение и участвующей в терминообразовании; естественно сложившиеся терминологии обладают определенными «недостатками»; различаются «абсолютная» и «относительная» однозначность терминов; необходимо членение массива понятий на «собственные» и «привлеченные» (упорядочиваются только термины собственных понятий); первоначально следует придавать упорядоченным терминам статус терминологической рекомендации, с тем, чтобы специалисты привыкли к новому пониманию терминов; в первую очередь следует уделять внимание правильному построению узлов терминов, являющихся терминами – производителями, ибо от их структуры зависит и вся структура собственной отраслевой терминологии; образованный термин должен быть именем собственным предмета или понятия, не имея в данной области синонимов и не представляя собой омонима; существующий и вновь создаваемый термин должен вызывать определенную ассоциацию ─ «частную» (смысловую) или «узловую» (агрегатную) [2, с. 56 – 58].

Актуальной для терминоведения остается проблема исследования в границах научного дискурса. В современной лингвистике в изучении термина известны два основных подхода: нормативный и дескриптивный. При нормативном подходе термин рассматривается в качестве лексической единицы определенного типа, обладающей особой семантической и грамматической структурой, которая отличает его от слов общелитературного языка. Сторонники нормативного подхода выработали требования к термину, сущность которых заключается в том, что такой термин должен быть однозначным, точным, систематичным, кратким и не иметь синонимов и антонимов. К сторонникам данного подхода относятся Д.С. Лотте, А.А. Реформатский, В.И. Сифоров, Т.Л. Канделаки, в исследованиях которых термин представлен не как динамичный, функционирующий в живой речи, и, следовательно, подверженный изменениям элемент, а как

статичный элемент сферы фиксации. В лингвистке такой термин получил определение «идеальный термин».

При изучении термина в сфере функционирования сторонники дескриптивного подхода подвергли сомнению правомерность предъявления к терминам требования как к статистичному элементу сферы фиксации (Г.О. Винокур, Б.Н. Головин, Р.Ю. Кобрин, В.П. Даниленко, А.И. Крылов). Специфика термина при дескриптивном подходе состоит в том, что термин не является особым словом, а лишь словом в особой функции, т.е. любое слово, может стать термином, а любой термин перейти в сферу общеупотребительной лексики. Следовательно, термин может быть многозначным, ему присуще наличие синонимов и антонимов. Современные исследования подтверждают правоту сторонников дескриптивного подхода, точку зрения которых мы полностью разделяем.

Как известно, формирование терминологии зависит от науки, выдвинувшейся в своем развитии на новые позиции, что в свою очередь происходит в связи с изменениями в общественной жизни. В 60 –70 – х гг. XX века в науке поднимается вопрос о создании терминов, выявляется изменение тенденций в терминотворчестве, появляется новый подход к проблемам понятия «термин» через призму неологии. В процессе образования терминов акцентируется внимание на том, что возможности построения, установления связей между формой и значением термина определяются структурными особенностями языка. При образовании нового термина идет поиск необходимой знаковой информации на основе имеющегося языкового опыта, закрепление ее в особой «информационно-терминологической сфере языка». К началу XXI века представление о термине как о новой единице языка значительно меняется в связи с тем, что общий уровень абстрактности дефиниций, обозначенных вновь порожденными терминами, становится выше, а семантическая структура оказывается более гибкой по сравнению с терминами, обслуживающими потребности предшествующего знания [3, с. 21]. Термин становится средством, орудием научной коммуникации, характеризуясь многоплановостью и многофункциональностью аспектов своей репрезентации.

Для терминосистем английского и казахского языков характерны наличие общих лексико – тематических групп (*area ─ аудан, surface ─ бет, drilling ─ бұрғылау*), общность логических, структурных и семантических свойств терминов, в том числе: понятийная сторона семантики терминов, словообразование и дериватология терминов, устанавливающая семантические связи между ними, влияющие на формирование терминосистем и их отношений. Единый принцип формирования терминосистем происходит за счет наличия: 1) интернациональных терминов в указанных языках, примерами которых могут служить следующие лексемы: *абсорбент (absorbent), абсорбция (absorption), агломерат (agglomerate), баррель (barrel);* 2) массива заимствований англоязычных нефтегазовых терминов в аналогичных терминосистемах казахского языка: *вакуум (vacuum), ингибитор (inhibitor), инжектор (injector), коррозия (corrosion).*

Во всех отраслях науки и техники происходит активная терминологизация казахской лексики, благодоря которой в настоящее время развитию казахской терминологии уделяется большое внимание,

Целая плеяда лингвистов – терминологов, среди которых академик А. Кайдаров, У. Айтбаев, Б. Калиев, Ш. Курманбайулы, Ш. Билялов, Р. Шойбеков, К.Айдарбекова, А.Удербаев и др., посвятила свои исследования терминотворчеству, что послужило мощным толчком для развития данной области лингвистики в Казахстане.

Современная научная терминология английского и казахского языков – это результат длительного процесса исторического развития языка науки. В распространении и создании новых терминов нефтегазовой отрасли особую роль играют внешнеэкономические связи, возникающие в сфере международного общения, что способствует появлению терминов иноязычного характера.

Образование терминополя «нефть и газ» в английском языке первоначально осуществлялось путем заимствования слов из латинского, греческого, старофранцузского, реже ─ немецкого языков: *crude* (лат.) ─ сырье, *ointment* (др. фр.) – мазь, *octane number (*греч. *okto* – восемь) ─ октановое число. В настоящее время в процессе развития нефтегазовой отрасли образование новых терминов в английском языке происходит внутри самого языка на основе исконной лексики.

Начиная со второй половины XX века в период развития нефтегазового сектора в казахский язык начинают активно внедряться интернационализмы, термины английского, русского языков чаще всего путем синтаксического калькирования соответствующих

многокомпонентных терминов, освоения интернационального лексического фонда из английского языка через русский язык, который, как было сказано выше, стал языком – посредником между казахским и английскими языками, а также путем лексического и семантического заимствований. В последнее десятилетие в казахском языке наблюдается массовый перевод терминов нефти и газа заимствованного характера на термины – эквиваленты исконного языка.

Среди рассмотренных терминов нефтегазовой отрасли в английском и казахском языках выявлены следующие терминополя: «нефтедобыча», «нефтехимия», «нефтеперерабатывающая промышленность», «добыча газа», «проектирование», свидетельствующие о системности смысловых отношений терминологических единиц, связанных между собой тематическими понятиями и понятиями на основе родовидовых отношений. Например, терминосистема **oil** − **мұнай (нефть)**: *oil pool* ─ *мұнай шоғыры (залежь нефтяная); oil show* ─ *мұнайдың көрінуі (проявление нефти)* и др. Внутри терминополя «нефтедобыча» среди терминов выявлены объемные блоки со значением «бурение» и «скважина»: **drilling** − **бұрғылау (бурение):** *structural drilling* ─ *құрымдылық бұрғылау (бурение структурное); drilling speed* ─ *бұрғылау жылдамдығы (скорость бурения)* и др.*;* **well, hole** − **ұңғыма (скважина):** *well depth* ─ *ұңғыманың тереңдігі (глубина скважины), well hole* ─ *ұңғыманың оқпаны (ствол скважины)* и др.

По внутренней структуре термины делятся на однокомпонентные и многокомпонентные, например: англ. – *sedimentation* ─ *седиментация, orifice* ─ *отверстие;* каз. – *кенорны* ─ *field, жоба* ─ *draft* (однокомпонентные*);* англ. – *abrasiveness of rocks* ─ *абразивность пород, capacity drum* ─ *емкость*; каз. – *кәделеуіш қазандық* ─ *котел утилизатор, өнеркәсіптік кенорны* ─ *месторождение промышленное* (многокомпонентные). На примере диаграммы в терминосистемах нефтегазовой отрасли сопоставляемых языков наблюдается тенденция к преобладанию многокомпонентных терминов над однокомпонентными.




**Рисунок 1.** Количественное соотношение многокомпонентных и однокомпонентных единиц терминополя «нефть и газ» в английском и казахском языках (%).

Полилексемные терминологические сочетания делятся на двухкомпонентные, трехкомпонентные, четырехкомпонентные, где наиболее распространенными являются двухкомпонентные сочетания, образованные по модели «имя сущ. + имя сущ.»: англ. – *compressor oil (компрессорное масло), paraffine wax (пластичная глина);* каз. – *көмірлі балама* ─ *(эквивалент угольный), газ абсорбциясы (абсорбция газов).* К данной модели в английской терминолексике относится 62%, в казахской терминолексике ─ 57% от общего числа двухкомпонентных сочетаний.

К структурному типу «имя прил. + имя сущ.» относится небольшое количество словосочетаний, что представляет 18% от числа двухкомпонентных сочетаний: англ. – *analytical balance (аналитические весы), spherical bearing (сферический подшипник)*; каз. – *мұнайлы аймақ (область нефтеносная), қаттық мұнай (нефть пластовая).* В ходе исследования среди терминов казахского языка структурные типы двухкомпонентных сочетаний, содержащие предлоги или союзы, не были обнаружены.

Трехкомпонентные и четырехкомпонентные терминологические сочетания в рассматриваемых языках составляют небольшое количество полилексемных сочетаний: англ. – *ash of petroleum product (зольность нефтепродукта), combustibility of petroleum product (горючесть нефтепродукта;* каз. – *газдың мұнайда ерігіштігі (растворимость газов в нефти), ауырлатқан бұрғылау құбыр (утяжеленная буровая труба).* Среди трехкомпонентных терминологических сочетаний преобладают конструкции по типу «имя сущ. + имя сущ. + имя сущ.». Образование

сложных составных понятий в терминологической лексике объясняется неспособностью однословной терминологической единицы удовлетворить потребность в номинации. Обращение к терминам связано с терминообразованием в современной нефтегазовой отрасли, в которой синтаксический способ обозначения понятий занимает ведущее место и является существенной характеристикой английского и казахского языков как в плане содержания, так и в плане выражения.

**Рисунок 2.** Количественное соотношение полилексемных двухкомпонентных, трехкомпонентных, четырехкомпонентных единиц терминополя «нефть и газ» в английском и казахском языках (%).

Терминологическое словосочетание состоит из стержневого и зависимого компонентов, где стержневой компонент несет основное значение, а зависимый компонент дополняет основное значение. В зависимости от стержневого компонента терминосочетания подразделяются на субстантивные (именные), где стержневым компонентом выступает существительное; адъективные (стержневое слово – имя прилагательное причастие числительное); глагольные и наречные.

Однокомпонентные термины в рассматриваемых языках довольно разнородны и делятся на три основных структурных типа: простые, аффиксальные и сложные термины, среди которых преобладают аффиксальные термины:

– простые: англ. – *area (область), field (поле);* каз. – *алап (поле), мұнай (нефть)*;

– аффиксальные: англ. – *migration (миграция), saturation (насыщение);* каз. – *айырғыш (сепаратор), ауытқы (аномалия);*

– сложные: англ. – *framework (каркас), hydrocarbons (сырье нефтегазовое);* каз. – *жерасты (подземный), кенорны (месторождение)*.

Как показало исследование, в основе образования рассматриваемых терминосочетаний лежит семантическое развитие общелитературных слов. Для терминосочетания образованных в результате изменения значения общелитературных слов характерными являются следующие семантические процессы: терминологизация слов литературного языка, метафоризация семантического объема слов, семантическая дифференциация, а также семантическая мотивированность.

**Список использованных источников:**

1 Лейчик В.М. К определению философских основ терминоведения. ─ М., 1998. ─ 258 с.

2 Лотте Д.С. Упорядочение технической терминологии // История отечественного терминоведения. Классики терминоведения: Очерки и хрестоматия. ─ М., 1994. ─ С.77.

3 Айтбаев У. Основы казахской терминологии. – Алматы: Арыс, 2000. – 114 с.

**Түйін**

Мақалада типологиялық және генетикалық жағынан әртүрлі ағылшын және қазақ мұнай-газ терминдерін зерттеу талқыланады. Қарастырылып отырған ағылшын және қазақ тілдеріндегі термин жүйесіндегі терминдердің құрылымдық, логикалық, семантикалық қасиеттерін және ортақ лексико-тематикалық топтамасы көрсетілді.

**Summary**

The formation of oil and gas terms in English and Kazakh languages and their structural organization are described in this article. The research is showed the development of terminology of oil and gas. The terminology of oil and gas formed from changes in the value terms and characteristic of semantic processes: terms of literary language, semantic metaphor of words, semantic differentiation as well as semantic of motivation.

## ҚҰНДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚ-БАҒДАР ҰҒЫМДАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Сейдуалы Г.,**
2 курс магистранты
**Шалхарбекова Н.А.**
PhD доктор
ОҚО, М.Әуезов атындағы Мемлекеттік университеті

*Мақалада құндылық және құндылық бағдар ұғымдары мен олардың ғылыми-теориялық негіздері туралы қарастырылады.*

***Түйін сөздер:*** *құндылық, құндылық бағдар, түрлері, мәні, жіктелуі.*

*Құндылық* - объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-социологиялық ұғым [1].

Философия тарихында құндылық көрінісінің заңдылықтары туралы жалпы түсінік 19 ғасырдың ортасында пайда болды. Құндылық ұғымына тұңғыш филосиялық анықтаманы Р.Лотце мен Г.Коген берді. Ежелгі филосиялық көзқарастарда құндылықтың әр түрлі көріністеріне жататын және табиғи, қоғамдық құбылыстарды, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік секілді этикалық және эстетикалық ұғымдар қолданылды [2]. Құндылық объектінің адам үшін қаншалықты маңызды екендігін айқындайды. Ол пәндік және субъективтік деген екі бөліктен тұрады. Пәндік және субъективтік құндылық — адамның дүниеге қатынасының екі жағы, біріншісі — оның объектісі, екіншісі — субъектісі. Сондықтан пәндік құндылық баға берудің объектісі, ал субъективтік құндылық олардың өлшемі мен әдісі болып табылады. Пәндік құндылыққа заттардың табиғи қажеттілігі, өнімнің өзіндік құны, әлеуметтік игілік, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұралар, ғылыми ақиқаттың теориясы маңызы мен тәжірибелік пайдасы, адамдардың іс-әрекетіндегі жамандық пен жақсылықтың іске асуы, табиғи және қоғамдық объектілердің эстетикалық қасиеттері жатады. Санадағы құндылық ұғымына қоғамдағы ойлау мен бағалау, мақсат және оған жетудің жолдары, қоғамда кездесетін түрлі нормалар жатады. құндылықтар өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адам өмірінің мәніне, т.б. баға беру қатынасынан тұрады. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар, нормалар мен мән-мағыналар қызметін өзіне бағындырады және реттейді. Құндылықтар адам мүддесінің объектісі бола тұра, әлеуметтік, заттық ортадағы күнделікті тіршілікте бағыт беру рөлін атқарады. Адам өзін қоршаған заттық және рухани әлемді құндылықтар арқылы бағалайды. Оның шынайы өмірге құндылықтық қатынасы тек сана негізінде болуы мүмкін. Құндылықтық сана заттың біз үшін қаншалықты бағалы, оның құндылығы неде екенін зерттейді.

Құндылық - мәдениеттің құрамдас бөлігі [3]. Мәдениеттің құрамдас бөлігі болуы себепті құндылық адамдардың өзін ұстауын реттейді, олардың шынайы тәртібін айқындайды. Мәдениет құндылықтары, тиісінше, материалдық және рухани болып бөлінеді. Құндылықтардың мазмұны қоғамның мәдени жетістіктерімен шарттастырылған. Құндылықтар әлемі, сөздің кең мағынасында, мәдениет әлемі деген сөз. Ол адамның рухани қызмет аясы, оның санасының дұрыстығын айғақтаушы, адамның рухани байлығының елшеуіші іспетті. Құндылықтарды мүдделердің қарапайым жалғасы немесе бейнеленуі ретінде қарастыруға болмайды. Олар салыстырмалы өзінділікке ие.

Құндылықтар проблемасын зерттейтін ілім аксиология (axia – құндылық және logos – ілім, сөз)деп аталады [4]. Ол – құндылықтар теориясы болып табылады. Аксиология құндылықтар табиғаы, олардың реалдықтағы орны және құндылық әлемінің құрылысы, немесе түрліше құндықтардың өзара әлеуметтік және мәдени факторлармен, жеке тұлғаның құрылысымен байланысы туралы философиялық ілім.

Құндылықтар туралы алғашқы түсінік ежелге грек ғалымы Сократтан бастау алады. Сократ үшін құндылық «адамның өмірді бағалауы» екен. Ал Аристотель «жақсылық», «игілік» ұғымдарын жағымды мінез-құлықты, рухани құндылықты бейнелеуде қолданды. Құбылысты, затты жағымды бағалау адам үшін құнды игілікті түсінуге негізделген. «Ізгілік» сөзі салыстырмалы мағынада белгілі бір жағдайдағы адам үшін жақсылық, пайдалы нәрсе деп түсіндіріледі. Рухани-адамгершілікке тәрбиелейтін ғылым ретінде этиканы белгілеген. Аристотельдің пайымдауында «этиканың мақсаты – таным емес, ізгілікке үйрету. Этикалық зерттеулер рухани-адамгершілік дегеннің не екендігін білу үшін емес, осы рухани-адамгершілікке жетудің жолдарын үйрету үшін қажет, олай болмағанда бұл ғылымның пайдасы болмас еді» - дейді [5].

Философ Т.Қ.Ғабитов «құндылықтар – қасиеттер» дей отырып, бұл қасиеттердің бала кезден, ана сүтімен бірге өзінің ана тілі арқылы мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орныгатындығын ерекше бағалайды. Яғни, философиялық тұрғыдан алсақ құндылықтар – адам үшін пайдалы мәнге ие болатындардың барлығы, адамзат қоғамының іргелі дамуы мен адамның жеке тұлғасын жетілдіруге тиімді ықпал ететіндерің барлығы құндылық болып табылады. Психологтар құндылықтарды тұлға аралық қатынас тұрғысынан қараудың өзіндік мәні бар екенін айтады. Құндылық ұғымында құндылық қатынастың обьектісі болып табылатын заттардың сыртқы қасиеттерінің сипаттамасы, осы қатынастың субьектісі болып табылатын адамның психологиялық сапалары, құндылықтың жалпы мәнділігін көрсететін адамдардың өзара қарым-қатынасы ұштасады.

Педагогикалық сөздікте «құндылық - адамның ішкі құқы, ізгілігі, адамдармен қарым-қатынасы, іс-әрекет кезіндегі көрсетілетін тұрақтылығы, қайырымдылығы, мейірімділік тәрбиесі», - делінген. Сондықтан біз «құндылық» ұғымын адамды тәрбиелеу үшін оның өмір сүруіне ең керекті, маңызды, қажетті, бағалы дүниелердің жиынтығын құрайтын педагогикалық категория ретінде қарастырамыз [6].

Ең кең мәнінде құндылықтар проблемасы мәдени дәстүрлер мен қоғамның идеологиялық негіздерінің құнсыздану дәуірінде шарасыз пайда болды. Философия ғылымының дербес саласы ретінде аксиология болмыс ұғымы реальдық және адам қалаулары мен ұмтылыстарының объектісі ретіндегі құндықтар болып екі элементке бөлінгенде пайда болады... Антикалық жіне орта ғасырлық философияда құндылықтар (этико – эстетикалық жәнне діни) сипаттамалары реальдықтын, ақиқат болмыстың өз ұғымына кірістірілген еді.

Диалектикалық – материализм құндықтарды олардың қоғамдық – тарихи, экономикалық және әлеуметтік – саяси себептіліктерімен қоса қарастырылады. Құндылық объективті құбылыстарды, немесе олардың қасиеттерін және адамдар үшін, отбасы , үлт үшін баға жетпес құндылықтар. Бірден – бір объективті ең жоғарғы құндылық – адамзат тарихында әлі де болса жаппай мойындаушылық сипат алмаса да, бұл адам өмірінің өзі. Бірақ, адамзат тәжірибесі белгілі бір қоғамдық – тарихи параметрлерде шекті және абсолютті болып көзге түсетін құндылықтар құлықтылық белгілерін тудырады [7].

Құндылық - объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-социологиялық ұғым. Философия тарихында құндылық көрінісінің заңдылықтары туралы жалпы түсінік 19 ғасырдың ортасында пайда болды. Құндылық ұғымына тұңғыш филосиялық анықтаманы Р.Лотце мен Г.Коген берді [8].

Ежелгі филосиялық көзқарастарда құндылықтың әр түрлі көріністеріне жататын және табиғи, қоғамдық құбылыстарды, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік секілді этикалық және эстетикалық ұғымдар қолданылды.

***Ключевые слова:*** *Ш.А.Амонашвили, книга, «Исповедь отца», воспитание, гуманизм.*

Книга великого классика современности Ш.Амонашвили «Исповедь отца» была написана и издана 1980 году, когда его сыну Паате, перед которым он исповедовался, исполнилось 16 лет. Когда я прочла книгу, то мне показалось, что книга написана в стиле «беседы». То есть, она разговаривает с тобой, делится самыми нежными и родственными воспоминаниями. Автор, рассказывая путь взросления своего ребенка, передает ту родственную связь, которая называется «отец и ребенок».

Когда нам дали это задание, то есть прочесть и написать отзыв на труды Ш.Амонашвили, мне было очень интересно, как же отец может исповедоваться перед своим ребенком? Что он может рассказать такое, чтобы называть это исповедью? Ведь мои родители этого никогда не делали?! И вот, прочитав первые строки книги, я поняла, он рассказывает, как он старался воспитывать сына, как переживал за него, как он радовался каждому его успеху, как пытался доверять ему… Если подумать, то наши родители испытывают то же самое, но по нашим обычаям, родители никогда не должны отчитываться перед детьми, они никогда не должны показывать, что им больно, что им бывает иногда, отчего-то грустно и т.д. Хотя я бы, с удовольствием прочитала мемуары отца, про нас. Хотелось бы, то, если бы каждый родитель мог сделать такое, то, по моему мнению, разногласий между отцами и детьми не было бы никогда!

Он пишет дорогие воспоминания о пройденном пути длиной в шестнадцать лет. Весь путь своего сына от младенчества до становления гражданина. Он признается сыну о том, что у него никогда не было причин быть недовольным им, даже если он не отличался своими «однообразными» пятерками. Потому что, он знал о том, что его сын: честный, воспитанный, трудолюбивый. И ему это было очень важно! И вот в наше время, чего мы требуем от своих детей? Да! Мы требуем…чтобы они учились «очень хорошо», чтобы они занимались дополнительно, чтобы везде были первыми, чтобы везде успевали… А кто-то из родителей, задумывался над тем, о чем он думает, что он читает или смотрит, и вообще какое у него поведение вне дома?! Ведь не раз в школе мы учителя сталкивались с такой, простой на первый взгляд, проблемой, как «мой ребенок не такой», «он такое не скажет», «он не мог сделать это»… Вот, это еще раз доказывает, что не знают родители своего ребенка до конца, потому что не пытались строить отношения на доверии, как сделал это великий классик.

Он признавался, что и у него, у гуманиста-педагога, были досадные оплошности и промахи в процессе воспитания своего сына, но, то чего они добились в созидании личности сына, он считал хорошей основой для дальнейшего его совершенствования. Он пишет о том, что они как

родители, пытались воспитать его в атмосфере гуманности, а это требует очень большого терпения и постоянного поиска путей к маленькому сердцу и душе ребенка. Он старался привить в нем высочайшие человеческие качества, зажечь в нем любовь к жизни и страсть к преобразующей деятельности, обогатить идеалами человечества, породить в нем смысл жизни.

И так же, как классики В.А.Сухомлинский, А.С.Макаренко, Н.К.Крупская он тоже пытался направить сына на путь самовоспитания и самосовершенствования. И результаты своего труда он ждал, когда он, повзрослев, будет проходить достойно через каждое испытание, которое подарит ему жизнь. А что мы делаем, современные родители? Мы пытаемся воспитывать своего ребенка здесь и сейчас! Но никто из родителей не старается воспитывать Себя. Ведь воспитывая своего ребенка, каждый родитель воспитываются сами как родители, и как учителя, и вообще, как граждане нашего общества. По словам Ш.Амонашвили воспитываются не только дети, а наоборот они становятся лучшими наставниками своих родителей, воспитателей или учителей.

Ш.Амонашвили так же и как великие казахские педагоги Ж.Аймауытов и М.Жумабаев считает, что к воспитанию ребенка надо приступить еще до его рождения. Родители должны создать атмосферу любви и чуткости. И в этой связи, мне бы хотелось, чтобы эту книгу прочли все матери, которые воспитывают будущих мам, то есть дочерей. Потому как, сегодняшняя молодежь как не печально, сначала «делают ребенка», а потом пытаются создать семью, и не у всех не всегда получается, но заполняются детские дома.

Автор четко отмечает роли родителей: отца и матери. То, что, с рождением детей, родители меняются. И мне кажется, что, они пытаются становиться серьезнее, так как воспитание ребенка — это очень ответственное задание Бога. Даже при выборе имени своему ребенку надо относиться куда серьезнее, как сделал это Шалва Амонашвили. Когда я прочитала, этот раздел «Имя» и про героя-юношу Паату, у меня прошлись мурашки по коже, как же он любит свою Родину и как же хотел, чтобы его сын тоже полюбил его. По мнению автора человек, должен вживаться в свое имя, задумываться над ним и постоянно прислушиваться к зову предков, через этот зов ощущать теплоту и любовь своих родителей. И здесь я задумалась над нашими именами, то есть, как и почему так наши родители назвали своих детей? Нас в семье пятеро: 4 девочки и 1 мальчик. По именам: Мейірім, Роза (это я), Салтанат, Шолпан и Нұрғазы. Когда начала расспрашивать отца, он сказал, что у каждого из нас имена со смыслом, и мы все похожи на них, то есть характеры совпадают с нашими именами. Это говорит о том, что к выбору имени ребенка надо относиться очень серьезно, ведь «Как назовешь корабль, так он и поплывет».

Прочитав каждую главу, я начала смотреть на разные вещи по-другому. Книга захватывает человека «От первобытной беспечной улыбки до первых слез сожаления», дальше «Ожидание» охватывает, переживаешь вместе с «Отцом», выбором «Имени», и дальше вся жизнь проходит перед глазами «Чудо», «Улыбка», «Вулкан», «Развитие», «Шалость», «Сестренка», «Школа»… и наконец, наступает время «Мужского разговора». И появляется «Надежда»!

Подводя к итогу свое мнение, я хочу надеяться о том, что все родители, учителя, воспитатели и вообще взрослые, прочитают эту книгу, чтобы построить мосты взаимоотношения между родителями и детьми. И давайте, открываться своим детям, больше доверять, улыбаться и жить!

**Использованная литература:**

1. Амонашвили Ш.А. Исповедь отца к сыну. Издатель: ИЗДАТЕЛЬСКИЙ ДОМ ШАЛВЫ АМОНАШВИЛИ Лаборатория гуманной педагогики МГПУ. Город: Москва, 2005.

**Түйін**

Аталмыш эсседе ұлы педагог-гуманист Ш.А.Амонашвилидің «Ұлыма хат» атты кітабы туралы айтылады.

**Summary**

This essay is dedicated to the great book of the teacher-humanist Sh. Amonashvili "Confession of the father."

## «ЛИДЕР», «ЛИДЕРЛІК», «ЛИДЕРЛІК САПА» ҰҒЫМДАРЫНЫҢ МӘНІ

**Көшербек Н.,**
ШТжІКУ, Шет тілі: екі шет тілі мамандығының магистранты

*Болашақ мұғалімдердің лидерлік сапасын қалыптастыру мәселесінің теориялық негіздерін зерделеуде алдымен категориялық аппаратын нақтылауды және оның әдіснамасын талдауды жөн көрдік. Осыған байланысты «лидер», «лидерлік», «лидерлік сапа» түсініктерінің мәнін ашуға мүмкіндік беретін әдіснамалық тәсілдерге мән бердік.*

***Түйін сөздер:*** *лидер, сапа, харизма, қабілет, тұлға.*

*«Сипат теориясы»* (харизматикалық тәсіл) лидерлік мінез қызметін сипаттайды. Бұл теорияны қолдаушылар тиімді ықпал етуші лидер туа бітті жеке тұлғалық қасиетке, мінездік сипатқа, лидерлікке, басшылыққа ерекше қабілетке ие болуы тиіс деп, санайды. Лидерді сипаттайтын ерекше белгілердің арасында мыналар баса айтылады: ынталылық, көпшілдік, өзіне сенімділік, жігерлілік, достық қалып, батылдық, тәуекел сүйгіштік, төзімділік, адалдық, ұйымдастырушылық, сендіре білу қабілеті және т.б.

«Харизма» түсінігін неміс социологы, тарихшысы, экономисі және заңгері М.Вебер енгізді. «Харизма» деп, лидердің мінез-құлық сипаттамалары мен лидерліктің өзіндік сапаларының жиынтығын, сонымен қатар оның басқаларға өзінің жеке даралық тартымдылығы менжағымды ықпалының ерекше формасын атайды.

М.Гантер харизматикалы (харизма – грек тілінен – «тәңірдің сыйы») лидерге тән бірқатар сипаттарды бөлектеп көрсетеді:

- тұлғаның өзге адамдарға әсерін тигізе алу қабілеттілігі, «қуат шашу» және онымен басқаларды қуаттандыра алушылық;
- «жаулап алушылық»;
- «тәуелсіз мінез»;
- «шешендік және әртістік қабілеттілік», айқын сөйлеу және тұлғааралық қарым-қатынас жасаудың өте жоғары қабілеттілігі;
- «өзіне сенімді және өзін лайықты ұстай алушылық», жинақы және жағдаятты бақылай алатын адам тұрғысынан әсер қалдырушылық.

Харизматикалық тұжырымдамада «лидер» өзінің соңынан топты ерте алатын, адамдарға ықпалы бар бірегей қабілеттілік пен ерекше қасиетке ие адам тұрғысынан қарастырылған. Өзінің жеке тұлғалық ерекшеліктеріне қарай ізбасарларының ішкі жан дүниесіне күшті әсер ете алатын, мінсіз болашақты болжай білетін, оған жол нұсқай алатын лидер харизматикалық лидер деп есептелінеді және лидердің харизматикалық сипаттамалары тұрғысынан алдын ала болжау стратегиясы мен ізбасарларды мотивациялық шабыттандыра алуы саналады. Харизматикалық лидер адамдардың сеніміне ене алады және өздерінің даралық бірегейлігі мен күші арқылы құндылықтарын қабылдатуға қозғаушы болады. Харизматикалық лидерлікті таныту үшін қолайлы жағдаяттарда байыпты өзгерістер енгізуді талап ететін дағдарыс жатады.

Ғұлама ойшылдардың еңбектерін қарастыра келе, лидердің харизматикалық бейнесін мінсіз адам, парасатты адам, кемел адам түрінде қарастырғандығына куә болдық. Атап айтсақ, Әл-Фараби өзінің «Философиялық-әлеуметтік трактатында» мынадай тұжырымдар мен қағидалар ұсынады: ешбір жаңға бағынбайтын басшы адам (харизматикалық лидердің) бойында туа біткен он екі қасиетті ұштастыра жетілуі қажет деп көрсетеді.

Олар:

- адамның *мүшелері мүлде мінсіз болуға тиіс*, бұл мүшелердің күші өздері атқаруға тиісті қызметті аяқтап шығу үшін мейлінше жақсы бейімделген болуы керек, сонда осы адам әлде бір мүшесінің жәрдемімен әлденедей бір істі істемек болса, ол мұны оп-оңай атқаратын болады;
- жаратылысынан өзіне *айтылғанның бәрін түсінетін, айтылған сөзді сөйлеушінің ойындағысындай және істің жай-жапсарына сәйкес ұғып алатын болуы*;
- *өзі түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында сақтай алатын*, бұлардан *ешнәрсені ұмытпайтын* болуы;
- әйтеуір бір заттың кішкене ғана белгісін байқаған заматта сол белгінің ишаратын іліп әкетерліктей алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі болуы;
- өткір сөз иесі және ойына түйгеннің бәрін айдан анық айтып бере алатын тілмар болуы;

- *өнер-білімге құштар болу, ақыл үйренуден шаршап шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналып азаптанбай, бұған оңай жететін* болуы.

- әділетсіздік пен пасықтық атаулыға мүлдем рақымсыз болуы, өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асырғанша *шешімпаздық* көрсетіп, бұл ретте қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы тиіс.

Көрнекті ғалым Р.Стогдилл «лидер сипаты теориясы бойынша» 120 ғылыми зерттеулер жүргізіп, салыстыру барысында бұл теорияның ғылыми негіздемесі жоқ деген қорытындыға келді.

Сипат теориясы топтың әр түрлі тіршілік әрекеті лидерден әртүрлі сапаны талап ететін болғандығына байланысты жеткілікті дәрежеде негізді емес. Солай болса да, бұл теорияда белгілі бір психологиялық және тәжірибелік мән бар. Ақиқат сенімділікпен лидерден әртүрлі сапаны талап ететін әрқилы әрекет түрінің бар екенін дәлелдеуге болады. Осы тұрғыдан лидер сипатының әмбебап шкаласын құру мүмкін емес. Өйткені дәлелді себептің өзі «сипат теориясының» қағидаларын жоққа шығаруы мүмкін.

Лидерліктің сипаты және ол әрекет еткен сәттегі жағдаяттар, лидерліктің атқаратын қызметі теориялардың маңыздылығы мойындалды, жоғарыда аталған теориялардың негізгі идеяларын бір жерге шоғырландырған «лидерліктің кешенді теориясы» ұсынылды. Басқаша түсіндіргенде, «гуманистік бағыт» деп аталатын теория пайда болды.

АҚШ-та кең таралымға ие болған *лидерліктің мотивациялық теориясы* лидердің тиімділігі ізбасарларының мотивациясына, тапсырмаларды өнімді орындау қабілетіне және жұмыс барысында олардың қанағаттану сезіміне әсер етуінен талап етілетіндігін дәлелдеді. Бұл теория лидерлік мінез-құлық, іс-әрекет түрлерін анықтап, лидерлік үдерістің белгілі бір құрылымын болжайды, Осы құрылымға лидерлікті сүйемелдеу; сапалы нәтижеге жетуге бағыттаушы лидерлік нұсқаулар; лидердің атқарылған жұмыстарға қанағаттану немесе қанағаттанбау, мақұлдау немесе ұнатпаулары ескерілетін іс-әрекет мотивациясына ізбасарларының қатынасы; алға қойылған мақсаттарды орындауға, міндеттерді шешуге ізбасарларын талпындыру; олардың мінез-құлық, іс-әрекеттерін тұрақтандыру. Лидерліктің бұл теориясы жағдаяттарға сәйкес лидерліктің қандай стилі тиімді болатынын алдын ала болжап қана қоймайды, сонымен бірге неге солай болатынын түсіндіреді.

Лидерлік феноменді психоанализ тұрғысынан әрі қарай негіздеуді американдық ғалым Г.Лассуэлл ұсынды, оның пікірінше, адамның билікті қажетсінуі өтеушілік шығу тегіне ие (тұлғаның өзін-өзі төмен бағалаушылығы билікке қол жеткізумен өтеледі).

*Лидер* ұғымының зерттелу жағдайына келсек, осы мәселе антикалық грек философтарынан басталып зерттеліп, бүгінгі күнге дейін зерттеу объектісінен түскен жоқ. Бұл ұғым тарих, философия, әлеуметтану, саясаттану, психология және педагогика және т.б. ғылымдар саласынан зерделенді. Атап айтқанда, *лидер, лидерлік мәселесі* R.L.Hughes, R.Ginnett, G.Curphy, J.Adair, S.L.Freedman, D.O.Sears, J.M.Carlsmith, J.C.Rost, П.Р.Драккер, З.Бурсалыоғлы, Й.Өзден, Б.Лоид, Фиельдер Ф.Е. және Чемерс М.М., Н.С.Жеребова, Р.С.Немов сияқты шетелдік ғалымдар еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Ал, қазақстандық ғалымдар арасында лидер мәселесіөз алдына зерттеу объектісі тұрғысынан қарастырылмағанымен, аталған ұғымдар Сәбет Бап-Баба, А.Қ.Егенисова және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

*Этимологиялық* тұрғыдан лидер болу (lead), *лидер* (leader) және *лидерлік* (leadership) сөздерінің англо-саксон тілінде негізі *«жол»* немесе *«бағыт»* мағынасына келетін «lead» болып табылады. Лидер сөзі скандинавия тілінде (leadar), неміс тілінде (leither), голланд тілінде (leider) жазылуы ағылшын тіліндегі жазылуына ұқсас келеді. Лидер сөзінің грек тіліндегі баламасы *«hegemon»* сөзі. Римдіктерде лидер мағынасын беретін сөз «dux» сөзі болып табылады. Бұл сөздер де *«жол»* немесе *«саяхат»* деген мағына береді.

Ал, «лидер» ұғымына алғаш рет анықтама Самуель Джонсон 1755 жылы құрастырған ағылшын сөздігінде «капитан, командир, алда жүретін адам» тұрғысынан берілген.

Біз зерттеу барысында XX-XXI ғасырларда энциклопедиялық, философиялық, педагогикалық, түсіндірме сөздіктерде және ғалымдар еңбектерінде «лидер» ұғымына берілген анықтамаларды саралап, талдауға талпындық, мәселен *«лидер»:*

- бір топ адам арасында лидер болу, белгілі бір жағдайда басқаларға әсер етуші *(The Oxford Dictionary of Philosophy)*;

- әлеуметтік үдерістерде, жағдаяттарда жеке тұлғалық ықпалы басым болатын ұйымның немесе топтың абыройлы мүшесі. Лидердің абыройы және күнделікті әсерлі ықпалы формальды

емес сипатта болады, стихиялық жинақталады және ресми емес топтық бақылау құралдарымен сүйемелденеді *(Философский энциклопедический словарь)*.

- лидер – жетекші *(Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: педагогика және психология)*;

- топтың лидері болатын тұлға немесе топ ішінде ықпал етушілік қабілетіне ие адам *(Freedman S. L., Sears D. O., Carlsmith J. M.)*;

- ұжымның мақсаттарын сипаттайтын және олардың ауытқымаулары үшін қажетті алдын алу шараларын қамтамасыз етуші *(Драккер П.Р.)*;

- топтың өмір сүруін бағалап, ұйымдастыратын және осы өмір сүру жолында топтың күшін пайдаланатын тұлға *(Bursalıoğlu Z.)*;

- үлкен өзгерістерді қолдайтын, жаңа мүмкіндіктерді қолдана алатын, белгісіздік пен қауіптерге қарамастан қолда бар мүмкіндіктерді бағалай отырып, ұйымға жаңалықтар әкелетін тұлға *(Өзден И.)*;

- топ мүшелері мен жақсы адамдарға басшылық жасайтын тұлға *(Фиельдер Ф.Е., Чемерс М.М.)*;

- топтағы мүшелердің өзара әрекеттесуі нәтижесінде ұсынылатын топтың бір мүшесі, ол топтық құнды бағдарлар мен ережелерді сәйкестендіре келе, өзінің айналасында топты құрайды және топтық мақсаттарға жету үшін осы топтың ұйымдастырылуына себепші болады. Лидер - топқа жетекшілік жасайды, ұйымдастырады, жоспарлайды және топтағы басқа мүшелерге қарағанда аса жоғары деңгейдегі белсенділікті таныта алады, топтың жұмысын басқарады *(Жеребова Н.С.)*;

- маңызды жағдайларда топтың қалған мүшелеріне айтарлықтай ықпал ету қабілетіне ие топ мүшесі *(Давлетова А.И.)*;

- кіші топ мүшелерінің бір адамның беделін, билігін және өкілеттілігін сөзсіз мойындауы және оның артынан жүруге дайындығы *(Немов Р.С.)*;

- халықтың немесе белгілі бір әлеуметтік топтың мақсат-мүддесін толық сезініп, қорғай білетін, бойына саяси қайраткерге лайықты қасиеттерді жия білген адам. Лидер алға қойған мақсатқа жету үшін белгілі бір әлеуметтік ортада адамдардың күш-жігерін біріктіріп, іс-әрекетін қоғам мүддесіне сай жүргізеді. Лидерге алғырлық, ақылдылық, қажырлылық, ұйымдастырушылық, жұртқа жағымдылық, сондай-ақ өзіне жауапкершілік ала білу және іскерлік таныта білушілік т.б. қасиеттер мен қабілеттер тән. Кез келген тарихи кезеңде, қоғамдық-саяси өмірде лидер аса беделді тұлға тұрғысынан танылады *(Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: педагогика )*;

- топ ішіндегі бір адамның өзінің белгілі жағдайларда басым келген шешім қабылдау құқығымен топ мүшелері арасында танымал болып, қабылдануы *(Сәбет Бап-Баба)*;

- көпшілікке қадірлі, ұжымда жетекшілік міндетті өзіне алатын адамдар *(Егенисова А.Қ.)*.

Сонымен, лидер түсінігінің жан-жақтылығы мен көпқырлылығына байланысты оның дәл нақты, бірегей жауабын тауып айту қиын. Әйтседе, біз де өз зерттеу объектіміз тұрғысынан жоғарыда аталған ұғымдарды талдап, нақтыладық.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Ашин Г.К. Критика современных буржуазных концепций лидерства.- М.: Мысль, 1978. - 135 с.

2 Fairholm G.W. Values Leadership. Toward a New Philosophy of Leadership. - N.Y., 1991. – P. 74-80.

3 Кудряшова Е.В. Лидерство как предмет социально-философского анализа: автореф. … док.филос. наук. – М., 1996. – 50 с.

4 Stogdill R.M. Handbook of Leadership. A survey of theory and research. - N.Y., 1974. – 362 p.

5 Bogardus E. Leaders and Leadership. -New York, 1934. - 138 p.

6 Менегетти А. Психология лидера / пер. с итальянского А.Пиколаева. - Изд. 2-е испр. и доп. - М.: МГУП, 1999. – 144 с.

7 Питер Ф. Друкер. Рынок: как выйти в лидеры: Практика и принципы. -Букчембэр: Интернейшел,1992.- 332 с.

**Резюме**

В статье рассматривается о понятиях «лидер», «лидерство» и «лидерское качество».

**Summary**

The article deals with the concepts of "leader", "leadership" and "leadership quality".

## БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Сеитова И.,**
ШТжІКУ, магистрант

*Мақалада болашақ мамандардың ақпараттық технологиялар арқылы коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ерекшеліктері туралы қарастырылады.*

***Түйін сөздер:*** *болашақ маман, ақпараттық технология, коммуникативтік құзыреттілік, ақпараттандыру.*

Қазіргі замандағы кәсіби білім беру негізгі екі жағдайда, атап айтқанда, ақпараттандыру мен жетілдіру жағдайында дамып отыр. Егер оны «ақпарат» атты жалпы ғылыми категориясыз қарастыратын болсақ, онда қазіргі замандағы болмыс біржақты әрі толық болмаған болар еді. Бүгінгі күні адамның әлеуметтік-экономикалық іс-әрекеттері оны жүзеге асыруға қажетті білімдер көлемінің шұғыл өсуімен қиындап, күрделеніп отыр. Демек, бүгінгі уақытта білім беруді ақпараттандыру постиндустриалдық қоғамның интеллектуалдық базасын құрудың міндетті шарты болып табылады.

Болашақ мамандардың ақпараттық технологияларды пайдалану мүмкіндіктерін жетік меңгеріп, қоғам сұранысына жауап беретін, бәсекеге қабілетті, коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан, ақпараттық мәдениет пен ақпараттық сауаттылығының жоғары деңгейін қамтамасыз ету көзделеді.

Білім беруді ақпараттандырудың заманауи сатысы үлкен сыйымдылықтағы, тез әрекет ететін тасушылары бар, жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды, мультимедиалық технология мен виртуалдық шындық жүйесі бар күшті жеке компьютерлерді қолданумен сипатталады. Ақпараттандыру үдерістерін, оның себептері мен әлеуметтік салдарын философиялық түсінуге бүгінгі күні ерекше назар аударылатыны өте маңызды.

Бүгінгі таңда білім беруді ақпараттандырудың көптеген әрі әртүрлі міндеттерін атауға болады: оқу үдерісінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану негізінде мамандарды даярлаудың сапасын көтеру; оқытудың белсенді әдістемелерін қолдану; оқу әрекеттерін интеллектуалдық және шығармашылық құрайтындарды көтеру; білім беру әрекеттерінің әр түрін (оқулық, зерттеушілік) кіріктіру; ақпараттық және коммуникациялық технологияларды білім алушының танымдық әрекеттерін белсендіру мен мотивациясын көтеруге ықпал ететін оның жеке ерекшеліктеріне сай бейімдеу; қашықтан оқытудың технологиясын жасау; оқыту үдерістерін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру; болашақ педагог мамандарды кәсіби, арнайы дайындау үдерісінде оқытудың ақпараттық технологияларын енгізу.

Компьютерлендіру ақпараттарды іздеу мен қайта өңдеу құралдарын жетілдіруге бағытталған; медиатизациялау ақпараттарды жинау, сақтау мен тарату құралдарын жаңартудан тұрады; ал интеллектуалдандыру ақпараттарды тудыру мен қабылдауға деген адамдардың білімдері мен қабілеттерін дамытумен, қоғамның интеллектуалдық әлеуетін көтерумен және жасанды зерде құралдарын қолдану үшін мүмкіндіктерді жасаумен байланысты болады.

Компьютерлендіру үдерісі басқа екі үдерістен басым болғандықтан «ақпараттандыру» түсінігінің өзін көбінесе компьютерлендірумен теңестіреді, бірақ та жоғарыда айтып кеткендей, бұл терминді бұлай түсіну толық емес әрі бір жақты болып табылады. Еліміздегі білім беруді ақпараттандыру үдерісі өз жолында бірнеше, арнайы кедергілерді, мәселелерді кездестірді, солардың ішінен ақпараттармен жұмыс істеу тәсілдерінің есептеу техника құралдары мүмкіндіктеріне сай келмейтін инфрақұрылымдардың тиісті дәрежеде дамымауын, ұйымдастырушылық мәселелер мен кадрлық мәселелерді атауға болады.

Білім беруді ақпараттандыру бүкіл білім беру үдерісін қамтитын маңызды фактор болып табылады. Оның дәстүрлі ұстанымдарымен қатар ақпараттық технологияларды жекелендіру, ақпараттық ағымдардың көп каналдығы, ақпараттық өнімдер мазмұндарын әмбебаптау мен қолдану ұстанымдары да маңызды орын алып отыр. Жекелендіру ұстанымы электрондық

өнімдермен білім алушылардың жеке жұмыстары үшін жағдай жасауды, түсінікті пайдаланушылық интерфейсті қолдануды, әртүрлі деңгейдегі оқытушылар құрамының болуын білдіреді.

Ақпараттық ағымдардың көп каналдығы ұстанымы дегеніміз – көру, есту сияқты қабылдаудың әр түрлі каналдарына сүйену арқылы ақпаратты беру. Бұларға мәтіндерді, графиктерді, аудио және бейнематериалдарды, сызбалар мен кестелерді қолдану жолдарымен қол жеткізуге болады.

Байланыстың ақпараттық өнімдері мазмұндарын әмбебаптау мен қолдану ұстанымдары – бұл логикаға, интерфейске, құрылымға деген жалпы әдістерді жасау, бір бағдарламалық өнімнен екінші бағдарламалық өнімге оңай көшуді жасау мақсатында электрондық материалдар компоненттерінің жиынтығын құрастыру, сондай-ақ назарды материалдардың сыртқы әсерлері, оны қабалдау формасына емес, оның мазмұндарын қабылдауға бағыттау болып табылады.

Білім беру үдерісін ақпараттау үдерісі екінші маңызды үдеріс – модернизациялаумен қатар жүреді. Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес білім беруді модернизациялаудың мақсаты – білім беру жүйесін дамытудың тұрақты механизмін жасау. Экономиканы және әлеуметтік саланы, ғылым, техника мен технологияны, еңбектің федералдық және аумақтық рыноктарын дамытудағы сұраныстары, сондай-ақ оларды дамытудың болашақтағы қажеттіліктері білім беруді модернизациялаудың негізгі факторлары болып табылады. Білім берудің көп деңгейлік жүйесін құру, түлектерді еңбекке тартуға көмек көрсетудің тиімді жүйесін жасау, жұмысты таңдау мәселесі бойынша, сондай-ақ өз ісін ашуға қатысты өзінің дайын екендігін қалыптастыру модернизациялаудың нәтижелері болуы керек.

Білім беруді модернизациялаудың басым бағыттарының бірі – оның барлық сатыларына ақпараттық технологияларды енгізу. Білім беру ұйымдарында оқыту үдерісінің сапасын жақсартуды қамтамасыз ететін және жоғары оқу орындарындағы ғылымға демеу көрсететін ғаламтордың ғаламдық желісіне және жергілікті ақпаратты тораптарға қосу, жоғары оқу орындарын заманауи аспаптармен, құралдармен және материалдармен жабдықтау керектігі нақты көрсетілген.

Білім беру мен ақпараттық кеңістіктің кеңеюі, адам білімі көлемінің тез өсуі – болашақ маманның, сондай-ақ педагогтың кәсіби әрекеттерге деген дайындығына қатысты көзқарастарды өзгертуге әкеледі. Ал кәсіби құзыреттіліктің негізі саналатын коммуникативтік құзыреттілік десек, ол бүгінгі күні осындай дайындықтың көрсеткіші болып табылады.

Коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан болашақ бастауыш сынып мамандары кәсіби мәселелерді өздігінен әрі табысты түрде шешуге ықпал ететін кәсіби білімдерді игерген, шеберліктер мен қарым-қатынас жасаудағы жеке қасиеттерді бойына сіңірген, ақпараттық технологияларды меңгерген өздігінен, кәсіби жетілуге дайын, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жүзеге асыруға ынталы тұлға болуы тиіс.

Сауатты педагог өзінің ақпаратқа зәру екенін түсінуі керек, оны нақты шешім қабылдау үшін ұқсастыра білуге, таратуға, бағалауға және тиімді қолдана білуге қабілетті болуы керек. Ақпараттық мәдениет ақпараттық әрекеттерге деген қызығушылықта, оның білім алу үдерістеріндегі маңызды рөлін түсінуде, ақпараттар көздерін саналы түрде таңдай білуде және оларды өңдеудің алгоритмдерін меңгеруде, дәстүрлі, электрондық, желілік және басқа да ақпараттық қорларды кешенді қолдануда, өзін ақпараттарды тасушы және таратушы ретінде сезіне білуде, белсенді ақпараттық мінез-құлықта байқалады.

Сонымен, коммуникативтік құзыреттілік педагогикалық іс-әрекеттерге деген дайындықты заманға сай түсіндірудің негізгі түсінігі болып табылады. Коммуникативтік құзыреттілік – көп аспектілі, кең түсінік. Коммуникативтік құзыреттілік – маман ретіндегі педагог үшін «адам-адам» аясындағы кәсіби құзыреттіліктің маңызды құрамдастарының бірі болып табылады, өйткені педагогикалық әрекеттердің негізінде коммуникация жатыр.

Бүгінгі күні «коммуникативтік құзыреттілік» түсінігі әртүрлі ғылымдармен: педагогикамен, психологиямен, лингвистикамен және информатикамен кіріктіріле қарастырылып отыр. Әр ғылым шеңберінде бұл түсінікті түсіндіруге деген әртүрлі жолдарды атауға болады.

Кәсіби педагогикалық білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану оған қатысушылардың: оқытушылар мен білім алушылар коммуникация ерекшеліктерінде де із қалдырады. Сөйтіп, коммуникативтік құзыреттілікті дәстүрлі түсіндіру өзгертіліп, кеңейе түседі. Ол үшін:

- біріншіден, педагогтар коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін ақпараттық технологияларды кеңінен қолдана білуі керек, өйткені кәсіби әрекеттерді ақпаратсыз іске асыру мүмкін емес;

- екіншіден, коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін ақпараттық технологияларды қолдану арқылы болашақ мамандарды даярлауды қазіргі заман сұранысына жауап беретін тұрғыда іске асыру қажет.

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру үдерісіндегі болашақ мамандардың субъектілік бағыты оған өзінің болашақтағы кәсіби әрекеттерін толығымен қабылдап, оларды практикалық қайта өңдеу пәніне айналдыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ мұндай бағыт болашақ маманға өзінің жеке мүмкіндіктерін, болашақта тұлғалық өсуін саналауға ықпал етеді, білім алушыны шығармашылық ізденіске итермелейді. Субъектілік бағыттың маңызы кәсіби білім берудің қазіргі жағдайында аса үлкен, өйткені педагогқа да, кәсіби әрекеттердің кез келген субъектісіне де ең жоғары талаптар қойылады: ол сан алуан кәсіби мәселелерде тез бағдар алуы керек, қажет болғанда өз әрекеттері саласын өзгертуі, өз мамандығын үнемі жетілдіріп отыруы керек. Субъектілік бағыт аспектілерінің бірі мотивация, оның болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы маңызы өте зор. Әдетте мотивация қандай да бір әрекеттер нәтижелеріне жетуге ықпал ететін қозғаушы күш ретінде түсіндіріледі. Сан алуан мотивтердің ішінен көбінесе сыртқы және ішкі мотивтер ғана аталады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1 Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.

2 Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру 2002-2004 жылдарға арналған тұжырымдамасы. – 2001.

3 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан жоғары мектебі. - 2004. - № 1. – Б. 9.

4 Педагогика большая современная энциклопедия. – Минск, 2005.- 720 с.

5 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 2002.- 720 б.

6 Философиялық сөздік. - Алматы, 1996. – 525 б.

7 Гегель Г. Философские сочинении. – М., 1959. – Т. 9. – 457 б.

8 Аристотель // Соч.: в 4 т. - М., 1975. - Т. 1. – 356 б.

9 Рассел Б. Воздействие науки на общество / пер. с англ. В.Онышко. — М.: Изд-во иностранной литературы, 1952 - 76 б.

10 Лейбниц Г.В. Адамның ойлануы туралы жаңа тәжірибелер. Жаңа дәуір философиясы. – Алматы: Жазушы, 2006. – 510 б.

11 Локк Дж. Сочинения: в 3 т. – М.: Мысль, 1988. – Т. 3. – 668 с.

**Резюме**

В статье рассматривается об особенностях формирования коммуникативных компетенции посредством информационных технологий будущих специалистов.

**Summary**

The article deals with the features of the formation of communicative competence through the information technologies of future specialists.

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА КӘСІПТІК ДАЯРЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Акан Г.,**
Шет тілдер және іскелік карьера университеті, магистрант

*Мақалада жоғары оқу орындарында кәсіптік даярлықты қалыптастыруда ағылшын тілін оқытудың ерекшеліктері туралы қарастырылған.*

***Түйін сөздер:*** *ЖОО, кәсіптік даярлық, ағылшын тілі, оқыту, ерекшеліктері.*

Жоғары оқу орындарында оқыту, ағылшын тілін оқыту үдерісі педагогика, психология, лингвистика ғылымдарының педагог-зерттеушілерінің жетекші, озық, дәстүрлі идеялары мен тұжырымдары негізінде, бүгінгі күн талабына сай тікелей байланыста жүзеге асады.

Студенттердің кәсіптік даярлығын қалыптастыруда жоғары оқу орындарында «ағылшын тілін оқыту» ұғымының мәнін ашып, нақтылау үшін алдымен тіл ұғымына тоқталсақ, «Тіл – ішкі және сыртқы әлемнің ортасында орналасқан әлем. Тілдің адамға нақты және негізгі әсері оның күшті ой күшімен шартталады. Ой әрекеті мен тіл екеуін де қанағаттандыратын форма тудырады. В.Гумбольд сыртқы әлемге халықтың мәдениеті, рухани өмірін жатқызса, ішкі әлемге – сөйлеушінің субъективті белсенділігі, көмегі арқылы жүзеге асатын адамның бастапқы тілдік қабілетін жатқызған. Тіл – тұтас бір елдің сипаттамасы, рухани көрінісі, мәдениеті, тарихын сипаттайды. Олай болса, тіл – сөйлеу құралы ғана емес тұтас бір елді таныстыратын танымдық құрал.

Сөйлеу әрекетінің пайда болу процесінің күрделі жағдаяттарында көптеген альтернативалардан қажетті сөйлеу компоненттерін саналы таңдау «ақыл-ой әрекеттері» арқылы жүзеге аса алады.

Бұл шетел тілінде сөйлеуде білім, іскерліктер мен дағдыларды меңгеру үдерісін қалыптастыруда, тіл үйренушінің интеллектуалды дамуы, оқушының танымдық белсенділігін арттыру П.Я. Гальпериннің ақыл-ой әрекетін сатылап қалыптастыру теориясында көрініс тапқан. Мұнда тілдік мағына, ұғымдардың қалыптасу үдерісін біртіндеп қадағалау барысында оқушылардың жаңа білім, үлгі, түсініктерді меңгеруіне қатысты күрделі, көпжақты өзгерістерді басқарып отыруға мүмкіндік туады.

П.Я. Гальперин ақыл-ой әрекеттерін, үлгілер мен ұғымдарды кезеңдеп қалыптастырудың: сыртқы заттық әрекеттен ішкі, ой әрекетіне, интеллектуалды әрекеттерге көшуінің алты деңгейін қарастырған. Алғашқы міндетті кезең ретінде П.Я. Гальперин мотивацияны қарастырады; екінші кезеңде әрекеттің бағдарлы негіздерінің схемасы жасалады; үшінші кезеңде әрекеттің бағдарлы негіздерінің схемасына сүйене отырып әрекет жүзеге асырылады; төртінші кезеңде әрекеттің мазмұны сөйлеу арқылы орындалады; бесінші кезеңде «ішінен айту» болса; алтыншы кезеңде интеллектуалды, ой әрекетінің қалыптасуы жүзеге асады. Әрине материалды меңгеру, игеру ең біріншіден, тіл үйренушінің жеке, өздік белсенділігіне байланысты. Ұсынылған теория ағылшын тілін оқытуда нақты, белгілі жұмыс түрін жүргізуге бағыттайды және студенттің білім, біліктіліктерін меңгеруі сыртқы әрекеттің ішкі ақыл-ой әрекетіне кезең-кезеңмен жүзеге асуы арқылы қалыптасады.

Әлемде ағылшын тілін оқыту 2000 жылдан аса уақыт сәтті жалғасып келеді. Ағылшын тілін оқытудың кейбір аспектілері әлі де көп өзгере қойған жоқ. Алайда, қоғамдағы ақпараттық, технологиялық өзгерістер, білімдегі технологиялық өзгерістер тілді оқытуды үнемі өзгерту мен жаңартуға себеп болады.

Жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқыту ерекше мәнге ие, өйткені «Ағылшын тілі әлемде бірінші орында, халықаралық деп танылған, бизнес, ғылым мен білім, саясаттың, маңызды кездесулер мен халықаралық конференциялар тілі».

М.А. Хасман «Ағылшын тілінің 21 ғасырдағы рөлі» атты мақаласында «Ағылшын тілінің сөз қоры, грамматикалық жүйесі, сөйлеу жолы, жазылуы әлемдегі технологиялық, ғылыми даму, экономика мен басқару, әдебиет жанрларының дамуымен қоса дамып отыр. 1500 жыл бұрын ағылшын тілі Англияны басып кірген герман тайпаларының тұрпайы тілі болса, бүгінде әлемдік тіл деңгейіне көтеріліп отыр» деп көрсеткен. Ағылшын тілінің әлемдік таралуына үш фактор әсер етеді: ағылшын тілінің ғылым, технология, коммерцияда кеңінен қолданылуы; сөз қорын басқа тілден енгізе алу бейімділігі; ағылшын тілінің түрлі диалектілерінің қолдануға бейімділігі. Оған қоса ағылшын тілі Американдық, Ағылшындықтардың, Канадалық, Үндістандық, Австралиялық диалектілерге бөлінеді, сондықтан, ағылшын тілін қолдануда әр мемлекет тілдің қолданылуы мен сөз қорына өз елінің мәдениетінің аспектілерін енгізуіне болады.

Қазақстан Республикасында «Тілдердің үштұғырлылығы» мәдени жобасында мемлекеттік тілмен (қазақ тілі) және орыс тілімен қатар ұсынылған үш тілдің бірі – ағылшын тілі. Жобаға сәйкес, жоғары оқу орындарында «жаһандық экономикаға кірігу тілі – ағылшын тілін жетік меңгерген ішкі, сыртқы еңбек нарығында құзіретті тілдік тұлғаны қалыптастыру және әлеуметтік интеграция, мемлекеттің сыртқы функциясын қалыптастыра алатын мемлекеттік қызметкер дайындау» көзделген.

Жоғары оқу орындарында шетел тілін оқытуда ескеретін бірнеше ерекшеліктер бар.

Шетел тілін пән ретінде оқытуда кездесетін ерекшеліктердің бірі тіл үйренушілердің пәнге күрделі, қиын пән ретінде, жоғары оқу орнында меңгеру мүмкін емес деген субъективті қатынасы болып табылады. Шетел тілі, оның ішінде ағылшын тілі И.А. Зимняяның айтуынша «күнделікті, жүйелі жұмысты талап етеді. Сондықтан студенттің нақты белгіленген мақсаты, пәнге ерекше мотивациясы болуы керек. Студент басқа пәндерді меңгеру барысында, тілді ғылымды бойына сіңіру құралы ретінде пайдаланса, шетел тілдерін үйрену барысында тілдік қарым-қатынастың әлдеқайда жеңіл жолдары мен тәсілдерін біртіндеп меңгеру арқылы сол тілдің көмегімен әлдеқайда күрделі міндеттерді шешуге ұмтылады».

Жоғары оқу орындарында шетел тілін оқытудағы ерекшеліктерінің бірі «пәнсіздік». «Дүниедегі құбылыстардың барлығын басқа пәндер қарастырса, ана тілінің көмегі арқылы адам сол құбылыстардың барлығын меңгереді. Ағылшын тілін меңгеру тіл үйренуші үшін қатысымдық тұрғыда қарастырылады».

«Шексіздік» жаңа сөйлеу материалдарын меңгере отырып, студенттің сөйлеу шеберліктерін үнемі дамытып, жетілдіріп отыруына мүмкіндік береді. Ағылшын тілін үйрену барысында мақсат қойылады және қарым-қатынасты меңгеру мақсатына кешенді түрде қол жеткізіледі, өйткені сөз қоры, грамматика, оқу дағдысы бірінсіз бірі қызмет ете алмайды. Оған қоса, студент шетел тілінде сөйлеп қана қоймай, барлық саладан хабардар болуы керек және қарым-қатынастың бағдарлама ұсынған талаптарына жауап беру үшін сөз қорын, грамматикалық ереженің барлығын білуі керек. «Барлығы» лексикалық, стилистикалық тұрғыдан алғанда шексіз. Осы тұрғыдан алғанда шетел тілін үйрену шексіз құбылыс.

«Әр тектілік» шетел тілінің жүйесі, шетел тілінің сөйлеу әрекеттері, шетел тіліндегі қарым-қатынас және тіл үйренушінің сөйлеу қабілетімен тікелей байланыста. Оқу материалын іріктеуде аталған құбылыстарды ескеру қажет.

Шетел тілінің пән ретіндегі ерекшеліктерінің бірі, ана тілінде қалыптасқан когнитивтік функциясы шетел тілінде қалыптасса, қатысымдық функция жүзеге асады. Бұл функцияларды шетел тілінде меңгеру үшін, ерекше мотивация және шетел тілін мәдениаралық қарым-қатынас құралы ретінде меңгерудің жеке маңыздағы мотивтерін күшейту қажет.

Оқытудың қатысымдық бағыттылығы шетел тіліндегі қарым-қатынасқа түрлі интеллектуалды және практикалық әрекеттер арқылы оқытуда көрінеді. Сабақтарда сөйлеуге бағытталған жаттығулар мен тапсырмалар орындалады. Бұл мәтінмен жұмыс, әңгіме жүргізу, талқылама жасау т.б. жұмыстар болады.

Оқытудың саналылығы тілдік құралдарды пысықтау және шетел тілінде алғашында ойды саналы әрекет ретінде қалыптастыру мен жүйелеу; одан кейін саналы бақылау деңгейіне ауысу болып табылады. Оқытудың саналылығы қандай-да бір тапсырмаларды орындау қажеттілігін студенттерге жеткізе білу де болады. Бұл оқытудың тиімділігін арттырады.

Шетел тілін оқытуда тіл үйренушілердің ана тілінде қалыптасқан білім, дағды, шеберліктеріне сүйену қажет. Бұл мәтіннен негізгі ойды анықтау, түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу, ішкі сөйлеуді сыртқы сөйлеуге ұластыра білу, ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениеті т.б.

Оқытудың қарқындылығы оқытудың түрлерін, әдістері мен тәсілдерін анықтауда адамның белсенді әрекетінің сипатын ескеру; оқытудың түрлері мен тәсілдерін жасауда тұлғаның әрекет пен мотивациялық-эмоционалды аясы жайында пікірі және оның психикасын ескеру болып табылады.

Оқу әрекетінің аталған компоненттерін білу және саналы меңгерту студенттердің шеттілдік құзіретін қалыптастыруға ықпал етеді, яғни, шетел тілін меңгеру жолдарын, тіл үйренушілердің дағдылар мен шеберліктерді өздігінен игеру мен дамыту әдістерін психологиялық, лингвистикалық тұрғыдан қалыптастыру болып табылады.

Жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқыту стратегиясын анықтаушы оның мақсаты болса, мақсат дегеніміз қомақты міндеттің орындалуының көрінісі, тіл үйренушінің белгілі бір деңгейде сөйлеп шығуы. Ағылшын тіліне оқытудың тәжірибелік, тәрбиелік және білімдік, дамытушылық мақсаттары тілді оқытуда студенттердің жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Тәжірибелік мақсат – ағылшын тілін оқыту құралы ретінде меңгеру және оның барысында оқу материалын нақты ұйымдастыру, белгілі міндеттерге жетелейтін қажетті құралдармен жабдықтау, ауызша және жазбаша қарым-қатынасты жүзеге асыру болып табылады.

Жоғары оқу орындарында студенттерге ағылшын тілін жалпы білім беру пәні ретінде оқытуда тәжірибелік мақсат, студенттің кәсіптік тілдік материалды игере отырып, ауызша және жазбаша сөйлеу: сөйлеуді түсіну және шетел тілінде сөйлеу, оқу, жазу дағдылары мен

шеберліктерін ұтымды қолдана білуі арқылы жүзеге асады. Бұл-студенттің ақпаратты қабылдай, өңдей және бере алу қабілеті болып табылады.

Ағылшын тілін оқыту және үйрену барысында тіл үйренушінің жеке басының ойлау қабілеті мен адами қасиеттерінің қалыптасуына, танымдық белсенділігін арттыруға тәрбиелік мақсат қол жеткізеді. Ю.К. Бабанский бойынша «Объективті түрде оқыту белгілі көзқарастар, сенім мен қарым-қатынас, жеке адам қасиеттерін тәрбиелемеуі мүмкін емес. Тәрбиелік мақсаттың мәні, осы объективті мүмкін болатын процеске белгілі мақсаттылық пен қоғамдық маңыз беруінде».

Жоғары оқу орындарында ағылшын тілін жалпы білім беру пәні ретінде оқытуда студенттің мәдениетімізді, рухани- тарихи құндылықтарды, әлемдегі ғылыми жетістіктерді бағалай білуін, өзара қарым-қатынас, танымдық белсенділігі, шығармашылдығы, шетел тілін меңгеруге саналы көзқарасын қалыптастыру тәрбиелік мақсатты жүзеге асыру болып табылады.

Ағылшын тілін оқыту білімдік мақсатты да жүзеге асырады – тіл үйренушінің филологиялық ой-өрісін кеңейтеді, адами, интеллектуалдық қабілеттерін дамытады. Л.В. Щербаның айтуынша, шетел тілін үйренуші оны ана тілімен салыстыра отырып ойды білдірудің басқа тәсілдерін сезінеді. Шетел тілін оқу арқылы тіл үйренушінің шетел тілінде де, сонымен қатар ана тілінде де ой-пікір білдіру мәдениетін қалыптастырады.

Жоғары оқу орындарында ағылшын тілін жалпы білім беру пәні ретінде оқытуда білімдік мақсат студенттің тілді қоғамдық құбылыс ретінде дұрыс қабылдауын қарастырады. Кәсіптік бағытта түпнұсқадағы арнайы әдебиет көзімен, түрлі елтанымдық тақырыптармен жұмыс істеу студенттің ойлау өрісін кеңейтуге, ақпаратты шынайы бағалау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Ағылшын тілі арқылы оқушы әлемдік мәдениет құндылықтары ақпараттарына, «әлеммен танысуға» мүмкіндік алады, ағылшын тілінде сөйлейтін елдердің тарихы, ғылымы, әдебиетімен танысады.

Жоғары оқу орындарында ағылшын тілін жалпы білім беру пәні ретінде оқытуда дамытушылық мақсатқа студенттің интеллектуалдық белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін, ойлау, өздігінен сыни, логикалық ойлау шеберліктерін, қатысымдық мүмкіндіктерін, танымдық қабілеттерін дамыту арқылы қол жеткізіледі.

Ағылшын тілінің пән ретіндегі ерекшеліктерінің бірі оқыту мазмұнының функционалдығы болып табылады. Жоғары оқу орындарында шетел тілін оқытудың мазмұнын анықтау өзекті мәселелердің бірі. Әлеуметтік тапсырыс оқыту мақсаты арқылы оқыту мазмұнын да өзгертіп отырады. Себебі оқыту мазмұны қоғамдағы өзгерістер мен әлеуметтік, ғылыми жетістіктерге, кәсіптік бағыттағы қызығушылықтарға негізделе отырып, тұлғаның кәсіптік бағытта дамуына ықпал етуі керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Адильгазинов Г.З. Теоретические основы совершенствования подготовки учителя к управлению педагогическим процессом в малокомплектной школе: автореф. … докт. пед. наук. – Алматы, 2002. – 43 с.

2. Беркімбаев К.М. Болашақ экология мамандарын кәсіби даярлаудағы информатикалық пәндерді оқыту үдерісінің педагогикалық жүйесі: пед. ғыл. докт. ... автореф. – Түркістан, 2006. – 48 б.

3. Бурдина Е.И. Теория и практика развития творческого потенциала педагогов в системе непрерывного многоуровневого педагогического образования: дис. ... докт. пед. наук. – Караганды, 2007. – 322 с.

4. Ибышев Е.С. Организационно-педагогические основы подготовки студентов экономических специальностей в условиях дистанционно-кредитной технологии обучения: дис. … докт. пед. наук. – Астана, 2008. – 310 с.

5. Егоров В.В. Организационно-педагогические основы подготовки инженера-педагога для профессионально-трудового обучения учащихся: дис. ... докт. пед. наук. – Алматы, 1995. – 376 с.

6. Жетписбаева Б. А. Теоретико-методологические основы полиязычного образования: автореф. … докт. пед. наук. – Караганда, 2009. – 44 с.

7. Жолдасбекова С.А. Жоғары оқу орнында болашақ еңбек технологиясы және кәсіпкерлік мұғалімін кәсіби даярлаудың теориясы мен практикасы: пед. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2006. – 41 б.

8. Жұматаева Е. Жоғары мектеп дидактикасы дамуының ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2003. – 51 б.

9. Каргин С.Т. Влияние профессионального взаимодействия в вузовском педагогическом процессе на качество подготовки будущих учителей: автореф. ... дот. пед. наук. – Алматы, 2000. – 42 с.

**Резюме**

В статье рассматривается об особенностях обучения будущих специалистов английсскому языку в вузах.

**Summary**

The article deals with the peculiarities of training future English language specialists in universities.